

Date Printed: 11/18/2008

---

JTS Box Number: IFES\_6  
Tab Number: 10  
Document Title: Civic Education Textbook, Civic  
Education: Basic Course 1st Edition  
Document Date: 2002  
Document Country: Kazakhstan  
IFES ID: R01715



\* 7 1 6 5 2 C D 3 - 4 7 D 0 - 4 5 9 2 - B F 4 7 - D 6 4 2 4 D 5 0 1 0 2 9 \*

**International Foundation for Election Systems (IFES)**

**Final Project Report**

**REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**October 1, 1997 – September 30, 2002**

**USAID Cooperative Agreement EE-A-00-97-00034-00**

**Civic Education Textbook**

**“The Civic Education: Basic Course”, 1<sup>st</sup> edition (in Kazakh)**

**Азаматтық білім  
негіздері:  
бастаушыларға арналған  
оқулық**

Даындаған  
Джулиана Геран Пилон,  
Халықаралық Сайлау жүйелері Қорының (IFES)  
Еуропа және Азияға арналған бағдарламаларының  
Директоры

Азаматтық білім  
негіздері:  
бастаушыларға арналған  
оқулық

Дайындаған  
Джулиана Геран Пилон,  
Халықаралық Сайлау жүйелері Қорының (IFES)  
Европа және Азияға арналған бағдарламаларының  
Директоры

<b>Кіріспе: Азаматтық білім берудің мақсаттары</b>	-	<b>4</b>
<b>I тарау: Кейбір өзекті экономикалық ұғымдар.</b>		
<b>    Меншік және экономикалық өсу.</b>	-	<b>5</b>
(1.) Меншік	-	<b>5</b>
(2.) Ынталандыру	-	<b>6</b>
(3.) Ұжымдасу	-	<b>7</b>
(4.) Экономикалық өсу	-	<b>8</b>
(5.) Микроэкономика концепциялары	-	<b>9</b>
(6.) Макроэкономика концепциялары	-	<b>11</b>
(7.) Жеке алынған елге тән экономикалық проблемалар	-	<b>12</b>
<b>II тарау: Отбасы</b>	-	<b>13</b>
(1.) Отбасының түрлері	-	<b>13</b>
(2.) Отбасының қызметі	-	<b>14</b>
(3.) Отбасы және меншік	-	<b>14</b>
(4.) Этикалық құндылықтар және отбасылық құқық	-	<b>16</b>
(5.) Жеке алынған елге тән отбасы мәселелері	-	<b>17</b>
<b>III тарау: Мемлекеттің шығуы</b>	-	<b>18</b>
(1.) Заңдылық және мемлекет	-	<b>18</b>
(2.) Ұлтшылдық	-	<b>21</b>
(3.) Революция	-	<b>23</b>
(4.) Жеке алынған елге тән ұлттық мәселелер	-	<b>24</b>
<b>IV тарау: Саяси жүйе үлгілері</b>	-	<b>25</b>
(1.) Ұлтішілік саяси жүйелер	-	<b>25</b>
(2.) Ұлттық үкіметтер, олардың бірыңғай (унитарлық) және федералдық түрлері	-	<b>26</b>
(3.) Саяси билік формалары	-	<b>27</b>
(4.) Ұлттан тысқары саяси жүйелер	-	<b>28</b>
(5.) Жеке алынған елге тән мәселелер	-	<b>29</b>

<b>Ү тарау: Үкіметтің құрылымы</b>	-	<b>30</b>
(1.) Тирания және билікті басып алу	-	<b>30</b>
(2.) Биліктер теңдестігі	-	<b>31</b>
(3.) Сайлау жүйелері және олардың салдары	-	<b>32</b>
(4.) Саяси партиялар және басқа саяси қатысушылар	-	<b>39</b>
(5.) Жеке алынған елге тән үкімет құрылымы	-	<b>41</b>
<b>ҮІ тарау: Заң үстемдігі</b>	-	<b>42</b>
(1.) Конституция	-	<b>42</b>
(2.) Бостандық, тәртіп және теңдік	-	<b>43</b>
(3.) Заңдық дәстүрлер: жалпы құқық, азаматтық құқық, діни құқық	-	<b>44</b>
(4.) Халықаралық құқық	-	<b>47</b>
(5.) Жеке алынған елдің құқықтық құрылымы	-	<b>47</b>
<b>ҮІІ тарау: Азаматтық қоғам</b>	-	<b>48</b>
(1.) Азаматтық қоғамның анықтамасы	-	<b>48</b>
(2.) Азаматтық және демократия	-	<b>50</b>
(3.) Мүдде бойынша бірлестіктер және саяси процесс	-	<b>52</b>
(4.) Коммерциялық емес немесе түсімсіз ұйымдар	-	<b>53</b>
(5.) Бұқаралық ақпарат құралдары	-	<b>54</b>
(6.) Дін және азаматтық қоғам	-	<b>55</b>
(7.) Жеке алынған елдегі азаматтық қоғам	-	<b>57</b>
<b>ҮІІІ тарау: Белсенділік таныту жолдары</b>	-	<b>58</b>
(1.) Дауыс беруге байланысты құқықтар мен міндеттер	-	<b>58</b>
(2.) Саяси қатысу	-	<b>60</b>
(3.) Өзіңе және өзгеге жәрдемдес	-	<b>61</b>
(4.) Сауал қою	-	<b>65</b>
<b>Қорытынды: Арнайы жобалар бойынша ұсыныстар</b>	-	<b>65</b>
<b>Жиі қолданылатын саяси-экономикалық терминдердің түсіндірме сөздігі</b>	-	<b>66</b>

# 1. Азаматтық білім берудің мақсаты

Азаматтық білім идеясы азаматтық қоғам идеясының өзі тәрізді сонау ерте заманнан бері кел жатыр. Әңгіме бұл жерде сол қоғамның мүшелерін үйлесімді өмір сүруге баулу мақсатындағы тәрби туралы екенін айта кетейік. Бүгінгі таңда, яғни түрлі қауіп пен қатер тудырып отырған, бірақ сонымен бірге әсерлірек және қызығы да мол, қайрат пен белсенділікті бұрынғыдан гөрі көбірек қажет ететін қазіргі заман жағдайында, аталмыш идеяның мән-маңызы барынша жоғары болып отыр. Қоғамның белсендідігі игілік өндіруші мүшесі болу үшін, яғни ел өмірінде де болып жатқан күрделі экономикалық, саяси және әлеуметтік оқиғаларға қоян-қолтық араласа өмір сүру үшін, бізге қандай талап қойылатынын, өзіміз ғұмыр кешіп жатқан дүниенің қандай екенін, көңіліміз нені қалап, неге ұмтылғанымыз абзал екендігін білуіміздің маңызы зор.

Азамат аталу үшін белгілі бір елде дүниеге келіп, сонда ғұмыр кешу ғана жеткіліксіз. Ол үшін өкпұқықтарымыз бен міндеттерімізді саналы түрде сезініп, сол талаптарға сай болуға ұмтылу қажет. Жарың дүние есігін аша салысымен-ақ адам баласы белгілі бір құқықтарға ие болатыны даусыз, алайда, сол құқықтарды қорғайтын заң жүйелері болмаса, олардың құрғақ сөз жүзінде ғана қалып, шын мәнін жоятыны күмәнсіз. Тарихи дамудың барысында пайда болып, жетілдірілген саяси жүйелер біздің қай қайсымызды да зорлық пен езгіден қорғап қана қоймай, әрқайсымыз үшін өз дарын-қабылетімізді жетілдіріп-дамытуға, өз бақытымызға қол созуға, өз тағдырымызға өзіміз иелік жасауға мүмкіндік тудырады.

Адам өмірінің баға жетпес құндылық екені даусыз. Қоғам аясында көпшілікпен қатар өмір сүрудің адамға сыйлар игілігі мол, бірақ мұндай өмір қызық та тартымды болуымен қатар, әр азаматтың алдына белгілі бір талаптар қоятыны да белгілі. Яғни қоғам әрбір адамнан қолынан келетін жұмыс істеп өзгеге қамқорлық жасауға тырысуды талап етеді. Азаматтық қоғамның негізгі мақсаты да осы бұрынғыдан да жақсырақ, неғұрлым жетілген қоғам құруға ұмтылатын әлеуметтік және саяси сананы тәрбиелеу.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қоғамның табысты өркендеуі үшін, сол қоғамның мүшелері саналы да мақсатты түрде “әлеуметтік мүддеге” қол жеткізуге талпынуы шарт. Ал қоғам мүшелеріне сол жоғары мақсатқа сай тәрбие беруді қамтамасыз ету үшін аталған ұғымға барынша нақты мағына бергеніміз артық болмас еді. Алайда, бұл ұғымға өзгенікінен артық анықтама ұсынатын кім табыла қояр екен?

Қолдарыңыздағы оқулықтың мақсаты - осы аталған “әлеуметтік мүдде” ұғымына анықтама бері емес. Сайып келгенде, қоғамдық игілік дегеніміз қоғам мүшелері аңсайтын игіліктер мен құндылықтар жиынтығы екенін атап кетумен шектелуге де болар еді. Алайда, бұдан қоғам мүшелері тек қара басының қамын ғана ойлап, өзгелерге қол ұшын беруге мүдделі емес деген қорытынды шықпауы керек. Керісінше қоғам мүшелері көп жағдайда басқаларға қамқорлық жасап, көмекке келгеннен рухани қанағат алатынын ескеру қажет. Сол сияқты бұдан әлдебір қоғамның екіншіге қарағанда бақыттырақ, байырақ, табыстырақ екенін анықтауға болмайды деген де қорытынды шықпауға тиіс. Анығын айтар болсақ, ненің дұрыс және жөнді екенін дөп басып, айырып беретін дайын жауап ешкімде жоқ. Алайда, әрбір қоғам өз мүшелері үшін ненің қолайлы және жақсырақ екенін өзі тұжырымдағаны абзал. Ал азаматтық білімнің мақсаты - адамдарды ұлттық дәрежеде де, сонымен қатар халықаралық деңгейде де барынша жарасымды қарым-қатынасқа үндеу.

Әлем - орасан зор, үлкен бола тұра, сонымен бірге өте шағын әрі “тар” дүние. Мәдениеттер мен тіл түрлерінің сан қилылығы адамды таң қалдырады. Сөйтсе де, жер шарының бір шетіндегі табиғи немесе қолдан жасалған апат жер бетінің екінші бір қиыр шетіне әсер ететіні бүгінде айdan анық нәрсе болып отыр. Ал адам қасыреті қай жерде болсын бірдей екендігіне тіпті күмән жоқ; әлемнің кез келген түкпіріндегі адамзат баласының жан сырын ұғыну үшін өзінің ішкі дүниесіне терең бойласаң жеткілікті. Сол сияқты кез келген елдің даму тәжірибесі - ол мейлі табысты болсын-болмасын - белгілі бір дәрежеде өзге елдерге де “шак” келері сөзсіз.

Адамдардың саяси жүйелерге ұйымдасуы ұзақ ғасырларға созылғаны белгілі және осы процесс барысында адамдар түрлі әдістерді пайдаланғанын білеміз. Ол жүйелердің кейбіреуіне талдау жасап одан тәлім алғанын, жақсы жақтарын бүгінгі жаңа өзгерген жағдайға бейімдей қолдана білудің

пайдасы мол. Ғажайып қоғам орнатудың жетілген даяр моделі жоқ, бақытқа бұлжытпай анарар тура жолды да әшкім мензей қоймас. Бірақ біздің қолымызда бары - осы бағыттағы жинақталған тәжірибе ғана болғандықтан, одан тиісті әрі тиімді қорытынды шығарғанның әбестігі жоқ.

Ал, өткен тарихтан шығар басты қорытынды, ол— мұндай оқудың бітпей, жалғаса беретін мәңгілік процесс екендігі. Қолдарыңыздағы оқулық өмір бойы созылатын ұзақ саяхаттың бастауы ғана. Бұл саяхат өмірден өз орнынды табуды мүдде тұтады. Егер сіз қоғамға өзіңіздің қандай да бір пайда келтіретінін сездіңіз, ал ғұмырыңыздың соңғы сәттерінде “Бұл өмірге мен де азды-көпті үлес қостым”, - дей алсаңыз, соның өзі де айтарлықтай жетістік болары сөзсіз. Жетістіктеріңіздің дәрежесі сіздің қалауыңызға сай келе бермеуі мүмкін, алайда, қолыңыздан келгенді іске асыруға талпынудың өзі мақтан тұтуға тұрарлық қасиет. Ал осы игі талпыныс барысында сіз өзгелерге қолқабыс бере алсаңыз, олардың өмір деген шексіз дариядағы “саяхатын” аз да болса жеңілдете алсаңыз, онда сіздің табыстарыңыз сөзсіз құнды болғаны және оған жұмсаған күш-жігеріңіз қанша болса да, бәрінің де ақталғаны анық.

## 1 тарау: Кейбір өзекті экономикалық ұғымдар. Меншік және экономикалық өсу

Адамның пайда болуы туралы әңгімелейтін таураттық аңызға сенсек, бәлкім, алғашқы адамға, яғни Адам-атаға тамағын тауып жеу және баспанасы туралы аландаудың еш қажеті болмаған да шығар. Алайда, адам баласы шынайы өмірмен бетпе-бет қалған сәтте, оның алдынан өзін және бала-шағасын асырау мәселесі туғаны сөзсіз. Қосымша күшті немесе еңбекті қажет етпейтін табиғаттың тегін сыйларының не тым аз мөлшерде болатынын, не мүлде болмайтынын ұғыну үшін көп уақыттың керек болмағаны айқын. Адам баласы еңбек құралын ойлап табу қабылетіне ие болысымен, бірден алға қарай қадам жасады. Сөйтіп, ол өз ойының жемісін, яғни өзі ойлап тапқан құралдарды жабайы жануарларға аңға шығу үшін, ал кейінірек, дәмін жақсарту мақсатында, тамақты отқа пісіріп жеу үшін қолдана бастады. Ал жеке-дара, саяқ жүріп қаракет қылғаннан гөрі, белгілі-бір топқа қосылып, көппен бірге жүріп аң аулаудың әлдеқайда тиімді де қауіпсіздеу екенін ұғынған адамдар өз күштерін біріктіріп, топтасуға бейімделді. Мұндай ұжымға топтасу, яғни кооперация әлдебір қиын жұмыстың ауыртпалығын бөлісу мақсатында әрі өзге адамдармен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсудің артықшылығын пайдалану ретінде де жүзеге асырылды.

### (1.) Меншік.

Адам баласы сонымен қоса тағы екі маңызды дағдыға ие болды: олар — еңбекті бөлісу және айырбас сауда. Сірә, еркектер тамақ дайындауды әйелдерге тапсыра бастаған болу керек, ал әйелдер, өз тарапынан, аң аулаудың тауқыметі мен қиындықтарынан құтылғанына, сөз жоқ, риза болды. Сонымен қатар, көп жағдайда әйелдер тігіншілікпен айналысып, денені сыртқы ортаның түрлі әсерлерінен қорғау үшін киім тіге бастады.

Айырбас сауданың өмірге келуі - біреулерде әлдебір нәрсе артығымен болып, ал екінші біреулер соған мұқтаж болғандықтан және соны өзінде бар затқа айырбастап алуға мүдделі болудан басталды. Айталық, адам өзі және қауымдас жолдастары жеп тауыса алмайтын мөлшерде аң аулап алады делік. Ал екінші біреу еңбек құралдарын өз қажетінен артық мөлшерде жасап шығарады делік. Соңғысы өзі жасаған еңбек құралын етке айырбастауы мүмкін. Мұндай қарым-қатынастан екі жақтың да ұтатыны айтпаса да түсінікті: олардың қай-қайсысы да өзіне керекті шамалы нәрсені беріп, қажеттірек нәрсені алуға мүдделі.

Әрине, ақша ойлап табылғанға дейін де әрбір нәрсенің, заттың бағалық құны туралы ұғым болды. Егер біреуге әлдебір зат аса қажет болса, ол сол затты қолға түсіру үшін көбірек ұсынатынын болжау қиын емес. Сол сияқты, аталмыш зат қолға түспейтін тапшы нәрсе болса, онда оның “құны”, ол зат жеткілікті мөлшерде болған жағдайдан гөрі жоғарырақ болатыны да белгілі. Алайда, бұл мәселенің тағы бір қыры бар: ол сондай затты алуға мүдделі адамдардың санында жатыр. Егер ондай адамдар көп болса, онда заттың құны көтеріледі. Ал егер затты алуға ұмтылатын адамдардың саны шамалы болса, тиісінше, заттың құны да төмендей түседі. Бұл құбылыс белгілі “ұсыныс пен сұраныс” теориясының дінгегі болып



табылады. Қарапайым да түсінікті. Егер ұсыныс "икемді" болса, яғни әлдебір заттың көлемін ұлғайтуға мүмкіндік бар болса (мәселен, өнімнің көлемін арттыру мақсатында себу кезінде тұқымды молырақ мөлшерде салу), онда ұсыныстың артуына орай заттың құны да төмендеуі мүмкін. Ал егер ұсыныс көлемі тұрақты болса, айталық, әлдебір себептің салдарынан заттың санын не мөлшерін арттыру мүмкін болмаса (мысалы, белгілі бір мекенді жерде мақтаның немесе алтынның көлемі тұрақты делік), онда заттың бағасы сұраныс мөлшеріне ғана байланысты. Сұраныс та өзгермелі болуы мүмкін, бұл адамдардың мұқтажы өзгерген жағдайда болады. Бірақ кей жағдайда сұраныс тұрақты не белгілі мөлшерде болуы мүмкін, мәселен, адамдардың жалпы тағамды ұдайы қажет ету қасиетіне орай. Белгілі шамада біз өз дастарханымыздағы тамақ түрлерін өзгертіп отыруға мүмкіндігіміз болса да, кейбір тағам түрлеріне сұраныс ешқашан азаймайды, өйткені олар адамның тіршілік етуі үшін ауадай қажет. Яғни, адам баласы өзінің кейбір үйреншікті дағдысынан, мәселен, шарап ішу әдетінен, сәнді киім-кешектен немесе зергерлік бұйымдар тағудан бас тарта алса да, тіршілігіміз үшін сөзсіз қажет болып табылатын басқа заттарсыз күн көруіміз екіталай.

Адамзат даму барысында өзінің өмір жағдайын біршама тұрақтандыруға қол жеткізгеннен соң, яғни орнықты баспана мен өзіне қажетті мөлшерде тамақ тауып жеу үшін жеткілікті жер көлеміне иелік ете бастағаннан кейін, ненің кімге тиесілі екенін анықтап, белгілеу және бөлісу қажеттілігі туды. Яғни меншік пен мүліктің не екенін анықтау қажет болды. Кішкентай бұлдіршіннің өзі ойыншықтарына біреудің қол сұққанын байқаса: "Менікі!" — деп айғай салып, қарсылық білдіретіні белгілі ғой. Адам баласы әлдебір затын айырбасқа салғанда, ол, сайып келгенде, өзінің меншігін айырбасқа түсіреді. Әрине, о баста адам баласы мұндай анықтама беруді ойламаған да шығар. Адам баласының тіршілік жасау мүмкіндігін сақтап қалуы үшін меншіктің кейбір формасының қажеттігі туралы түсінік - адамдардың өзара экономикалық қарым-қатынасқа түсуі үшін негіз болатын ұғым. Және сол меншігін әлдебір әдіспен қорғай алатын жағдайға жетпейінше, адамдардың аман қалу мүмкіндігінің өзіне қатер туып тұрары сөзсіз, себебі оның меншігін екінші біреулер еш жазасыз тартып алуы мүмкін.

## (2.) Ынталандыру түрлері.

Адамзаттың дамуы мен өндірістің өсуінен туындайтын күретамыр тәлімнің тағы біреуі мынада - ынталандыру түрлерін өзгерту адамдарға болжамды бағытта әсер ететіні айдан-анық. Мәселен, әлдебір нақты әрекет нәтижесінде адамға келер пайданың айтарлықтай мөлшерде ұлғаятыны белгілі болса, онда адамдар сол пайданы уысынан шығармауға бейім әрекет етуге әуестенері хақ. Сол сықылды бір нәрсеге жұмсалатын қара басының шығыны ұлғайса, адамдар одан аулақ жүруге тырысатыны белгілі. Ынталандыру немесе ынталану ұғымы әлдебір әрекеттің жағымды немесе қажет болуы дәрежесіне қатысты, басқаша айтар болсақ, бұл белгілі бір әрекеттің құнын не одан келер пайданы меңзейді. Ынталандыру біздің қай-қайсымыздың да көкейкесті ниетімізді айқындайды және де тек экономикалық мәселелерде ғана емес. Егер біз бір нәрсені жасасак, соған біздің мұқтажымыз болғандықтан істейміз.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, белгілі бір заттың бағасы өскен кезде, оны сатып алушылар саны да азаяды деуге болады, яғни ол затқа деген ынта төмендейді (дегенмен, кейбір адамдардың ол затты сатып ала беретінін болжауға болады, әйтпеген жағдайда аталмыш зат рыноктан мүлдем құрып кетер еді ғой). Заттың бағасының жоғары болуы оны шығарушылардың өндірісті ұлғайтуға ынталы екенін де көрсетеді, өйткені олар затты көбірек сатудан дәмелі ғой, әрине, түсер пайда маржасы айтарлықтай жоғары болған жағдайда. Алайда, рынок белгілі бір тауарға біршама толған кезде, затты өндірушілер оның бағасын төмендетуге де бара алады, мұның өзі затты сатып алушылар саны көбейеді деген сөз. Яғни, тауардың бағасы жоғары болғандықтан оны тұтыну шектеліп, бірақ өндіру көлемі ұлғаяды, ал тауардың бағасы төмен болуы оны тұтынушылардың санын молайтып, тұтынуды арттырады. Туындайтын тауар бағасы, негізінде, сұраныс пен ұсыныс мөлшерін нәзік теңестікте ұстап тұратын ұғым. Әрине, сол тауарды сатып алушыларға төменірек бағамен ұсына алатын басқа бір өндіруші (әрине, тауарының бағасын төмендеткеннен өндірісті жалғастыру мүмкіндігін жоғалтпаса) алғашқы өндірушіні рыноктан ығыстыра алары өзді-өзінен түсінікті. Бұл дегеніміз — еркін нарық жағдайындағы конкуренция, яғни бәсекенің көрінісі. Бұл құбылыстың мәнісі өндірушілерді халыққа жоғары сапалы әрі арзан бағалы заттарды ұсынуға немесе халық көбірек қажет ететін өнімді ұсынып, соның арқасында тұтынушыларды басқа бәсекелестерінен өзіне қарай тартуға итермелеуде жатыр.

Көп жағдайда ынталандыру өздігінен жұмыс істеп кетпейді. Адамдар әп-сәтте өз әрекетін бағаны есептеуге керекті бағытта бейімдей қоймауы мүмкін. Айталық, әлдебір уақыт аралығында бензиннің бағасы тым жоғарылап кетсе, онда, әдетте, автомобильмен жүретін адамдардың кейбіреуі өз машинасын қойып, автобуска отыруы немесе, жағдайы келсе, велосипедке ауысуы мүмкін. Болмаса, бензинді азырақ қажет ететін автомобильдерге көшуі ықтимал. Ал өз кезегінде, бензиннің бағасы жоғары дәрежеде тұруы, мұнай өндіруші компанияларға мұнай іздеу және барлау жұмыстарын арттырып, соған көбірек инвестиция бөлуге мүмкіндік береді. Мұнай өндіру мөлшерінің артуы өз-өзінен бензин бағасының әйтеуір бір уақытта төмендеуіне әкеп соғады, өйткені ұсыныстың артары хақ. Соңғы жиырма жыл ішінде кейбір елдерде дәл осындай оқиғалардың орын алғаны белгілі. Ынталандыруға адамдардың осылайша жауап беруінен адамдар эгоист, өздерінің қара басының пайдасынан басқаны ойламайды, әріге көз салмайды деген қорытынды шықпауы керек. Керісінше, экономикалық емес ынталандыру түрлерін адамдардың аңсары ауған идеалдарға жанастыру әбден мүмкін де қажет нәрсе екенін дәлелдейді. Кейде адамдар жалақысы әлдеқайда жоғары қызметтен бас тартып, өзінің ыңғайына қарай, жанына жайлы жұмысты таңдайды. Сол секілді адамның өзге жанға көмек көрсеткеннен немесе рухани сұлулықты тамашалаудан көбірек ләззат алуы да сирек кездесетін құбылыс емес. Біз қандай әрекет жасап, не істесек те, мұның бәрі, қорыта келгенде, ынталандыру, ынталану ұғымына сай келеді. Кейде ол ақшалай есепке саяды, кейде одан тыс жатуы да мүмкін. Алайда, бұдан оның маңыздылығы ешбір азаймайды. Адамдардың бәрі де әр түрлі ынта, қызығушылық негізінде әрекет жасайтыны - біреулер "эгоистік", яғни өзімшіл түрде, екінші біреулер "альтруистік", яғни өз пайдасын елемей ғұмыр кешетіні - ынталанудың адам әрекетінің қайнар көзі екендігін еш жоққа шығара алмайды. Қысқаша айтқанда, бұл өз анықтамасына толығымен сай келетін ақиқат

### (3.) Ұжымдасу.

Адам табиғатының өзге адаммен қоян-қолтық бірлесуге бағытталуы шарт емес. Айталық, сәби негізінен өзімшіл келеді де, кез-келген жағдайда өз мүддесін көксіп, дегенін істетуге бейім тұрады, бұл тұста өзге біреуді өкпелетіп аламын-ау деп, оған көңіл аудару баланың қаперіне де кірмейді. Психологтар адамның даму сатыларын зерттей келіп, мұндай даму, ақырында, өзге адамдардың да өзінмен бірдей сезімдерді сезінетінін түйсіктеуге әкеліп соғатынын анықтаған. Алайда, мұндай даму дәрежесіне жетпейтін адамдар да кездеседі. Шектен шыққан жағдайларда мұндай адамдар әлеуметтік психопаттарға айналады. Дегенмен, қарапайым ұжымдасу немесе кәдімгі әлеуметтік өмір сүру мақсатында қоян-қолтық қарым-қатынас жасап, әрекет ету үшін, бір жақсысы, шамадан тыс альтруист болып, өз мүдденнен және өз қажетінді өтеуден мүлде бас тарту тіпті де міндетті болмайды. Керісінше, тек эгоистік пиғылдың өзі адамдарды аталмыш кооперацияға, яғни ұжымдасуға итермелейді, өйткені бірлесе әрекет ету қашан да қай-қайсымыз үшін болсын жеке қимылдағаннан гөрі пайдалырақ және көбірек нәтиже берері хақ. Біз қашан да бірлесе отырып еңбек етсек, көбірек табыс табамыз, әрі ұжымдаса жасаған істің сапасы да жоғарырақ болады. Сол себепті бірлесе істеген әрекет барынша жоғары әрі нәтижелі экономикалық қарым-қатынасқа жол ашады, әрине, бұл тұста ешкімнің құқығы аяққа басылмауын қадалаған жөн. Біз өзіміздің қажеттілігімізді керек нәрсені сатып алу арқылы қанағаттандырған жағдайда немесе өз мүмкіндіктерімізді басқалармен ұжымдасу үшін бірлестіргенде, мұның нәтижесінде біздің еңбегіміз табыстырақ болуымен қоса, өзіміздің жеке басымыздың қажеттілігін де өтейміз. Бұл жерде тағы да қайталай кеткен жөн болар - мұндай игілікке қол жеткізу үшін ұжымдасушылардың ешқайсысының құқығы жер болмай, бәрі де өз мүддесін ұмытпай әрекет еткенде ғана, жоғарыдағы айтылған нәтижеге қол жеткізуге болады.

Экономикалық өсу тек кооперация, яғни ұжымдасу арқылы жүзеге асырылады. Адам баласы мамандану және еңбекті бөлісу арқылы біріге жұмыс істеу барысында, тұтынушылардың қажеттілігін өтей отырып, өзінің де еңбек өнімділігін арттыруға, демек, түсетін пайда мөлшерін де ұлғайтуға мүмкіндік алады. Мысал ретінде мынаны келтіруге болады: мәселен, әлдекім үй салуды көздесе, онда ол жұмысшыларды жалдап, қажетті еңбек құралдары мен құрылыс материалдарын сатып алады, яғни, сол арқылы белгілі бір мөлшердегі ақша сомасын (жұмсайды) инвестициялайды. Ал үй салынғаннан кейін сатылатын болса, онда оның бағасы өнім мөлшері болып табылмақ. Құрылысшының қолына тиетін ақша оның шығындарының орнын толтырып (бұған жұмысшылардың еңбекақысы, құрал-саймандар мен құрылыс материалдарының

материалдар мен ресурстарға инвестиция жасауға жол ашады, нәтижесінде, ол екінші үйді көтеріп, одан түскен ақшадан өз шығынының орнын толтырғанша осы кәсіптің аясынан шығып қалмауға мүрсағ алады. Яғни кіріс немесе табыс дегеніміз - өндірушінің өз шығынына қоса қолына түсіретін пайда мөлшерін көрсететін және оның кәсібі мен өндірісін жалғастыруға ынталы болуын қамтамасыз ететін нәрсе. Ал егер екінші бір құрылысшы тура сондай ғимаратты біріншісінен гөрі төменірек кіріс мөлшерімен сала алса онда ол біршама уақыттан соң бірінші құрылысшының нарық айдынындағы орнын тартып алары сөзсіз өйткені тұтынушылар рыноктан барынша арзан бағаны іздейтіні күмәнсіз. Өз кезегінде, бірінші өндіруші өзінің табыс мөлшерін азайтуға немесе бәсекелесінің қолынан келмейтін, ал тұтынушылар ақша төлеуге дайын, тауар не қызмет түрін ұсыну арқылы өз орынын қайта тартып алуына мүмкіндігі бар.

#### (4.) Экономикалық өсу.

Адамның өмір сүруі үшін керекті және оған ләззат сыйлайтын көптеген өнім түрлері бар: мәселен алуан түрлі тағам, азық-түлік, көлік түрлері, киім-кешек, радио және телевизор, картиналар мен музыка газеттер, кино және театр, тағысын тағылар - адамның тіршілік әрекетінің өнімдері. Олар тегін келмейді: кім де болса оларды алдымен өндіруі, шығаруы және ұсынуы қажет. Егер ол өнімдер бағаланса, оларды құны да жоғары болмақ. Сол себепті нашар киім дүкен сәресінде шаң басып жатып қала береді, әсіресе оның бағасы қымбат болса; ал қызықтырмайтын театр немесе кино қойылымы көп ұзамай жабылып қалуға мәжбүр болады, себебі оны көруге еш көрермен асыға қоймайды. Кейде әлдебір өнімге шамадан тыс жарнама жасау арқылы, оған халықтың көзін "үйретіп" немесе, біреулердің сөзімен айтсақ, елдің "миын ашытып", сол арқылы өнімді ырықсыз өткізуге де болады. Сол себепті кейбір өндірушілер өз өнімдерін ұнамды етіп көрсету үшін ғана мол қаражат жұмсайды. Бұл, әсіресе, күнделікті қажеттікке жатпайтын тауарлар - зергерлік бұйымдар, әсемдік-әшекейлік заттар, парфюмерия сияқты өнімдерге қатысты. Бірақ жарнаманың күшін тым асыра бағалаудың реті жоқ: егер әлдебір тауарды адамдардың алғысы келмесе жарнамаға қанша қаражат төксеніз де, өніміңізді жұртқа еріксіз өткізе алмайсыз. Көптеген өндірушілер бұл "ақиқатты" өз басынан өткергеннен кейін ғана жақсы ұғынады. Және, ең бастысы, экономикалық өсуге қажырлы еңбек пен адамдардың шындығында нені сатып алғысы келетінін дұрыс пайымдаудың нәтижесі болып табылады.

Экономикалық өсу біздің өмір сүру салтымыздың өлшемі болып табылады. Өндірісті дамытудың және, нәтижесінде, біздің табысымыздың ұлғаюының басты қайнар көзі, сайып келгенде жұмысшылардың мамандық дәрежесін жоғарылату және құрал-жабдық сапасын арттыру, технологиялық жетістіктер мен озық үлгілерді қолдану және еңбекті ұтымдырақ ұйымдастыру болып табылады.

Себебі, біріншіден, мамандығы жоғары жұмысшылар дайындығы төмен жұмысшыларға қарағанда өнімді азырақ шығынмен өндіруге бейімделеді. Үйрену, білім деңгейін көтеру және тәжірибе жинақтау арқылы жұмысшы өзінің шеберлігін арттырады. Екіншіден, жұмысшылар сапасы жоғарырақ машиналармен жабдықталса, олар өнім мөлшерін де арттырады. Жоғары сапалы машиналар мен құрал-жабдықтарға инвестиция бөлу алғашында тым қымбат, қаражатты көп қажет ететін іс болып көрінсе де кейіннен, өнім сапасы мен көлемінің өсуінің арқасында бұл өзін-өзі ақтайтын қадам екені анықталады. Сондықтан да көптеген өндіріс орындарында түскен табыс есебінен осындай инвестиция жасау кеңінен тараған құбылысқа айналып, нәтижесінде, компания мен оның басшыларына тиесілі бос қаражат көлемі уақытша азайғанымен, айналып келгенде, табыс көлемі одан сайын ұлғаяды, ал оның нәтижесінде өндірістің кеңеюіне, экономикалық өсуге жол ашылады. Үшіншіден, экономикалық алға жылжудың аса маңызды шарттарының бірі жаңа технологиялар мен инновацияда жатыр. Адамзаттың өнертапқыштығы және шығармашылық қасиеті алға жылжу мен өсудің бірден-бір, тіпті бірегей себебі екені анық, мұның маңызын ескермеуге болмайды. Тіпті осыдан отыз шақты жыл бұрын ғана - бүгінгі таңда компьютерлендіру саласында етек алып отырған аса зор прогрессті- кім болжай алып еді? Кейде іскер топтар әлдебір зерттеулік жұмыстарға, - алғашында оның қаншалықты маңызды боларын сезбей-ақ, - зор қаржы бөліп, инвестиция жасайды. Көбінесе, мұндай зерттеулердің қандай технологиялық өзгерістерге әкелерін болжаудың өзі қиын. Мәселен, темір жолдар алыс жерлерге тасымалдаудың ең тиімді әдісі болып көрінген кезде көптеген елдер темір жол құрылысына қыруар мол қаржы мен күш жұмсады. Алайда көп уақыт өтпей жатып-ақ, автомобильдер, ал одан кейін самолеттер тасымалдаудың темір жолдан да ұтымды тәсілі ретінде өмірге келді. Олар ұсынған артықшылықтар темір жолдың құнды болып көрінгені

басымдылығынан асып кетті. Мысалы, бұл орайда машиналардың шағындығын және оңаша жүруге ыңғайлылығын, ал самолеттердің жылдамдығы мен жайлылығын айтсақ та жеткілікті.

Сол сияқты экономикалық қызметті ұйымдастыруды жетілдірудің өзі де экономикалық өсуді қамтамасыз етуі мүмкін. Экономикалық қызмет бірге әрекет етуге тиісті адамдардан құралады. Олардың өздерінің алдында қандай мақсат тұрғанын, кімнің алдында есеп беретінін және жұмыстары қарқынды лапәрменді болуы үшін бірігіп еңбек етудің тиімді жолдарын білулерінің маңызы зор. Ал адам баласы машинадан гөрі әлдеқайда күрделірек жұмыс организмі болып табылатынын ескерсек, олардың жұмыс нәтижесін арттыру жолдарын деп басып табудың өзі оңайға түспейді. Кейде менеджерлер өз қызметкерлерінің шығармашылық бастамасын көтеру үшін жана, тіпті жанашыл әдістерді таба біледі. Менеджер өз жұмысшыларының командалық рухын нығайтып, еңбек тиімділігін арттырудың жана жолдарын қарастыру үшін олардың білім деңгейін де көтеріп отыруы шарт. Жұмыс жоспарлары, стратегиялық мақсаттар, сол сияқты компанияның немесе ұйым қызметінің бағдарларын белгілейтін басқа да амалдар үнемі де тиімді экономикалық орта тудырудың маңызды құралдары болып табылады. Келесі бірнеше тарауда тиянақты да жүйелі түрде іргелі экономикалық концепциялар туралы сөз қозғалады.

### (5.) Микроэкономикалық (шағын экономикалық) концепциялар.

”Микроэкономика дегеніміз – үй шаруашылықтары, фирмалар мен нарықтың әрекеті туралы, бағалар мен түпкі нәтиженің (немесе өнімнің) сол рынокта қалай анықталатыны және тұрақтанатыны туралы және бағаның қорларды және түпкі өнімді бөлуге қалай әсер ететінін зерттейтін ғылым. Микроэкономика кейде экономистің құралдар жинағы іспеттес қаралады, себебі онда жиі қолданылатын аналитикалық әдістер жүйесі бар.”

**Нарық және Баға.** Нарық дегеніміз – тұтынушылар мен сатушылардың тауарлармен және қызмет түрлерімен өзара алмасуына мүмкіндік жасайтын құрылымдар. Нарық тауарлар мен қызметтерді өндіруді және таратуды ұйымдастырудың жолдары мен әдістерін көрсетеді. Тауарлар мен қызмет түрлерінің бағалары осы нарық аясында белгіленеді, сөйтіп бұл бағалар айырбасқа түскен тауар мен қызметтің жеткілікті не жеткіліксіз екендігін айқындайды. Кейбір тауарлардың бағасы жоғары болуы, оны сатып алуға ниеті және мүмкіндігі бар адамдардың қолын жеткізуге мүмкіндік тудырады және фирмаларды сондай белгілі бір дәрежеде тапшы тауарды көбірек өндіруге итермелейді. Ал енді сол бағалар қалай анықталады? Және олар не себептен өзгеріске ұшырап отырады?

**Ұсыныс және Сұраныс.** Ұсыныс пен сұраныстың өзара әрекетінің негізінде ғана нарықтағы тауардың бағасы анықталады. Нарықтық экономиканың пәрменді түрде жұмыс істеуі ұсыныс пен сұраныс күштерінің еркін, еш тежеусіз қызмет етуіне байланысты.

**Ұсыныстың анықтамасы.** Ұсынысты былай анықтауға болар еді: бұл өндірушілердің белгілі бір уақыт арасында түрлі бағамен сатқысы келетін тауарлар мөлшері. Аталмыш тауардың не қызметтің бағасы артқан сайын, ұсынылатын тауардың не қызметтің көлемі де ұлғая түспек. **Сұраныстың анықтамасы.** Сұранысқа мынадай анықтама беруге болады: тұтынушылар, яғни сатып алушылар белгілі бір уақыт аралығында түрлі бағамен алғысы келетін тауарлардың не қызметтер түрінің мөлшері. Бұл жерде адамдардың көпшілігі тауардың не қызметтің бағасының жоғары болуы оған деген сұранысты азайтатынын сезінетінін айта кеткен жөн.

**”Нарықтық баға”.** Бәсекелес нарықтарда ұсыныс пен сұраныстың аталмыш заңдылықтары нарықтық клирингтік бағаның туындауына, яғни сатылу түрінде сұранысқа не тауарлардың мөлшері сол тауарлармен жабдықтаушылардың өндіргісі келетін мөлшеріне сайма-сай келетін жағдаяттың пайда болуына әкеп соқтырады. Бұл нарықтық клирингтік бағаны кейде ”тепе-теңдік бағасы” деп те атайды.

**Бағаға әсер ететін ұсыныс факторлары.** Сұраныс тұрғысынан қарағанда, тұтынушының табыс көлемінің, оның талғамының өзгеруі және ұқсас тауарлардың бағалары ауысуы тауарға деген сұранысқа әсер етуі мүмкін. Айталық, жасөспірімдер белгілі бір тауарларға қатысты талғам және таңдау мәселесіне келгенде, ол туралы өз құрдастарының пікіріне құлақ салуға бейім тұрады және олардың ықпалынан шыға алмай қалады...

**Экономикалық ынталандырулар.** Адам баласының іс-әрекеті көпшілігінің астарында сол экономикалық...

болсын, - соның нәтижесінде өзінің жағдайының жақсарарына үміті, яғни ынта жатады. Басқаша айтқанда, адамдар экономикалық іс-әрекетке араласуы үшін (басқа қызмет түрлерінен ерекшелігі) сол еңбегі үшін өзіне белгілі бір көлемде пайда түсетініне сенімді болғаны жөн, немесе басқа экономикалық ынталандыру түрінен дәмелі болуы керек. Қаржы жинайтындар біреулерге қарызға ақша беріп, пайыз (процент) алудан дәмелі (сол ақшаны басқаларға несиеге беретін банктер сықылды). Ынталанудың бұл түрін "процент" деген терминмен атаймыз. Жұмысшылар өз қызметін жалақы немесе сыйақы төлемдері үшін ұсынуға ынталы. Іскерлер өздерінің өндіріс процесіне қосқан үлесі үшін түсетін табыстан пайда күтеді. Экономикалық ынталандыру түрлері экономика аясында ойнаушыларды қоғам игілігін көздейтін іс-әрекетке жұмылдырудың бірден-бір әрі аса пәрменді амалы..

**Ерікті айырбас.** Тұтынушылар мен өндірушілер өз мүддесін көздейтін жүйе өзара пайдалы айырбасқа жол ашады. Ерікті айырбасты нарық экономикасының өзегі деп атауға болады. Мәселен, тұтынушы гүл тұқымын сатып алып, ауласына отырғызғанда, оның сатып алушылық іс-әрекетінен өз ауласында әдемі гүл өскенін қалайтынын байқаймыз. Сол сияқты сатушы да сатқан тұқымы үшін ақша алған соң өзін жақсы сезінері хақ. Мұндай айырбастың нәтижесінде екі жақтың да көңіл-күйі көтеріңкі болатындығы айтпаса да түсінікті. Бұл айырбастан қоғам да ұтады, өйткені тұтынушы мен өндірушінің мүддесі бұл жерде қоғам мүддесіне сай.

**Нөлдік нәтижелі ойын.** Айырбастан тұтынушы да, өндіруші де пайда табатыны туралы идеяның мәні үлкен. Тұтынушылардың бәрі бірдей ерікті айырбастың екі жаққа да пайда әкелетін сырын дұрыс ұғына бермейді. Олар экономиканы "нөлдік нәтижелі ойын" ретінде қарастыруы мүмкін, яғни олар бір топтың қалтасына түскен табыс екінші топты дәл сондай көлемдегі қаржыға кедейлендіреді деп түсінеді.

**Оң нәтижелі ойын.** Ал шындығына келсек, экономика "оң нәтижелі ойын" болып табылады, өйткені сатушы да, сатып алушы да маманданудың арқасында және айырбас арқылы өз мүддесіне жетеді. Жоғарыда келтірілген гүл тұқымына байланысты мысалдағыдай, оң нәтижелі ойында біреу ұтып, біреу ұтылмайды, - екі жақ та өз пайдасына қол жеткізеді.

**Сыртқы әсерлер (эффе́ктілер).** Алайда, кейде әлдебір адамдардың не топтың іс-әрекеті бұл айырбасқа тікелей қатыспаған үшінші жаққа едәуір әсер ететін жағдайлар да кездеседі. Егер тұтынуға не өндіруге жұмсалған шығын, не содан түскен пайда үшінші бір жақты қозғап жатса, онда бұл жерде сыртқы әсер (эффе́кт) орын алды деген сөз. Сыртқы әсер "оң" не "теріс" болады.

**"Оң сыртқы әсерлер".** Оң сыртқы әсерлер үшінші біреулерге пайда әкеледі. Оң сыртқы әсері көбірек тауарлар мен қызмет түрлері, әдетте, жеткілікті мөлшерде өндірілмей жатады, өйткені олардың пайдалы жақтары тұтынушылар тарапынан сұраныс таба бермейді. Мәселен, тұмауға қарсы вакцинациядан өтуші адам мұны өз пайдасы үшін, яғни тұмауменен ауырмас үшін, істейтіні белгілі, алайда, бұдан оны қоршайтын адамдар да пайда көреді, өйткені сол адамнан тұмау оларға енді жүкпайды. Дәл сол тәрізді, оқушы жақсы оқығаннан жеке өз басы пайда көрері анық, бірақ қоғамның басқа мүшелері де еріксіз түрде осыған мүдделі — өйткені жақсы білім алған оқушы ертеңгі күні білікті маман иесі болады ғой...

**"Теріс сыртқы әсерлер."** Сыртқы теріс әсері көп тауарлардың бағасы да төмен болады және нарықтық қоғамда олар артығымен өндіріліп жататыны анық, себебі өндірістің толық құны ол тауарларға қосылмайды. Өндіру мен тұтыну құнының кейбір бөлігі үшінші жаққа жүктеледі. (Алайда, сот арқылы қудалай отырып, жауапкершілікті теріс сыртқы әсер тудыратын жақтың өзіне артуға болады). Қоршаған ортаны ластандыру — осындай теріс сыртқы әсердің бір көрінісі. (Дегенмен, қоршаған ортаны ластаушы өндіріс иелері соттық іс қозғау нәтижесінде үлкен айып төлеп жататын жағдайлар да кездесіп тұрады.)

**Қоғамдық тұтыну тауарлары.** Нарықтық экономика аясында өндірілетін тауарлар мен қызмет түрлерінің басым көпшілігі жеке жағдайда өндіріледі, сонымен бірге кейбір тауарлар қоғамдық тұтыну сипатына ие: жеке-дара тұтынуға емес, бірігіп, қосыла тұтынуға арналған.

**Жаппай тұтыну.** Жаппай тұтыну деп өндірушілердің өз тауарын шығарғаннан кейін оны кімнің тұтынатынын қадағалай алмайтын жағдайларды айтамыз. Мәселен, көше жарығы, масаға қарсы күрес немесе ұлттық қорғаныс — міне, бұлар пайдасын ел жаппай көретін қызмет түрлерінің бірнеше мысалы бола алады.

**Қосыла тұтыну.** Қосыла тұтыну дегеніміз — қызмет көрсетілгеннен кейін оның игілігін бір уақытта көптеген тұтынушылар бір-біріне кедергі жасамай, бірге көре алатын тұтыну түрі. Осының алдында

келтірілген мысалдар, сол сияқты, қоғамдық көлік, қоғамдық теледидар, жарықталған қоғамдық ғимараттар осы қатарға жатады.

## (6) Макроэкономикалық концепциялар.

Ұлттық табыс, ұлттық өнім, жұмысбастылық, инфляция және ақша ауқымының өзара қарым-қатынасы экономиканың қызметін біртұтас дүние ретінде қарастыратын макроэкономиканың бір бөлігі болып табылады.

**ҰЖӨ анықтамасы.** Ұлттық жалпы өнім (ҰЖӨ) - ұлттық экономиканың күшімен белгілі бір жылдың ішінде өндірілген бүкіл түпкілікті тауарлар мен қызметтердің бағамы болып табылады. Бұл көрсеткіш ұлттық экономиканың бүкіл өндіріс құндылығының барынша толық мөлшері.

**Жан басына шаққандағы ҰЖӨ.** АҚШ өлемдегі ең үлкен ҰЖӨ-ге не - 5 триллион доллардан астам. Алайда, ҰЖӨ-нің абсолюттік мөлшерін салыстыру жаңылыстыруға әкеп соғуы да мүмкін. Индияның ҰЖӨ-сі Швеция ҰЖӨ-нен екі есе үлкен, алайда, Швецияның жанбасылық ҰЖӨ-сі (1991-жылғы) Индияның сондай көрсеткішінен 44 есе артық. ("Жанбасылық" дегеніміз барлық ҰЖӨ көлемін ел тұрғындарының санына бөлгендегі көрсеткіш.).

**Экономикалық өсу.** Экономикалық өсу шынайы ҰЖӨ-нің белгілі бір уақыт аралығында көбеюімен айқындалады. Экономикалық өсудің көздеріне технологиялық өзгерістер, сол сияқты өндіріс факторларының — жер, еңбек және капиталдың — саны мен сапасының артуы кіреді.

**"Іскерлік цикл".** Экономикалық қызметтің белгілі бір уақыт аралығында өзгеріп отыруын (флуктуация) іскерлік циклдар деп атайды. Оның төрт фазасы болады: шыңы, кейіндеу немесе кері кетуі (рецессия), құлдырауы, кенеюі. Толық цикл осы аталған төрт бөлігін де қамтиды және, әдетте, құлдыраудан құлдырауға немесе шыңынан шыңға дейін өлшенеді... "Кейіндеу" (рецессия) шынайы ҰЖӨ-нің төмендеуімен ерекшеленеді. Бас саусақ ережесіне орай, рецессия қатарына қосылуы үшін экономикалық тоқырау екі тоқсанға (алты ай) созылуға тиіс. Ондай кезде жұмыссыздық артып, оның салдары кейбір компаниялар мен жеке адамдардың банкротқа ұшырауына (немесе бизнестен аластауына) әкеліп соғады, сонымен қатар өндіріс пен салық түсімдерінің төмендеуі орын алады.

**Ақшаның ролі.** Ақша дегеніміз — жалпылай қабылданған тауар мен қызмет үшін төлем құралы. Ақша болмаса, кез келген экономикалық ымыра бартерге (бір тауарды екінші тауарға айырбастау) айналарады, ал бұл айырбастау механизмінің ең болымсыз түрі. Ақшаның арқасында адамдар өздерінің тұтыну саласындағы қызметін өндіру әрекетінен ажырата алады.

**Ақшаның функциялары.** Ақшаның үш түрлі негізгі функциясы бар.

**Ақша — айырбас құралы.** Егер бір нәрсе тауар мен қызмет үшін жалпы қабылданған құрал болып табылмаса, онда әңгіме ақша туралы емес...

**Қолма-қол ақша.** Мәселен, доллар бейне бір "декреттелген" ақша қалпында. Бұл — доллар алтын не басқа құнды металдармен қамтамасыз етілмеген деген сөз. Жұрт оны қабылдай береді, өйткені оған деген сенімі бар. (Қандай да бір валюта құнды металдармен қамтамасыз етілуі үшін, ондай металдың - қағаз ақша айырбастау үшін - белгілі бір мөлшердегі қоры болуға тиіс. Күнделікті тұрмыста қымбат металдардың өздері-ақ ақша ретінде пайдаланылуы мүмкін - бұл өткен дәуірлерде жиі кездескен жай).

**Кредиттік карточкалар.** Кредиттік карточкалар ақша болып табылмайды, себебі олар арқылы төлем емес, қарызға алу іске асырылады. Кредиттік карточкалар сатып алу кезінде ақшаны қарызға алу мүмкіндігіне жол ашады. Алайда, түбінде ол қарыз ақша арқылы қайтарылуы тиіс. (Кредиттік карточкалар, негізінен, сатып алушыға төлемді кейінге қалдыруға мүрсат береді. Әдетте, сатып алушыға барлық есеп айдың аяғында жіберіледі. Егер сатып алушы оны уақытында төлемесе, онда белгілі бір мөлшерде қосымша ақы немесе пайыз (процент) төлеуге мәжбүр болады).

**Ақша — сақтау құралы ретінде.** Ақша уақыт өткен соң да тауар мен қызметті сатып алу қабілетін сақтауы тиіс, яғни өзінің сатып алушылық қасиетін жоғалтпауы шарт. Бағалық инфляция ақшаның бұл қасиетіне нұқсан келтіреді. Инфляцияның кесірінен 1 долларға осыдан 20 жыл бұрын 30 цент тұрған

бұйымды алуға болады... Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, 1980-1985 жылдар арасында орташа дамыған елдерде жыл сайынғы инфляцияның көрсеткіші орта есеппен 57,4 пайыз болған...

Ақша – есепке алу бірлігі ретінде. Ақша барлық келісімдердің құнын біркелкі ақшалай әлпетке аударуға мүмкіндік беретін есепке алу жүйесі болып табылады. Алайда, бір елдің ақшасын екінші елдің ақшасына аудару қиынға түссе, онда айырбас бағамы (курсі) жансақ болуы мүмкін. Ал ақшаны еркін айырбастауға мүмкіндік беру - қайсыбір елдің валютасы құнының құлдырауына әкеліп соқтыруы ықтимал.

Ақша мен инфляция арасындағы өзара байланыс. Ақшаның мөлшері мен баға дәрежесі арасында іштей маңызды байланыс бар. Ақша инфляцияны тудыратын жалғыз фактор болмағанымен, қандай да болсын инфляцияның негізінде соған орай ақша көлемін елеулі түрде ұлғайту құбылысы жатары сөзсіз. Дәл сол сияқты, экономикада ақша мен кредиттерді ұсыну пайыз мөлшері мен өндіріс деңгейінің ұлғаюына елеулі әсер етеді. Алайда, ақша ауқымын жәй ғана ұлғайту экономиканы сауықтырудың бірден-бір әмбебап жолы бола алмайды. Экономистер мынаған сенімді: тым көп мөлшерде ақша ұсыну инфляциялық құбылыстарға жол ашады, өйткені өте көлемді ақша мөлшеріне азырақ ауқымды тауар ұсынылады, демек, тапшы тауарларға ақшаны көбірек жұмсай отырып, адамдардың өздері-ақ бағанын өсуіне еріксіз түрде ықпал етеді.

Жинақ институттарының (мекемелері) ролі. Қаржы делдалдары - ақшаларын жинағысы келетін бір адамдардан салым қабылдап, оларды қарыз алушыларға ұсынатын іскерлік құрылымдар болып табылады. Олар үлес салушыларға төлейтін пайыз бен қарызға алушылардан жинайтын пайыз арасындағы айырмашылықтан табыс түсіріп, пайда көреді. Әдетте, олар салым салушылардың қаржыларын өздерінде аз мөлшерде ғана ұстайды.

### *(7) Жеке елдерге тән экономикалық мәселелер.*

Бұл тарауда мынадай мәселелерді қарастыру қажет:

- елдегі меншік құқықтарын сақтау - конституциялық және өзге құқықтық заң ережелері;
- экономикалық құрылымдар мен ережелер, бұған елде жүріп жатқан меншіктеу процестері және, мүмкін болса, күтіліп отырған шаралар туралы ережелер жатады;
- ақша және банк жүйелері;
- жұмыссыздық, сауда-саттық, инвестициялар, тағы сол сияқты экономикалық статистикалық көрсеткіштер.

#### Әдебиеттер:

James D. Gwartney and Richard L. Stroup, What Everyone Should Know About Economics and Prosperity. (1993). (Джеймс Д. Гуартни және Ричард Л. Струуп, "Экономика және өркендеу туралы әркім не білуі тиіс").

\* Келесі бөлімдерде мынадай еңбектерден дәйексөздер келтіріледі:

Charles F. Bahmueller, General Editor, CIVITAS: A Framework For Civic Education. (1991), pp. 188-192. (Чарльз Баамюллер, Бас сарапшы, "СИВИТАС: Азаматтық білім берудің аясы", 1991. 188-192 беттер).

P.A. Samuelson, Economics: An Introductory Analysis. (П.А. Сэмюельсон, "Экономика: Кіріспе талдау").

балал:  
ақша  
шағас  
көпте  
болма  
өмірі  
болал  
кеней  
шағас  
өлеу  
алаты  
тоқта.

басқа  
Карл  
берге  
отбас  
ешкім  
дәстү  
кибу  
адам  
форм  
бұл с

ен жи  
моно  
туды  
"тізб  
әріне

болу  
құры  
жерд  
отыр  
мәде  
мәде  
беріл  
салқ

## II тарау: Отбасы

Отбасы ең бастапқы әлеуметтік бірлестік болып табылады. Кімде-кім өз тағдырын өзге адаммен қосуға және, мүмкін, бала өсіруге бел байласа, онда отбасылық ұя құрылады. Бұл – моногамиялық отбасының үлгісі; оны кейде "нуклеарлық" (ядролық) деген физикалық термин арқылы да атайды, оның себебі кез-келген ядро затты құрайтын бөлшек қой. Яғни бұл жерде отбасы қоғамды құрайтын құрылыс материалына тенеліп отыр.

### (1.) Отбасы түрлері.

"Нуклеарлық" немесе моногамиялық, яғни дара некелі отбасы ең көп тараған - ата-ана мен олардың балаларынан құралатын - отбасының түрі болса да, өмірде некелік отбасының басқа да түрлері кездесетіні ақиқат. Біріншіден, тек күйеуі мен әйелінен құралатын некелік отбасылар бар. Некелік одақтың бала-шағасы болуы да, болмауы да мүмкін, бұл ерлі-зайыптылардың қалауына ғана байланысты емес, басқа да көптеген жағдайдан туындайтын көрініс. Ерлі-зайыптылардың бірі не екеуі де бала көтеру мүмкіндігіне ие болмауы, немесе балалары өліп қалуы мүмкін. Дегенмен, екі жан (әдетте, карама-қарсы жынысты) өз өмірін, болашағын және материалдық меншігін біріктіруге шешім қабылдаса, онда жаңа отбасы пайда болады.

"Нуклеарлық" (дара некелік) отбасынан басқа, құрамына туған-туысқандары енетін, отбасының кеңейтілген түрі де болады. Мұндай отбасына, әдетте, ерлі-зайыптылардың өздерінен бөлек, үйленген бала-шағасы және олардың жұбайлары мен балалары да кіруі мүмкін. Бұл өте маңызды концепция, басқа әлеуметтік байланыстардан гөрі, әсіресе, отбасылық қарым-қатынасқа зор мән берілетін қоғамдарда оның алатын орны ерекше. Бұл концепцияның маңызды экономикалық салдары да бар, ол мәселеге біз төменде тоқталамыз.

Отбасылық құрылымдардың дәстүрден гөрі пәлсапалық пікір мен көзқарастарға көбірек сүйенетін басқа да түрлерін тәжірибелік (эксперименттік) отбасы түрлері ретінде қарастыруға болады. Мәселен, Карл Маркс өзі "буржуазиялық" деп сипаттаған және долбарлы түрде "нуклеарлық отбасы" деп анықтама берген - әйелі күйеуінен толық экономикалық, психологиялық және әлеуметтік тәуелділікте болатын - отбасы түрін жақтырмайтындығын талай білдіргені мәлім. Сірә, Маркс отбасының коммуналдық - ешкім ешкімнің "меншігіне айналмайтын" - құрылымын қаласа керек. Қысқаша айтқанда, Маркс отбасының дәстүрлі нуклеарлық түрін таратуды насихаттағандай болып көрінеді. Сол тәрізді, Израильде кездесетін *кибуцтар* әлеуметтік құрылымның ерекше түрі - мұнда отбасылық қатынас мүмкіндігінше шектелген, адамдар бірге тұруына болады, балалар да бірге ойнайды және кейде жыныстық тәжірибенің түрлі формаларына да жол ашылған. Мұндай құрылымдар кейбір батыс елдерінен де байқалып қалады, алайда, бұл сирек кездесетін құбылыс.

Нуклеарлық семьялардың бәрі бірдей моногамдық емес. Моногамия, сөзсіз, ерлі-зайыптылықтың ең жиі кездесетін - бір күйеу мен бір әйелден тұратындығымен айқындалатын - отбасының түрі болса да, моногамияның басқа да көптеген формалары кездеседі. Мәселен, ажырасу рәсімі пәлендей қиындық тудырмайтын елдерде, қайта-қайта үйлену не күйеуге шығу нәтижесінде пайда болатын отбасының "тізбекті моногамия" деген түрі жиі ұшырасады. Яғни адамдар бірнеше рет үйлену, не күйеуге шығу - әрине, әр уақытта және әр адамға - мүмкіндігіне ие болады.

Моногамияға қарсы ұғым - полигамия. Ерлі-зайыптылықтың мұндай түрі еркектің бірнеше әйелі болуына рұқсат береді. Полигамияны ұстанатын "мәдениеттер" (елдер, ұлттар немесе қоғамдық басқа құрылымдар) санын дәл басып айту өте қиын, себебі "мәдениеттің" өзін дәл анықтау оңай емес. Бірақ бұл жерде назар аударатын басты нәрсе - уақыт ағымына қарай мәдениеттердің өзгеріп (кейде түбегейлі түрде) отыратындығы. Антропологиялық жіктеулерге сүйенсек, қазіргі заманғы дүниеде 250-ге жуық түрлі мәдениеттер өмір сүретіні анықталған, соның 193-і полигамияның қандай да бір формасын пайдаланатын мәдениет ретінде сипатталған. Мұсылман елдерінің бірқатарында полигамияға ресми түрде рұқсат берілген. Алайда, бүгінгі таңда қоғамдық пікір мұндай отбасылық құрылымға бұрынғыдан гөрі салқынырақ қарайтындығы байқалады.



Бұған қарама-қарсы, полиандрия - немесе көпкүйеулік тәжірибесі - өте сирек кездесетін құбылыс. Полиандрия жоғарыда аталған 250 мәдениеттің екеуінде ғана орын алған; мұндай феномен -өте сирек құбылыс - әлдебір себептерге байланысты әйел қауымы жетіспейтін жағдайлармен шектелетін болса керек.

## (2.) Отбасының қызметі.

Отбасының бірнеше қызметі, - соның ішінде жеке, әлеуметтік, сонымен қатар, әрине, экономикалық мағынадағы қызметтері, - болады. Әлбетте, отбасының негізгі қызметі -- еркектер мен әйелдер арасындағы жыныстық қатынастарды реттеу, заңдастыру. Алайда, кейбір елдерде, мәселен, АҚШ-та гомосексуалистер де өз "отбасыларын" құруға рұқсат алу үшін күресуде. Мұның себептері психологиялық және, сол сияқты, заңдық мәселелерге келіп тіреледі.

Әртүрлі мәдениеттерде некеден тыс жыныстық қатынастардың әрқилы заңдық және моральдық үлгілері қалыптасқан. Кейбір жағдайларда "суыт жүріс" үшін - некеден тыс жыныстық қатынасқа түскендік үшін - өлім жазасы да қолданылған. Ал мұндай іске діни қағидалар арқылы тыйым салынған жерлерде күнәлі адамдарға қашан да әлеуметтік аластатудан бастап, жұмысынан және әлеуметтік жағдайынан айыруға дейін баратын жаза түрлері қолданылады деуге болады. Некеге дейінгі қатынастарға тыйым салынатын жағдайлар да кездеседі, дегенмен, аталған мәдениеттердің тек бестен бірінде ғана ондай қатынастар шынымен айыпталатын сияқты. Алайда, кез-келген қоғамда инцестке, яғни қан араластыруға барынша қатаң тыйым салынады. Бұл тұста айта кетерлік жәйт - аталған қатынастарға едәуір жұмсақ шектеулер корольдік отбасыларында және тек европа елдерінде ғана емес, сол сияқты египеттіктер мен инкілер арасында да орын алғандығы. Бірақ қан араластырудың генетикалық тұрғыдан алғандағы қатерін еске алсақ, мұның нәтижесі сан соқтырарлық қасыретке апарғанын да ұмытпаған жөн.

Бәлкім, отбасының негізгі экономикалық қызметі үй, отбасы мүшелеріне арналған баспана жасау, яғни олар психологиялық, тәндік және басқа мағынада өздерін қауіпсіздікте сезінетін жағдай тудыру шығар. Жұбайлық қатынастар қилы тарихи кезеңдерде және түрлі мәдениет аясында рухани қолдаудың әртүрлі дәрежесіне қол жеткізетін. Сол себептен отбасылық тәндік жайлылық пен қолқабыстың түрлі дәрежелері де орын алған. Кейбір жағдайларда балалардың мүмкіндігінше ертерек есейіп, тәуелсіздік алуына қолдау көрсетіледі. Ал басқа бір реттерде отбасылар өз мүшелеріне өмір бойы баспана беріп, басқа да көмек түрлерін көрсетіп отырады. Адам сәбиі сүтқоректілердің ішіндегі ең қорғансыз және тәрбиелеуді қажет ететіндер қатарына жататыны белгілі. Балаларды ұзақ уақыт тамақтандырып, киіндіріп, асыраудан басқа, оларға кең білім беру қажеттілігі де тұрады. Перзенттерді әлеуметтендіру, яғни қоғамдық өмірге бейімдеу - отбасының алдында тұрған барынша мол уақыт пен күш-жігерді талап ететін күрделі мәселе. Бұл орайда, түрлі әлеуметтік топтар мен түрлі адамдар, тіпті бір мәдениет пен бір қоғамның ішінде де, бұл мақсатты жүзеге асыру мәселесінде әрқилы көзқараста болатынын айта кеткен жөн. Алайда, отбасының ең маңызды мақсатының бірі келешек ұрпақты тәрбиелеу екеніне еш күмән келтіруге болмас.

Отбасы өркениетті тәртіптің өзекті де айнымас құрамы екендігі айдан анық. Көптеген жағдайда, отбасылар белгілі бір мөлшерде мүлікке иелік етеді. Оның құрамына жылжымайтын мүлік енуі де, енбеуі де мүмкін. Кейбір отбасылар көшпенді өмір сүру салтын ұстанады, алайда, мәдениеттердің көпшілігі - отырықшыл; себебі отырықшыл өмір салты қауіпсіздеу және, сонымен бірге, экономикалық тұрғыдан қарастырғанда да пайдалырақ. Адамдар арасында ұжымдаса қимыл жасау мәселелелеріне үйрету өмірдің алғашқы кезеңінде-ақ, отбасының өз аясында жүргізіле береді, себебі отбасының әрбір мүшесі өз қажеті мен өзгелердің мүддесін ескереді. Бұл мағынада отбасы өркениетке баулу міндетін де атқарады.

## (3.) Отбасы және меншік.

Иудейлік-христиандық Тауратта суреттелген патриархалдық отбасы түрі Батыс Европада өте-мөте ықпалды бірлестік болды. Авраам мен оның ізбасушылары отар-отар малдары бар көшпелілердің көсемдері болатын, сонымен бірге олар өз отбасыларындағы шешім қабылдаушы басты тұлғалар еді. Рим империясында отбасылық әулеттің иесі - отағасы - саяси және экономикалық мәселелерде отбасының атынан шешім қабылдайтын, ал оның балалары үйленгеннен кейін де отбасы аясында, демек, кенейтілген отбасы құрамында тұра беретін. Әйелдердің жағдайы әлдеқайда төмен еді, сайып келгенде, олардың меншікке құқығы болмады. Римдік отбасылық құқық бүкіл батыс әлеміндегі жалпы құқық жүйесінің маңызды құрамы ретінде қалды.

Мұра мәселесі күрделі нәрсе, мазмұны жағынан ол әр мәдениет өрісінде және әр тарихи кезеңдерде белгілі бір мөлшерде өзгеріске ұшырап отырды. Европа шаруаларында ферма, мәселен, дәстүр бойынша бүкіл отбасына қарайтын. Бірақ, Англияда ол үлкен ұлға мұраға қалатын (мұндай тәжірибені алғаш туылғандық заңы деп атайтын), ал енді Франция мен Рейнландияда балалардың бәрі отбасы мүлкіне тең құқылы болатын. Дегенмен, бұл екі елде де үлкен ұл деревняда отбасының атынан сөйлеп, үй ішінде даулы жағдай туа қалғанда кесімін айтатын жауапты тұлға ретінде қабылданатын. Дәстүрлі қытай мәдениетінде отбасы жүйесінде ұл балалардың артықшылығы қатаң сақталды, мұнда да мұрагерлік құқық тек ұлдарға қатысты болды, мүлік әкенің барлық ұлдарының арасында тең бөлінетін. Бұған қарама-қарсы, алғаш туылғандықтың артықшылығы Жапонияда бұлжымас заң ретінде қарастырылады. Мұндай тәжірибе мүлікті бөлісуде өте маңызды салдарға ие, сол секілді әлеуметтік құрылымдарға да маңызды әсер етеді. Көптеген мәдениеттерде мұрагер-ұл әкесімен қандас байланыста болуы шарт. Мысалы, Қытайда қандас байланыстар аса жоғары рөл атқарады; сондықтан баланы асырап алу аса қиын. Ал көрші Жапонияда немесе Батыс Европада бұл мәселеге байланысты жағдай - түбірімен өзгеше.

Конфуцийлік отбасы идеясы - тек ата-анасы мен балаларынан тұратын нуклеарлық отбасы емес, құрамына бес ұрпақ өкілдері енетін кеңейген отбасы. Және де, шын мәнінде, ауқатты да бай қытай еркектері, әдетте, бірнеше әйел алатын және қанша ашына асырай алса, соншасын ұстайтын. Біз бұдан мәдениет пен экономикалық мәселелердің бір-бірімен қоян-қолтық жүретінін көреміз - халықтың бай бөлігінің әдет-ғұрпы кедейлердікінен өзгеше. Шынтуайтына келгенде, бұл барлық мәдениеттерге де қатысты жәйт. Бұл мәселеде айқын байқалатындай белгілі бір географиялық шекара жоқ. Мына бір қызықты фактіні ескерген жөн: отбасылық қарым-қатынастың кейбір маңызды тұстарына келгенде, оңтүстік Италиядағы дәстүр-салттар Қытайдағы тура сол мәселелерге өте ұқсас екен. Ал екі ел арасындағы басқа жағдайларда мәдени және діни айырмашылықтар жер мен көктей. Қандас қарым-қатынасқа аса үлкен маңыз беру (отбасы мүшесі емес) басқа адамдарға тура сондай сенімсіздік тудырады, бұл тіпті кішкентай қауым ішінде де байқалатын көрініс. Сірә, мұндай қоғамдарда сенім дәрежесі тым төмен болса керек. Мүмкін, соның салдарынан шығар, Қытайда да, сол сияқты оңтүстік Италияда да ірі корпорациялар сирек, жеке фирмалар шағын, әлсіз, отбасылық болуға бейімделген. Соған орай, Қытайда да, оңтүстік Италияда да отбасылық фирманың ұжымы қожайынның ұлдары мен қыздарынан, басқа туған-туыстарынан құралады. Мұндай әдіс кадрларды іріктеудің дұрыс әрі пайдалы жолы бола алмайды, сонымен бірге ол ірі құрылымдардың тууына кедергі келтіреді.

Жапондық отбасында ішкі байланыс Қытайдағыдан немесе оңтүстік Италиядағыдан гөрі әлдеқайда әлсіз. Мұның өте маңызды экономикалық салдар тудыратынын байқау қиын емес. Жапония да, Қытай секілді, Конфуций ілімін ұстанатын ел болса да, және соған орай - ұл парызы жоғары дәріптеліп, әйел қауымы еркектерге бағынышты жағдайда - болса да, шын мәнінде, бұл екі азиялық мәдениеттің арасында елеулі өзгешеліктер орын алған.

Жапонияда, мәселен, асырап алу ережелері әлдеқайда жұмсақ екенін ескерген жөн. Оған қоса, орта ғасырларда Жапонияда мынадай дәстүр жүзеге асырылатын: отбасылық үй немесе отбасылық іс мұраға жасы жасыған үлкен ұлға немесе отбасы үлкен ұл ретінде тағайындаған кісіге қалатын. Өз кезегінде, мұндай кісі отбасы мүлкін басқа ұлдармен бөліспеуге де қажысы бар болатын, өйткені кіші балалар отбасынан бөлектеніп, өз күнін өздері көруге тиісті еді. Осыған байланысты жасы кіші ұлдар өмірден өз жолын іздеп, бірі әскери қызмет етуге бейімделсе, енді бірі мемлекет орындарында жұмыс істеп, немесе ғылым мен өнер салаларында бағын сынайтын болған. Бұл дәстүрдің нәтижесі мынадай: бір адамның қол астына қарайтын және зор корпорацияларға капитал тауып бере алатын ірі меншік орындары пайда болды. Ал бұл елде қандастық қатынастарға аса маңыз берілмейтін болғандықтан, ірі корпорациялар және мұндай бизнес түрлерін құру үшін аса қажет шарт - сенім болып табылатындықтан, бұл елде кеңінен етек жайған құбылысқа айналды. Отбасының күші ұлттың әлеуметтік бірлігінің сезімтал барометрі ретінде де көрініс береді. Ал отбасы бұзылып, ажырасулар көбейген кездерде, соған байланысты некесіз туған балалар, тәрбиесіздік, нашакорлық және қылмыстың етек алуы сияқты өзекті әлеуметтік мәселелер де қаулап сала береді.

#### (4.) Этикалық құндылықтар мен отбасылық құқық.

Этикалық құндылықтар адамның іс-әрекетінің маңызды аспектісі болып табылады. Адамдардың бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайтындығы, бір-біріне деген сыйластығы, қоян-қолтық өмір кешуі және дамып-өркендеуі гүлденген өркеннет құруға мүмкіндік тудырады. Және, керісінше, адамдар біріне-бірі төзе алмаса, жалпылай қабылданған және бүкіл қоғамға қатысты тәртіп үлгілерін мойындамаса, онда олар өз ғұмырын өмір бақи таршылық пен алаңдаушылықта өткізуге мәжбүр болар еді.

Этикалық үлгілер, әсіресе, отбасылық өмірге және адамның мінез-құлқына қатысты мәселелер, елге, мәдениетке орай біршама ерекшеліктерге ие болып келеді. Мәселен, адамдардың көпшілігі ерлі-зайыптылар арасындағы махаббат пен мейірімсіз отбасылық өмір мүмкін болмайды деп есептегенімен, мұны жұрттың бәрі күмәнсіз қабылдайтын ақиқат деп айтуға тағы болмайды. Кейбір мәдениет аясында неке кию ең алдымен меншік алмастыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік келісім болып табылады. Кейбір жерлерде баланың буыны қатаймай тұрып-ақ құдалық құру салты бар, сәби өмірге келмей жатып та құда түсу рәсімдерін жасау кездеседі. Кейбір әйел баласының меншікке құқығы жоқ мәдениеттерде күйеуге шығу әйелді ата-анаға тәуелділігінен күйеуіне тәуелділікке көшуді заңдастырады. Бұл, әсіресе, некенің кейбір түрлеріне - рим салтындағы некеге, жапон самурайларының некесіне, дәстүрлі қытай отбасысы үшін, индус отбасыларына, еврейлердің ортодокстік дәстүрлерге сай некесіне, сондай-ақ, германдықтар мен кельттердің дәстүрлі заңына және, ең ақырында, мұсылман салттарына сай келеді. Некелік ғұрыптардың көпшілігінде үйленушілердің сақинамен алмасу рәсімі меншік өткізуді бейнелейді, ал ағылшынның неке киюды белгілейтін "wed" сөзі көне англо-саксонның белгілі бір уәдені орындауға міндет алу мағынасын беретін сөзінен шыққан.

Кей жағдайларда келіннің артынан жасау беріледі; басқа бір мәдениеттерде келіннің отбасысы қызы үшін белгілі бір төлем алады. Ортаға адам салып құда түсу көптеген елдерде, әсіресе Жапонияда, Қытайда, сол сияқты Батыс Еуропа елдерінің бәрінде дерлік кең таралған көрініс. Кейбір құқықтық жүйелерде әйелдің келісімі қажет етілмейді. Бұл, әсіресе, көне тарихта жиі байқалған құбылыс болатын. Алайда, уақыт өте келе неке кию үшін екі жақтың ерікті келісімі көбірек қажет етіле бастады.

Некенің құқықтық сипаттары отбасының меншігін бөлісу хақындағы шешімдермен қатар (бұл мәселелердің, әсіресе, бүгінгі таңда маңызы зор екенін еске сала кетейік, себебі қазіргі қоғамда әйелдердің меншіктік құқығы кең, олар жеке меншікке ие болуға хақылы) ортақ балаларға байланысты құқықтық қарым-қатынастарды да реттейді. Некені бұзу кезінде, мейлі ол ажырасуға, бөлінуге немесе жұбайлардың бірінің өліміне байланысты болсын, отбасы мүшелерінің әрқайсысына қатысты орындалуға тиісті көптеген жағдаяттар туындауы мүмкін. Ажырасу жөніндегі заңдардың көбісі неке бұзу барысында асырау және қамқорлыққа алу мәселелеріне көп көңіл бөледі, яғни көмекке толмаған балаларды кім асырауы керек және осы сұраққа орай қандай мәселелер алдын-ала шешілу керектігіне назар аударады. Әрине, неке бұзудың құқықтық жақтары олардан әлдеқайда маңызды этикалық мәселелердің бір бөлігі ғана болып табылады. Және бұл орайда салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптармен қатар діннің де зор әсерін ұмытпаған жөн. Мәселен, католиктер басым елдерде ажырасу аса қиын нәрсе, кейде тіпті мүмкін емес. Сол сияқты, жыныстық тәртіп діни және эстетикалық нормалар мен әлеуметтік мораль аумағында реттеледі. кейде қоғам ресми үйленбеген жұптардың некеден тыс өмір сүруіне "қабак шыта" қарайды, алайда, мұны қылмыс деп тану міндет емес. Сол сияқты, даражыныстық қатынастар жайында да осыны айтуға болады.

Отбасы институты үшін ерекше маңызды екі түрлі этикалық құндылықтар құрамасын атауға болады: олар - жауапкершілік және сенім. Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың негізінде ең алдымен жауапкершілік жататыны белгілі. Ата-аналар өз балаларына қамқорлық жасауға міндетті, ал егер іс жүзінде бұл міндет әлдебір себептермен орындалмаса, - әдейі ме, әлде амалсыздық салдарынан ба, - онда бұл мәселеге, әдетте, мемлекет немесе қауымдастық араласуы мүмкін, көп жағдайда солай болады да. Сол сияқты, балалар да өз ата-анасын олардың ауырған не қартайған шағында қамқорлыққа алады деп күтіледі. Мұндай қамқорлық туған бауырларына да қатысты, бірақ соңғысы сирек кездеседі. Жауапкершіліктің мұндай түрлері барлық елде заң түрінде тұжырымдалмаса да, бұлар өркеннетті тәртіптің жалпылай қабылданған нормалары болып есептеледі. Сенім отбасы мен отбасылық қатынастар аумағында міндетті түрде орын алуға тиіс азаматтық құндылық болып табылады. Десек те, сенімді міндет тұрғысында қабылдауға тағы болмайды. Діни кітаптарда ағайынды адамдардың бір-біріне

қалай сатқындық жасағандығы туралы аңыздар да келтіріледі, тіпті балаларын тастаған ата-аналар да болған. Ол ұлағаттың бәрі балаларға өз ата-анасын сыйлап, құрметтеуді тапсырса да, отбасы ішінде сенімнің болмауы сирек кездесетін құбылыс емес. Алайда, отбасы сенімнің қайнар бұлағы екендігіне күмән келтірудің реті жоқ. Сонымен қатар отбасы - жанға жайлылық сыйлайтын, қауіп-қатерден қорғайтын орта, өзара түсіністік ұясы. Жеке жанға отбасы оған қажет орта сыйлап, оның тәуелсіздігі мен ынта-жігеріне қол сұқпай, сонымен бірге өз мүмкіндіктерін молынан пайдалана алатындай жағдай жасайды деп есептеледі. Асылы, отбасы өзінің әрбір мүшесінің күшіне күш қосып, қажыр-қайрат беріп, қанаттандыра алса, онда өзінің қызметін барынша жоғары деңгейде жүзеге асыра алғандығы. Осы себептен де кейбір саяси философтар отбасын теңгеріп, одан гөрі зор көлемдегі саяси үлгі құруға талпыныс жасаған. Бұл әрқашан мүмкін бола бермейді, бірақ та мұндай талпыныстардың отбасыны - негіз қалаушы әлеуметтік бірлік болумен қатар, барынша "табиғи" құрылым деп түсінуден туындайтынын есте ұстаған жөн.

### *(5.) Жеке елдерге тән отбасылық мәселелер.*

Бұл тарауда мынадай мәселелер қамтылуы керек:

- Елдің түрлі этникалық топтарындағы отбасы құрылымы;
- Отбасылық құқық: мүлікті мұраға қалдыру, ажырасу, неке кіню, отбасылық мүліктік құқық;
- Әлеуметтік статистика (қаншалықты қол жеткізуге болатынын ескере отырып);
- Кәмелетке толған жастардың алдында тұрған мәселелер.

#### Әдебиет:

George Murdock, Social Structure (1949). (Джордж Мердок, "Әлеуметтік құрылым", 1949).

J.Aldous and R.Hill, International Bibliography of Research in Marriage and the Family. 1960-1964. (1967).

(Дж.Альдус және Р.Хилл, "Отбасы және некелесудің халықаралық библиографиясы, 1960-1964", 1967).

D.R. Blitzen, The World of the Family (1963). (Д.Р. Блитцен, "Отбасы әлемі", 1963).

J.N. Anderson, ed., Family Law in Asia and Africa. (1968). (Дж. Н. Андерсон, сарапшы, "Азиядағы және Африкадағы отбасылық құқық", 1968).

W.Friedman, ed., Matrimonial Property Law. (1955). (У.Фридман, сарапшы, "Отбасылық меншіктік құқық", 1955).

Francis Fukuyama, Trust: The Social Virtues and the Creation of Prosperity. (1995). (Френсис Фукуяма, "Сенім: Әлеуметтік табиғат және өркендеудің құрылуы", 1995).

### III тарау: Мемлекеттің шығу тегі.

Мемлекет идеясы көбінесе саяси ұйымға қатысты. Жалпы бұл идеяны беру үшін кейде бірін-бірі алмастыратын сөздер қолданылып жатады, мәселен: ел, ұлт, өкімет деген сықылды. Кейде осы терминнің әлдебір мағынасын жеткізу үшін "ата мекен", "отан-ана", "туған ел" немесе "патшалық" тағы басқа сол сияқты сөздер қолданылып жатады.

**Мемлекет ұғымының өзі сан қырлы:** бұл белгілі бір аумақ шегінде (территорияда) өмір сүретін және дербес саяси бірлік құрайтын адамдарға қатысты айтылуы мүмкін немесе, сөздің тар мағынасында, осы аумақ аясында қабылданған басқару формасы мен үкімет ұғымын білдіреді. Ал шын мәніне келсек, бұл екі ұғым кей тұстарда бір-біріне қайшы келуі де ғажап емес, себебі кей жағдайда әлдебір мемлекетте тұратын тұрғындардың басым көпшілігі өз үкіметі бүкіл халықтың өкілі болуға қақысы жоқ деп есептеуі мүмкін. Бұл, мәселен, билік басына өкіл тандаудың сайлау сықылды тетігі жұмыс істемейтін кездерде әділ болуы әбден мүмкін нәрсе.

Қолдарыңыздағы оқулық мақсаттары үшін "мемлекет" терминінің мағынасы ретінде оның бірінші мәні қабылданды, ал "үкімет" сөзі оның екінші мағынасында пайдаланады; бұл туралы келесі тарауда егжей-тегжейлі әңгімеленбек.

#### (1.) Зандылық және мемлекет.

"Мемлекет" ұғымы "ұлт", "нация" сөздерінің баламасы емес. Кейде қос түсініктің мәнін қатар беру үшін "ұлттық мемлекет" терминін пайдалануға болады. Көбінесе "ұлт" терминін пайдалану "ұлттық мемлекет" идеясын түсіндіру үшін қолданылады. Көп ұлтты мемлекеттер де құрылуы мүмкін, бұл жағдайда арнайы аумақтық (территориялық) және өкімшілік құрылымдар қажет етіледі. Екінші жағынан, ұлт ортақ тіл арқылы бірігетін (көп жағдайда осылай болғанымен, бұл міндетті шарт емес) және ортақ тарихы бар халық. Мемлекеттер саналы саяси әрекеттер негізінде, белгілі бір саяси құрылымға біріккісі келетін (немесе, кей жағдайда, соған өздерін міндетті санайтын) адамдарды түгел қамти отырып, құрылуы мүмкін. Мемлекеттер егеменді немесе "тәуелсіз" саналады, бірақ олардың шынайы тәуелсіздік дәрежесі, сайып келгенде, олардың өз егемендігін іс жүзінде қуаттай алу қабылетіне және, сол сияқты заңдар қызметіне байланысты. Өз елінің ауқымы аясында мемлекеттер жоғарғы және ерекше саяси билікке ие.

Мемлекет концепциясы батыстың саяси философиясында салыстырмалы түрде жана ұғым. Көне гректердің "қала-мемлекеті" немесе *полистері* "ұлттық мемлекеттің" алғашқы көрінісі болды, ол идеяның пісіп-жетілуі үшін екі жарым мың жылдай уақыт қажет болды. Гректердің "қала-мемлекеті" өкімшілік жағынан шектелген дербес саяси бірлік еді, сөйтсе де оның бүгінгі күні "мемлекет" деп аталатын саяси бірлікке сай кейбір негізгі сипаттамалары да болды: ол тәуелсіз еді, белгілі бір аумаққа иелік ететін және оның билігін бодандары да мойындайды. Сонымен қоса, "қала-мемлекеттің" жәй ғана саяси бірліктен гөрі мәні жоғары болатын: ол көп жағдайда өз азаматтарының мәдени және діни өмірін қадағалап әрі қолдай отырды. Ол кезде шіркеу мен мемлекеттің жігі әлі ажырамаған заман еді, осы соңғы факт кейінірек әсіресе, он сегізінші ғасырдан кейін, батыс мәдениетінде айрықша маңызды рөл атқара бастады. Тағы бір ескеретін жәйт, "қала-мемлекеттердің" көлемі тым шағын еді, сол себепті оларға қазіргі мемлекет ұғымына сай сипаттамаларды таңудың реті келе бермейді. Бүгінгі таңда Батыс Европадағы Лихтенштейн мен Монако ғана "қала-мемлекет" ұғымына біршама жақын түр, бірақ бұлар ережеден гөрі ерекше жағдайға бейім.

Римдіктер, - атап айтқанда, мысалы, Цицерон (106-143 жж.) - *республика (res publica)* терминін қауымдастық мағынасында қолданды, бұл мемлекеттің құқықтық құрылымын баса көрсететін. Римдіктерде республика өз құрамына аумақтық жағынан бүгінгі Италия мен оның сыртындағы провинцияларды қамтитын бірнеше қаланы кіргізетін. Кейінірек, орта ғасырларда, Батыс Европада *республика* термині бүкіл христиан өлемін қамту үшін қолданылды.

"Мемлекет" сөзі, оның біз бүгінгі таңда қолданып жүрген мағынасын алсақ, ең алғаш рет итальяндық философ Никколо Макиавеллидің атақты еңбегі - "Государь" (Патша ағзам) кітабында

келтіріледі. Кітап 1513 жылы жазылған (алайда, одан ертеректе ол бұл мәселені өзінің басқа, аса белгілі емес еңбегінде - рим тарихшысы Тит Ливийдің Трактаттарына берген түсініктемелерінде - кенінен талқылаған болатын). "Государь" саяси пәлсапа мәселелеріне арналған бұрын-сонды жазылған еңбектердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі болды. Бұл кітап "патша ағзамдарға" және көсемдерге арналған оқулық ретінде құрастырылған, онда мемлекет егемендігін сыртқы агрессордан қалай қорғау жолдары туралы барынша нақты, тіпті кейде дәрекі мәнерде әңгімеленген. "Государь" ("Патша ағзам") деген еңбегінде Макиавелли мемлекет мағынасында (кейде "принципалитет" деп те аталған) халық пен оның бостандығын қорғау үшін ақылды да дарынды билеушілерді (бұлар өздерінің осы қасиеттеріне қосымша әскери білім мен қабылеттерді қосуға міндетті) қажет ететін өзіндік саяси бірлікті түсінді. Бұл ұғымның Макиавеллидің шешендік шеберлігінің арқасында тілінің өткір ұшталуының бір қыры, оның мемлекеттің негізгі функциясы өз азаматтарын қорғау деп ұғынуында жатқандығынан болуы мүмкін. Бұл қарапайым да түсінікті ой еді және сақадан тыс-ақ айқын бағыттарды меңзейтін. Алайда, Макиавелли мемлекеттің шығу тегінің негіздеріне егжей-тегжей тоқталмады; ол тек негіз ретінде мемлекеттің қажеттілігін және азаматтардың өз бостандығы мен құқықтарын сыртқы жаудан қорғалуын талап ететінін өздiгiнен түсінікті факт ретінде қарастырды.

Алайда, дәстүр бойынша, адамдар қашан да мемлекеттің өмір сүру қажеттілігін ақтауға тырысатын. Мүмкін, бұл мемлекеттің қашан да билікті пайдалану қажеттігін тудыратындығынан болар. Яғни, қайсы бір адам екінші біреуге билік қолданса, - мейлі ол сол адамның өз пайдасы үшін қолдансын, немесе пайдасын көздеуге міндетті болсын, - бәрібір бұл жағдайда сол билікті ақтау қажеттілігі тумап қоймайды. Иудей-христиан дәстүрлері кез келген күш пайдалануды ақтаудың қайнар көзі ретінде Құдайға жүк артады. Атап айтқанда, орта ғасырларда принцтер немесе патшаларға билік арту жоғарғы билігі Құдайдың қолында деп есептелді. Сонымен бірге мұндай билік, өз кезегінде, шіркеу билігімен шектеліп, соған бағынышты болуы керек еді, себебі, олардың түсіндіруі бойынша, шіркеу Құдайға бір табан жақын, сондықтан ақсүйектер билігінен жоғары.

17 ғасырдағы танымал батыс философтарының бірі ағылшын Томас Гоббс (1588-1679жж.) мемлекеттің өзекті ерекшеліктері - егемендігі мен оның заң шығаруға құқылы орталық элементі - туралы мәселені кеңінен талқылады. Гоббс өзінің "Левиафан" атты кітабында мемлекетсіз, заңсыз және тәртіпсіз өмірдің сұмдығын майын тамыза суреттейді. Гоббс үшін мемлекет керек пе, керек емес пе деген сұрақ тұрған жоқ; ол адамдарға, егер олар өмір сүргісі келсе, саяси қоғам құрудан өзге жол жоқ деп түсінді. Әрине, саяси құрылымның, тіпті ұрықтық дәрежесінің өзінде, өркениет үшін қажет те пайдалы болғаны рас.

Гоббс мемлекет орнаған соң, оның субъектілерінде еш құқық қалмайтынын болжаған болатын. Бұл, әрине, олай емес еді. Іс жүзінде басқаша болуы ықтимал - мемлекеттің негізгі қызметі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болғандықтан, егер мемлекет бұл қызметін ақтамаса, онда азаматтар оған бағынбай, нәтижесінде басқа мемлекет құруға құқықты болар еді.

Гоббс мемлекеттің қандай мүдде негізінде орнатылуы турасында да өз пікірін білдірді, дегенмен, моральдық тұрғыдан қарастырғанда, ол пәрменді түсіндірме емес еді. Бұл мәселеге ол, негізінен, бір жақты әрі тар мағынада баға берді деуге болады. Ал мемлекетті құрудың өнегелік, яғни моральдық негізін ұғындырған басқа ағылшын философы, Гоббстың замандасы Джон Локк (1632-1704жж.) болды. Өзінің көзқарасын ол сол кездегі либералдық саяси пәлсапаның ең бір ықпалды туындысы болып танылған "Екінші Басқару туралы Трактат" деген еңбегінде (1690ж.) жариялаған еді. Локк онда саяси қоғам, Гоббстың ойлағанындай, жалаң пайда тұрғысынан ғана керек емес, сонымен бірге оң моральды бойына сіңірген жағдайда, этика мен ақыл-ойдың белгілі бір негізгі принциптеріне бағынышты да болады деп дәлелдеді.

Локктың басқару туралы теориясына түрткі болған негізгі ой мынау еді: еркектердің бәрі де теңдікте жаралған (әйелдер де деп баса айта кетілуі тиіс), демек, әркім өмір сүруге, бостандыққа және меншік иеленуге тең құқылы. Локк меншік иелену құқығын өмір сүру және бостандық құқықтарының жалғасы ретінде қарастырады, себебі еңбектің нәтижесінде (мәселен, жерде жұмыс істеу, себу, егу) жаратылған негізгі меншік түрлерінсіз тіршілік ету мүмкін емес. Өмір сүру құқығы, шындығында, бас бостандығының бір бөлігі ғана болғандықтан (соңғы құқықты алғашқысынансыз ойға алуда, көзге елестету де мүмкін емес), Локк адамдардың бәріне әрекет бостандығын сыйлайды. Басқаша айтқанда, өмір сүру, бас бостандығы және меншік құқықтары біркелкі ұғымдар: олардың бәрі бас бостандық ұғымын қамтиды.

Алайда, бұл құқықтар оған қол сұғушыларды - кісі өлтіруші мен ұрыны, адамды зорлаушыларды жазалау құралы болмаған жағдайда бар мағынасынан айырылады. Локк идеалдық өмірде, "періштелер дүниесінде, адамдар ешкімнің ала жібін аттамай, ешкімге кедергі келтірмей, тек өз басының ісімен айналысып, отбасын және өзін асырауға мүрсат алады деп ойлады және ешқандай мемлекет оның жеке өміріне араласпайды деп сенді. Алайда, нақты өмірде мұндай дүние жок, бұл жерде біз Томас Гоббстың пікірімен толығымен келісуге бармыз. Адамдар бір-біріне зәбір көрсетуге әуес. Олар өздерінің арам пиғылдарымен миын айналдырып, арсыздыққа жетелейтін ақылсыз құмарлықтарын жүзеге асыруға бейім тұрады, соның салдарынан өмірде жамандық орын тебеді. Олар өзге адамдарға залымдық жасайды, ал нәтижесінде сол залымдық айналып, өз басына келетіндігін ойламайды.

Сондықтан, адам табиғатының нашарлығын сезіне отырып, сана адамдарды бірлесуге, сөйтіп, өзіне тумысынан тән кейбір құқықтардың азғантай бөлігінен бас тарту арқылы, жалпыны қанағаттандыратын игі жолмен жүруге итермелейді. Яғни, өздерін қорғау мақсатында, адамдар өз еркімен, азаматтардың әрекет бостандығын бұзушыларды жазалайтын құрал ретінде МЕМЛЕКЕТ құруға шешім қабылдайды. Шын мәнінде, бұл мемлекеттің қажеттілігінің нағыз либералдық негізі болып табылады: адамдардың өз еркімен өзгелердің құқықтарын аяқ асты қылатындарға ортақ қорғаныс амалын құру.

Классикалық либералдық мемлекеттің (кейде оны "капиталистік" деп атайды, алайда, бұл терминнен әдетте жақтырмау реңкі сезіледі, оған себеп аталмыш терминді ондай мемлекеттің жақтаушылары емес, қарсыластары ойлап тапқандықтан болса керек) мәнін түсінудегі көпшілік жіберетін бір қателік - мұндай мемлекет өз азаматтарына толық, шектеусіз бостандық береді-міс; әркім өз мүддесіне жету үшін ойына келгенді істеуіне болады-мыс. Алайда, бұл сипаттама да таза анархияның суреттемесі болып табылады және, Локк айтқан, "табиғат мемлекетіне" жақын. Үлгілі либералдық мемлекет әркімге өзгелермен бірдей бостандық береді, алайда оның бұл құқығы міндетті түрде өзгелердің тура сондай құқығымен шектеледі. Басқаша айтқанда, әркімнің бостандығы өзгенің "мұрнының астында" тәмамдалады. Егер бұл құқық аяққа басылса, онда қиялдағы "жаппай бостандық" құрдымға кетеді де, жаппай бассыздыққа жол беріліп, хаос басталады.

Локк монархияға, аристократияға немесе демократияға байланысты өзінің тандауын білдірген жок. Бұл бөлек мәселе еді. Оның ойынша, аталған жүйелердің қай-қайсысы да, тиісті басқару болған тұста, өмір сүре алар еді. Алайда, ол халықтың сенімін бұзу туралы айқын анықтамасы болуға тиіс мемлекеттің моральдық негізін ұсынды. Егер халықтың атынан өкілдік алған ресми тұлғалар сол халықтың мүддесін қорғай алмаса, онда олардың билігі бұдан былайғы жерде заңсыз деп табылып, өздері алмастырылуға тиіс. Қысқаша айтқанда, Локктың ұсынысы бойынша, мемлекеттің заңдылығының көзі халықтың келісімінде жатуға тиіс. Халықтың нақ өзі бас бостандығы құқығына ие, сонымен қатар нақ сол халықтың өзі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аталмыш құқықтың бір бөлігінен ерікті түрде бас тартады. Және де кез келген уақытта халық өзін қорғау құқығын сақтап қалады. Локктың пікірінше, заңдылық атаулының бәрі түптің-түбінде халықтан шығады.

Бұл теорияға байланысты негізгі мәселе мынада: шындығында, халықтың көп жағдайда бір уақытта және бір орында түгел жиналып, мемлекет құру туралы шешім қабылдауға мүмкіндігі жок. Локктың ойынша, оның ұсынған моделі ерікті бірлесу принципін суреттемесі ғана, алайда, ол әлдебір өткен тарихи мерзімде халықтың жаппай құрылтайы орын алып, олар "пәлен күннен бастап мемлекет құрылсын" деген қаулы қабылдады деп отырған жок. Керісінше, мемлекеттер саяси бірлік ретінде белгілі бір уақыт аралығында дамыған. Локктың ұсынған үлгісі бір нәрсені анық көрсетеді, ол - саяси заңдылықтың қашан да бұлдыр да жасанды болып табылатындығы. Өмірде басқаша: адамдардың көпшілігі қандай да бір мемлекетте дүниеге келеді, яғни олар өздері ғұмыр кешетін саяси жүйені таңдамайды, және, ең бастысы, адам атаулының көпшілігі мемлекеттің қалыптасуына қандай да бір үлес қосса (егер шын мәнінде қосса), онда, мәселен, түбінде өздері орындауға тиісті заңдар қабылдау арқылы жанама түрде ғана әсер ете алады.

Мемлекеттің өмір сүруін негіздеу мақсатында түрлі дәлелдемелер келтіретін басқа да көптеген саяси-философиялық ағымдар бар. Кейбір ойшылдардың пікірінше, мемлекет тәртіптің негізгі қайнар көзі және халықтан белгілі бір моральдық үлгілерді ұстануын талап етуге құқылы. Енді біреулер мемлекеттің басқа жағдайда ешқандай құқыққа ие бола алмайтын топтардың құқықтарын қорғайтынын алға созады. Бұл көзқарас кейде "заңдық позитивизм" деп аталады, оның мәнісі кез-келген құқық өз негізінде заңдық құқық болып табылады, демек, заңдық жүйеден тыс ешқандай құқық болуы мүмкін емес деген ойға

тіреледі. Бұл пікірдің осал жері - әлдебір заңдар жинағының басқа заңдар жинағынан қандай да бір артықшылығы болғандықтан, олар қабылдануға тиіс екенін дәлелдеу үшін қажетті берік теориялық негізі жоқтығында. Белгілі бір дәрежеде, бұл идеядан "заң қамтамасыз ететін күдірет" теориясының салқыны да сезіледі.

Мемлекетке қатысты ең бір қызықты пікір ұсынған Карл Маркс болды, оның ойларын Фридрих Энгельс, кейінірек В.И. Ленин қоллады. Маркс тарихи дамудың идеалдық - соңғы - сатысында, яғни коммунизмде мемлекет жоғалады деп есептеді. Оның ойынша, мемлекет, оны "буржуазиялық" философтар анықтаған мағынада, қашан да езу-жаншудың қару-құралы болып табылады. Жеке меншікті құртумен бірге мемлекет те өз-өзінен құрып сала береді.

Алайда, тарихтың тәлкегі сол, Маркс пен Лениннің көзқарастары негізінде құрылған саяси жүйе тұсында, яғни коммунистік жүйеде, мемлекет құрымақ түгілі, керісінше, барынша ұлғайып, мемлекеттік бақылаудың "тоталитарлық" немесе "тотальдық" деп сипат алған деңгейіне көтерілді. Егер біреу жеке меншікті жою неге әкеліп соғатынын болжауға тырысса, аталған жағдай ешкімді таңдандыра қоймас еді: бүкіл экономикалық қызмет барысын орталықтан ұйымдастырудың қандай да бір басқа түрі пайда болуға тиіс еді. Оны "мемлекет" дейсіз бе, не басқаша атайсыз ба - бәрібір, ең бастысы - ондай құрылым алдымен саяси құрылым болар еді, және, міндетті түрде, бүкіл билікті өз қолына жинар еді. Ақырында, мұндай құрылымның пәрменділігі де мардымсыз болып шықты және халықтың бас бостандығын орасан зор көлемде, аяусыз езіп-жаныштады. Ал егер коммунизм дәуірінде "сайлаудың" еш мәні болмағанын ескерсек (өйткені, саяси кандидат деп аталған "қайраткерлер" Коммунистік партияның басшыларымен іріктелетін), онда коммунистік мемлекет сол калпында заңсыз да болғанын түсінеміз.

## (2.) Ұлтшылдық.

Бүгінгі күні әлемнің ұлттардан тұратынына ешкім дау айта қоймас. Әлде олардың бәрі мемлекеттер ме екен? Мәселен, Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемнің мемлекеттерін ғана емес, сонымен қатар "ұлттарды" да біріктіруді мақсат тұтады ғой. Бұл түсініктердің арасында айырмашылық бар ма, жоқ па? Бар болса, ол қандай айырмашылық? Ұлт идеясы сондайлық жана және жұмбақ ұғым емес қой?

Бұл ұғымның тамыры батыс мәдениетінде жатқаны белгілі. Кейбіреулер әр мәдениетте оның мағынасы әр түрлі ұғым береді дегенді айтып жүр, мүмкін шындығында да солай шығар. Бұл ұғымның маңыздылығы зор болғандықтан, осы мәселені тереңірек ұғынғанның артықтығы жоқ.

Ұлт ұғымы мемлекет идеясымен тығыз байланыста, сондай-ақ, этникалық және тілдік біркелкілік ұғымдарымен де етене жақын. Алайда, бұл салыстырмалы түрде алғанда, соңғы уақыттарға тән көрініс. Атап айтқанда, бір тілді пайдалануды меңзейтін этникалық біркелкілік түсінігі шамамен алғанда он бесінші ғасырда, Орталық Европаны мекендеген гуситтер 1420 жылы германдарға қарсы, негізінен, чех және словак тілдерін қорғау мақсатында, соғыс ашқан кездерде пайда болды деуге болады. Англияда ағылшын тілі он бесінші ғасырға дейін құқықтық құжаттар тілі ретінде қабылданбаған еді, сонымен бірге Парламент мәжілістері он төртінші ғасырдың аяғында-ақ ағылшын тілінде жүргізілетін болған. Ал Испанияда кастиль тілі елдің ресми тілі ретінде он алтыншы ғасырда ғана пайдаланыла бастады.

Ұлтшылдықтың түп-тамырын, шығу тегін іздеп, кейбір жазушылар оған негіз ретінде әркілі тарихи оқиғаларды нұсқауға дейін барып жүр. Алайда, қазіргі ұлтшылдықтың туған кезеңі ретінде он жетінші ғасырды айтуға болар еді, нақтырақ айтқанда, ағылшын ақыны Джон Мильтон ұлтшылдықты өкімет билігінен азаттық ретінде дәріптеп, ұлтшылдықтың өзін-өзі билеу негіздерімен ішінара байланысын айқындаған жылдарды алуға болады. Бірақ Мильтон үшін бұл терминнің жеке адамға қатысты астары маңызды еді: ұлттар жеке адамдардан тұрады, ал олардың бас бостандығы (ұжым мүшесі емес, дара тұлға ретінде) маңыздылығы жағынан бірінші орында болуы керек. Ұлтшылдық содан кейін Францияда -- Жан Жак Руссоның көмегімен (1712-1778 жж.) - қоныс тепті де, бұрынғыдай емес, көпшілік реңін қабылдай бастады. Бұл құбылысты қысқа ғана және қарапайым түрде сипаттау керек болса, онда ағылшын ұлтшылдары индивидтің, яғни жеке бастың, жеке өмірін құрметтеуді талап етті де, француз ұлтшылдары азаматардың ұлттық мемлекетпен толық бірлікте болу міндетін дәріптеді деуге болады.

Батыс ұлтшылдығының жаңа белесі Жан Жак Руссоның неміс шәкірті -- Иохан Готфрид фон Гердердің (1744-1803 жж.) есімімен тығыз байланысты. Ол ұлттың негізгі айқындаушы факторы ретінде



*sens commun* -- құрайтын негізгі мәдени және рухани феномен ретінде түсінді. Оның пікірінше, адамзат өркениеті өзін әр түрлі жолдармен әрбір жеке мәдениет арқылы айқындайды және де еркектер өзінің ұлттық - және тілдік - қауымының алдыңғы қатарлы, озық мүшелері болып табылады.

Бұл ретте мына терминдердің басын ашып алған абзал. Жеке адамның белгілі бір этникалық топқа жатуы тұтас алғанда оның субъективтік тәжірибесін ескереді, бірақ әрбір индивид өзі жататын топты сезініп, соның құндылықтары мен тарихи дәстүрлерін мойындауы шарт. Ортақ тілге және кейде (бірақ әрдайым емес) ортақ дінге қоса, әлдебір этникалық топ құрамына ену үшін жалпы биологиялық шығу тегі де ортақ болуы түспалданады. Этноцентризм деп әлдебір жеке адамның өз этносын басқа этностардан гөрі жоғары қойып, бағалауын немесе сезінуін айтамыз. Этнопатриотизм деп адамдардың нақты өздерінің аумағы немесе мемлекеті үшін мақтанш сезінуін атаймыз. Бұл тұста мұндай игі сезімнің айқын түрдегі ксенофобияға, яғни белгілі бір этникалық топқа мүше емес бөтен адамдарды жек көруге, оларға сенімсіздікпен қарауға айналып кетпеуі талап етіледі.

“Тіл ортақтығы ұлтты анықтаудың негізі бола ала ма” деген сұрақ талай рет қызу талқыланған. Сайып келгенде, қалыптасқан түрлі тарихи жағдайлардың салдарынан әр елде тұруға мәжбүр адамдар әр тілде сөйлегенімен, бір ұлттың мүшесі болып қала беретін жәйттер де кездесіп отыратыны белгілі. Мәселен, кейбір молдавандар Кеңес дәуірі тұсындағы басып алу (оккупация) кезеңінде тек орысша сөйлесе алатын, алайда, олар өздерін румын деп есептеуіне болады, өйткені олардың бірнеше буынға дейінгі ата-бабалары ғасырлар бойы өздерін румынбыз деп санап келді. Бұл мәселе орысша сөйлей алатын, ал украин тілін ешқашан пайдаланбаған кейбір украиндықтарға да қатысты, сол сияқты тек қана қазақша сөйлей білетін немістер жайлы да соны айтуға болар еді және т. с. с.

Европаны 1848 жылы басып кеткен зор ұлтшылдық толқыны (бұл кезенді ұлтшылдықтың шарықтау шегіне жеткен кез деп те айтуға болар еді) бұл көріністің тек мәдени немесе тілдік ұғым ғана емес, сонымен қатар саяси мәні бар екендігін көзден таса қылған еді. Көптеген адамдардың пікірінше, ұлтшылдық сезімінің өзекті белгісі ретінде ортақ тарихтың, ортақ тәжірибенің, өзіндік ұжымдық жадының белгілі бір түрі қабылдануға тиіс. Аталмыш жады заңдар жүйесі арқылы айқындалады, сол жадыны мойындайтын адамдар тобының жалпы саяси құрылымы қандай дәрежеде болуына орай, “ұлттық мемлекет” идеясының деңгейін де анықтауға болады-мыс.

Ұлтшылдықтың жағымды жақтары да болатыны сөзсіз. Адамдардың ортақ тарих пен тілге, ортақ жадыға ие екендігін сезінуі олардың жанына жайлылық сыйлап, күш-қуат қосары анық. Сонымен қатар ұлтшылдық талай дау-дамай туғызып, қанды қақтығыстарға да апаратынына қай-қайсымыз да куә болып жүрміз. Егер ұлтшылдық бөтен тарихи жадыға ие адамдарды жек көру ретінде қабылданса, егер ол ашық агрессия мен билік үшін күресті перделеу мақсатында пайдаланса, онда ол жеке адамға да, жалпы көпшілікке де орасан зор қауіп тудыратын, адуын күшке айналуы ықтимал. Кей жағдайда ұлтшылдықты адамдарды өз жағына тартып, солардың сеніміне ие болу арқылы сырт көзге заңдылық әсерін тудыру үшін пайдаланып, өзінің арам пиғылын жүзеге асыруға тырысатын көсемдер де кездеседі.

Сонымен бірге ұлтшылдықтың түп-тамырын санадан тыс күштер мен инстинктерден іздеп, алдымен солардан құтылуға шақыратын адамдар да бар. Олар ұлтшылдық адамдарды біріктіруден гөрі бөліп-жаруға итермелейді, оның пайдасынан гөрі зияны мол деп қауіптенеді. Қалай десек те, ұлтшылдық адамзатпен бірге қашан да қатар өмір сүре беретінін болжауға болады. Негізінде, егер ұлтшылдық адамдардың бірлік және қауымдастық сезімін қалыптастыру амалдарын іздестіру үшін пайдаланылса, онда ол қоғам болмысында оң, пайдалы, құбылыс ретінде орын тебері хақ. Бұл жерде ең абзалы, ұлтшылдық сезімін тереңірек түсінуге талпыныс жасап, оның пайдалы жақтарын кеңейтуге, ал зиянды тұстарына шеңбер қоюға тырысудан артығы жоқ.

Посткоммунистік Кеңестер Одағында ұлтшылдық күрделі рөл атқарды. Атап айтқанда, өзін-өзі ұғынуы және сезінуі салыстырмалы түрде нәзік болып келген, егемендікке жаңа ғана қол жеткізген елдерде өздерінің ұлттық ерекшеліктерін қалпына келтіруге күш салынды; оның бір себебі сталинизм заманында бұл халықтардың тарихы - оны марксистік идеологияға жақындату және сол арқылы халықтардың сол кездегі билеушілерге одан сайын беріле түсуі үшін - саналы түрде бұрмаланған еді. Кей жағдайда жаңа мемлекеттердің өз тарихын бұрмалаудан бас тарту әрекеттері пайдалы да болды. Бұл орайда ұлтшылдықтың игі әсерінсіз жаңа ұлттық мемлекеттерді ескі Кеңес империясының “үйіндісінен” тазартып алу мүмкіндігі болмағандығын дәлелдеп беруге де болар еді.

### (3.) Революция.

Ұлтқа белгілі бір дәрежеде анықталған ауқым шегінде тұратын, белгілі бір тарихи кезең аралығында азды-көпті тұрақтылық танытқан адамдар тобы ретінде, жалпылама терминдер арқылы болса да, сипаттама беруге болады деп есептесек, ұлттық мемлекеттер өз тарихы аясында үкімет пен билеудің әлденеше түрін басынан өткерді, яки өзгеріп отырды деу орынды болады. Мұндай өзгерістердің кейбірі салыстырмалы түрде зиянсыз өтіп, жалпы жағдайға әсер ете бермейді. Алайда, енді бір реттерде ондай өзгерістердің нәтижесі елге опық жегізіп, көп зардап шектіруі де ықтимал. Тіпті өлім мен апат өкелуі де әбден мүмкін. Сол себептен, кейбір тосыннан болатын, түбегейлі өзгерістер өз сипаттамалары бойынша "төнкерістік" (революциялық) өзгерістер қатарына жатқызылады.

Алайда, мұның мәнісі қандай? Революциялардың бәрі зорлық-зомбылық пен қантөгіс өкелуі шарт па? Олардың билеу жүйесін толық өзгертіп қана тынуы заңды ма? Ал олай болмаған жағдайда, әкелген зардабын ескере отырып, оларды заңды деп тануға бола ма?

Бұл сауалдарға жауап беру оңай емес. Тіпті бірегей дұрыс жауап іздеп табу мүмкін емес те шығар. Іс жүзінде, "революциялар зорлық-зомбылыққа сүйенуге тиіс пе" деген сауалға байланысты қилы пікірлер айтылып та жүр. Мәселен, бұрынғы Кенестер Одағының тарауы салыстырмалы түрде бейбіт жағдайда өтті. Чехтар өз еліндегі қоғамдық құрылымның өзгеруін "барқыт төңкеріс" деп атағанда, оның іс жүзінде еш қантөгіссіз жүзеге асырылғандығын меңзейді. Бір анығы, кез келген революция саяси жүйеге елеулі өзгерістер енгізілуін талап етеді. Кейбір революцияны "көтеріліс" немесе "төнкеріс" деп есептеген дұрыс болар еді, себебі олар әлдебір көсемді не корольді түсіруді ғана көздеп, оның орнына "ұнамдырақ" тұлғаны қоюмен шектеледі, ал билеу жүйесі төңкеріске (революцияға) шейін қандай болса, сол қалпында қала береді, дегенмен де, көсемді алмастыру жеткілікті дәрежеде түбегейлі шара болып есептелсе, онда оны "революция" деп атауға болады.

Сірә, ең алғашқы таза күйіндегі революция 1789 жылы Францияда орын алған шығар. Ол, әлбетте, зорлық арқылы жасалды: ашуға булыққан мыңдаған азаматтар француз аристократиясы мүшелерінің көпшілігін "азаттық, теңдік, бауырластық" жолында қанға бөктірді. Билеудің жаңадан орнаған формасы монархияны жойып, оның орнына республикалық билік формасын орнатады деп тосылған еді. Француз революциясы қалыптасқан жағдай мен дәстүрге сүйенген ескі құрылымды құртты, сонымен бірге аристократияны, шаруалардың басыбайлығын және бірқатар басқа да феодалдық сарқыншақтарды жойды. Содан соң революция ұлтқа қызмет ету мен сенімділікті ең жоғарғы игі қасиет ретінде белгіледі. Алайда, көптеген сұрақтар төңірегінде бұл тәжірибе сәтсіз аяқталды: себебі азаматтардың саяси өмірге қатысу жолдары айқын тұжырымдалмаған еді. Заманына сай республиканың қызмет етуі үшін қажетті өзекті негіздер осыдан ондаған жылдар өткен соң ғана енгізілген еді.

Екінші жағынан, мәселен, Америкадағы революция колониялар Англиядан бөлініп шыққаннан кейін, биліктің жаңа жүйесі бар, жаңа тұрғылықты елдің пайда болуына әкеліп соқты. Бір қызығы, бұл бөліністің түпкі себебі, 1776 жылғы 4 маусымда қабылданған Тәуелсіздік Декларациясында көрсетілгеніндей, американдық колонистердің британ жүйесінен, британ монархиясынан мүлдем безінуінде емес еді. Олар, дұрысын айтқанда, король Джордж II бар билікті қолына алып, өз конституциясының принциптерін ұстанбағандықтан, атап айтқанда, бодандарға олардың қатысуынсыз салық салынуы тиіс емес деген конституция бабын бұзғандығы үшін қарсы шықты. Колонистер өздеріне артылған салықтарды заңсыз деп тапты, бұл салықтарға ризалық білдірген жоқ, себебі олардың Британ парламентінде қаралмағандығын, яғни корольдің біржақты жеке шешімі негізінде қабылданғанын дәлелдеп бақты. Сөйтіп, американ колонистері Джон Локктың "құқықтық заңдылық қол астындағы бодандардың келісушілігінен туындайды" деген қағидасын іс жүзінде дәлелдегендей болды. Бодандар, бұл жерде американ колонистері, олардың өз тарапынан аталған келісушіліктің болмағандығын алға тартты.

Колонистердің бұдан шығарған қорытындысы мынау еді: оларды тиісті заң негізінде билеу үшін, өз азаматтары үшін шынайы жауапкершілік мойнына жүктейтін саяси жүйенің мүшесі болу үшін, сайлау арқылы тура өкілдік жасауға жол ашатын жаңа мемлекет құру қажет. Мұндай ел - Америка Құрама Штаттары - бірнеше жеке штаттардан құрылды - алдымен олардың саны он үш болды, ал шамамен екі жүз жылдан кейін бұл сан елуге жетті. Штаттардың әрқайсысының өз үкіметі болды, оларды орталық өкімет біріктірді. Бұл жаңа мемлекет монархиялық емес, демократиялық, федералдық республика болуы керек еді.

Оның үстіне ол тәуелсіз болғандықтан, АҚШ жиырмасыншы ғасырда көптеген, колониалдық жүйені өзін-өзі билеу жүйесіне алмастырған басқа елдер үшін үлгі саналып келді.

1917 жылғы Орыс революциясы де түбегейлі саяси төңкеріс болды. Ол, сөз жоқ, зорлық сипатта іске асырылды: және бұл зорлық-зомбылық 1917 жылдан кейін де жалғасқан еді, шынына келсек, тіпті одан кейін де ұзақ уақытқа созылды деуге болады, себебі, ескі билік қалдығынан құтылу үшін кең көлемде түрмелер жүйесі -- олар Архипелаг Гулаг деген атпен белгілі болды - салынған еді. Миллиондаған адамдар тек қана "буржуазия" қатарына жатқандығынан өлтірілді, ал Кеңестер Одағында қабылданған анықтама бойынша, буржуазия қатарына ауқатты шаруалар немесе *кулактар* да кіретін. Орыс революциясы жеке меншікті құрту және пролетариат диктатурасын орнату мақсатын алдына қойды. Оның бас архитекторы В.И. Ленин мен оның ізбасары И.В. Сталиннің болжауы бойынша, Кеңес мемлекеті адамзат тарихындағы ең гүлденген, ең табысты мемлекетке айналуы тиіс еді. Бұл болжам орындалған жоқ. 1990 жылы Кеңестер Одағы құлағанда, көп адамдар кеңес империясының ақырын "қоллап" ретінде сипаттады, себебі орын алған өзгерістер түпкілік болғанымен, революцияға тән кейбір ерекшеліктерден ада еді.

Ол ерекшеліктер: өзгерісті ұйымдастыруға жауапкер элита; халық тарапынан өзгерістерді қолдау түрінде берілген мандат; өзгерістерді өткізуге итермелейтін жағдай; және, әдетте, зорлық нышандары бар көтеріліс. Кеңестер Одағының ыдырауын ұйымдастырған қандай да бір элита болған-болмағаны белгісіз еді. Жаңа республикаларда басталған өзгерістер әртүрлі бағытта дамыды, көп жағдайларда олар әлі жалғасып жатыр. Бұлардың көбісі - жылдар өткен соң жаңа конституция жасауға дейін баратын түбегейлі өзгерістер

Мәселен, Украина өз тәуелсіздігіне 1990 жылы қол жеткізді, ал жаңа конституцияны 1995 жылы ғана қабылдады. Тәуелсіздікке ұмтылғандардың көпшілігі коммунизм бұғауынан құтылуды ансаған еді, ал орыс емес халықтар сонымен бірге Москваның бақылауынан босануды қалады. Көпшілік көтерілісі де болған жоқ; көп жағдайда кеңестер жүйесі көппартиялық сайлау өткізу туралы шешім қабылдаудың нәтижесінде сұлап түсті. Зорлық деңгейі таңқаларлықтай төмен болып шықты. Тіпті коммунизм өздігінен ыдырады; табиғи түрде, өзінің даму процесінде, организмдер өмір циклін аяқтағаннан соң өлетін физикалық дүние заңдарына сай "дүние салды" да, орнын басқалар басты деуге болады.

Саяси эволюция - барлық өзгерістердің ажырамас бөлігі. Адамзат тарихи процесс барысында дамудың жаңа кезеңдері арқылы өтеді. Әрине, жаңа жүйенің тұрғылықтылығы немесе өмір жасы сол өзгерістерге қол жеткізу кезінде зорлық қолданғандығына не қолданбағанына тәуелді емес. Керісінше, кейде өзгерістер неғұрлым ұзағырақ және баяуырақ жүзеге асырылса, заматта жүргізілген түбегейлі өзгерістермен салыстырғанда, соғұрлым жасы ұзақ болады. Кез келген өзгерістің, ол "революциялық" болсын я болмасын, ең күрделі тұсы -- тиісті әлеуметтік және құқықтық институттарды тұрғызу және азаматтық қоғам құру.

#### (4) Жеке алынған елге тән ұлттық мәселелер.

Бұл тарауда мына сұрақтарға жауап беру қажет:

- \* Қандай этникалық топтар ұлтты құрайды?
- \* Этникалық топтарды діни айырмашылығына орай шағын топтарға бөлуге бола ма?
- \* Этникалық топтар ұлттың ішінде қалай өзара қарым-қатынас жүргізеді?
- \* Ұлт қашан қалыптасып бітті?
- \* Қазіргі билеу жүйесі қашан өмірге кел

#### Әдебиет:

Thomas Hobbes, Leviathan (1651). (Томас Гоббс, "Левиафан", 1651).

John Locke, The Second Treatise of Government. (1690). (Джон Локк, "Үкімет туралы екінші Трактат", 1690).

Hans Kohn, The Idea of Nationalism: A Study in Its Origins and Background (1944). (Ганс Коон, "Ұлтшылдық идеясы: оның пайда болуын және түп тамырларын зерттеу", 1944).

Hannah Arendt, On Revolution (1963). (Ханна Арентт, "Төңкеріс жөнінде", 1963).

Douglas Klusmeyer, Between Consent and Descent: Conceptions of Democratic Citizenship (1996). (Дуглас Ключмейер, "Келісім мен шабуыл арасында: Демократиялық азаматтықтың концепциялары", 1996).

## IV ТАРАУ: Саяси жүйе түрлері.

"Саяси жүйе" термині не ресми заң мекемелерінің жиынтығын - бұлар кейде "үкімет" не "мемлекет" деген бір сөзбен аталады - немесе, кең мағынасында, саяси өзара әрекет түрлерінің барлығын (принциптегі не іс жүзіндегі көрінісін) белгілейді. (Мысалы, бір ұлт "қағаз жүзінде", өз конституциясы мен басқалай формальдық құжаттарға сай, бір саяси жүйеге не болып, ал іс жүзінде, - құқықтық құралдар жүзеге асырылмаса не әдейі аяққа басылса, - тіпті басқа жағдай да болуы ықтимал). Бұл тарауда біз терминнің тар анықтамасын басшылыққа ала отырып, соған орай саяси жүйелердің бірнеше түріне сипаттама бермекпіз.

### (1.) Ұлтшілік саяси жүйелер.

Дүниедегі ең көне ұлтшілік саяси жүйелердің бірі тайпалық немесе рулық қауымдастықтар болып табылады. Бұл адамзатқа, оның дамуының ерте сатыларына тән форма болатын, алайда тайпалық құрылымдар қазіргі күні де әлемнің көптеген бөліктерінде өз өмірін жалғастырып келе жатқанын айта кеткен жөн. Бұл орайда Африка құрылымының бірқатар елдерінде әлі күнге шейін тайпалар өте ықпалды саяси күш екендігі, ал тайпалық қауым жүйелерінің сарқыншақтарын Батыс Европа мен Орта Азиядан да кездестіруге болатындығы жақсы мәлім. Тайпалық қауым немесе қауымдастық туыскандық негізде ұйымдасады, ал оның бөліктері бір тамырдан тараған, яғни бір әке жағынан тараған немесе тотемдік топтардан құралады. Тотем - белгілі бір нақты тайпалық (әдетте қандық байланыста болатын) топтың өздерін айқындайтын әлдебір нысан (объект). Тайпаны басқарушылар, әдетте, тайпаның ересек еркектерінің бір тобынан және шамандар мен баксыларынан тұрады. Белгілі бір құқықтық салттар болады, бірақ олар ауызша түрде ғана. Оларды сақтауды, келешек ұрпақтарға жеткізуді жүзеге асырушылар - тайпа көсемдері. Салттар белгіленген норма болудан гөрі, діни ғұрыптар мен дәстүрлер негізінде құндылыққа не болған жалбарыну, дуа оқу дегенге жақынырақ. Заңдар тайпаның эволюциялануы, яғни дамуы барысында өзгерістерге ұшырап отырады, алайда бұл тағы да пікірталас, талқылау негізінде заңдастыру арқылы емес, діни нанымдар мен символдарды іскә қосу арқылы жүзеге асырылып отырады.

Ұлтшілік саяси құрылымның тағы бір түрі -- ауылдық қауым. Ауыл дәстүрлі түрде әлемнің барлық аумақтарында, әсіресе, ауыл шаруашылығы ел экономикасының маңызды бөлігін құрайтын елдерде, экономикалық, әлеуметтік, діни және саяси өмірдің ошағы болып келді (бұл да дәстүрлі жағдай, өйткені, адамдар ең алдымен қоректі керек етеді ғой). Қандық туыскандыққа негізделген, тайпалық бірлестіктер сияқты саяси құрылымдардан ұлттық мемлекеттердің күрделірек жүйелеріне қарай даму көп жағдайда ауылдық қауымдастықтар мен қауымдардың кенеюі және өзгеруі арқылы жүрді. Тұтас алғанда, ауылда не деревняда саяси қызмет түрлері салыстырмалы түрде еркін, тұрпайы демократия қалпында дамыды және оның мәні ауылдық жиылыс не кеңесте (көп жағдайда ауылдың көсемінің ұйымдастыруымен және ауыл ақсақалдары мен сыйлы жандарының қатысуымен өтетін) толғағы жеткен мәселелерді талқылау, пікір алысуға саятын.

Бірнеше ауыл қауымдастығы біріккен жағдайда, мәселен, көне Аттика секілді, *синоклизмос* деп аталатын бұл құбылыстың нәтижесінде, қала ұйымдастырылатын. Мысалы, Рим империясының астанасы - Рим Палатин шоқысының төңірегінде өмір сүрген тайпаларды біріктіру (кей жағдайда күшпен) нәтижесінде дүниеге келді. Қалалар бұдан мыңдаған жылдар бұрын да күрделі (салыстырмалы түрде) саяси бірлестік еді. Қалаларда қабылданған саяси жүйелер туыскандық негізінде құрылған билік жүйелерінен түбегейлі түрде бас тарту болып табылатын. Оның орнын таптық және кәсіптік ерекшелігіне қарай құрылған саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйелік құрылым басты, өз кезегінде, мұның салдарынан, кейіннен, Европа мен Азияның көптеген елдерінде орын тепкен, таптық саяси құрылымдар дүниеге келді. Қалалар пайда болғанша экономикалық айырбастың негізін құраған бартер одан гөрі нәтижелі ақша жүйелеріне алмастырылды. Қалалық сауда-саттық салық салу объектісі және билік құралына да айналды. Әскери сословие немесе тап пайда болды, ал қалалардың көпшілігінде құлдар табы алапат жобаларды (мәселен, Нил өзенінің жағалауындағы пирамидалар құрылысын) іске асыратын қара күшке айналды. Қалалар Шумер, Египет, Қытай, Вавилон, Ассирия және Персия сияқты ұлы империялардың орталығына айналды.

Бұдан, әрине, көне қалалардың бәрі біркелкі ұқсас болды деген қорытынды шықпайды: атап айтсақ, грек қалаларының деспоттық дәрежесі сол тәріздес шығыс қалаларына қарағанда төменірек еді. Грек қалаларының азат еркектерінің кейбіреуі, - тіпті "азамат" деп аталатындарының бәрі - өкілдерді тура сайлау арқылы қаланы басқару ісіне араласып, жауапкершілік көтеретін. Және дау-дамай мен тирания кезеңдеріне, бірнеше қантөгіс соғыстарға қарамастан, көп жағдайда көне грек қалаларының билік жүйесі бүгінгі демократиялық өзін-өзі басқару жүйесінің ізашары болып табылады.

Үлтішілік топтардың тағы бір түрі - аймақтар; бұлар, әсіресе, қазіргі, кей жағдайда едәуір көлемді болып келетін мемлекеттерде, маңызды саяси қызмет атқара алады. Аймақтар кейде тарихи, кейде әлеуметтік себеп негіздерінде құрылып, әртүрлі дәрежеде өзін-өзі басқару құқығына ие болуы мүмкін.

## (2) Ұлттық үкіметтер, олардың бірыңғай ( унитарлық) және федералдық жүйелері.

Мемлекеттердің көпшілігі бірыңғай болып табылады. Алайда, олардың арасында да елеулі айырмашылықтар бар. Тұтас алғанда, бірыңғай (унитарлық) мемлекетті былай сипаттауға болады: өкілеттер орталық үкіметтен үлтішілік бірліктерге беріледі және бұл өкілеттер орталық үкіметтің еркімен кері қайтарылуы мүмкін. Бірыңғай мемлекеттің кем дегенде үш түрлі типін атап көрсетуге болады.

Мұндай мемлекеттердің бірінші тобында (бұл топқа Ұлыбританияны жатқызуға болады) іс жүзінде биліктің орталықсыздандырылуы, яғни орталық үкімет ықпалының шектелуі, тіпті заң шығару баптарының өзімен салыстырғанда да, жоғары деңгейде болады. Мәселен, Солтүстік Ирландия, Уэльс және Шотландия Лондондағы орталық үкімет аппаратынан салыстырмалы күйде тәуелсіз болып табылады және сайланатын жергілікті үкіметтердің күрделі жүйелері бар. Конституция бойынша мұндай жергілікті үкіметтер Парламентке бағынса да, іс жүзінде олардың өкілеттігі мол және орталықтың ықпалын тежеу мүмкіндіктері жоғары. Ал енді бірқатар елдерде, мәселен, Жапонияда, Конституция аймақтық автономияның елеулі дәрежесін нақты белгілеп, әкімшілік функциялардың көпшілігін жергілікті орындарға жөнелтеді.

Бірыңғай мемлекеттердің екінші тобында аумақтық орталықтың ықпалын шектеу (орталықсыздандырылу) дәрежесі төмен және жергілікті құрылымдар қызметін бақылау үшін қатан процедуралар белгіленген. Бұл құбылыс, мәселен, Францияға тән: мұнда орталық үкімет жергілікті үкіметтердегі негізгі атқарушы тұлғаларды тағайындайды, алайда, іс жүзінде, кейбір лауазым иелерінің сайлануы да жиі кездесіп тұрады.

Ал енді бірыңғай мемлекеттердің үшінші түрінде орталықтың ықпалын шектеу шартты түрде ғана орын алған. Мәселен, кеңес үкіметі уақытында жергілікті лауазым иелері қызметке Коммунистік партияның шешімі арқылы ғана тағайындалатын және Москваның орталықтандырылған қатан бақылауында болатын. Кейбір посткоммунистік елдерде жергілікті лауазым иелерін сайлау емес, тағайындау көрінісі -- ішінара өзгерістер енгізілгеніне қарамастан -- әлі күнге дейін орын алып келеді. Кей елдерде тағайындалатын қызметтермен қатар, сайланатын қызметтер де белгіленді, ал енді біреулері толығымен сайланатын жергілікті билік құрылымдарына көшті. Бұл қатарға, мәселен, Орталық Еуропа елдерінің басым көпшілігін жатқызуға болады. Посткоммунистік елдер, өміршең қауымдастықтар құру және күнделікті тұрмыс дәрежесінде демократияны енгізу мақсатында, бұл деңгейдегі тиімді түрде өздерін өзі басқарудың маңызын түсініп, жергілікті билік орындарына барған сайын көбірек көңіл бөлуде.

Федералдық жүйенің бірыңғай жүйеден айырмашылығы сол, мұнда саяси билік үкіметтердің екі автономиялық тобына нақты бөлінген: оның біреуі - ұлттық және қалғандары - үлтішілік. Әдетте, мұндай құрылым конституцияда айқын белгіленген, ал өкілеттікті бөлісу мәселесі мүқият, егжей-тегжейіне шейін нақтыланған. Аргентина, Австралия, Бразилия, Канада, Индия, Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Австрия, Камерун, Ливия, Малайзия, Мексика, Нигерия, Швейцария, Танзания, Венесуэла, Германия, Югославия, сондай-ақ Босния - міне, бұлар биліктің федералдық жүйесі орныққан елдер қатарын құрайды.

Алайда, бұл федералдық жүйелердің ешқайсысы бірін-бірі дәлме-дәл қайталамайды. Бір елде, мәселен, Швейцарияда, үлтішілік бірлік шекарасы этникалық және тілдік (лингвистикалық) ерекшеліктерге сай өткізілсе, енді бір елдерде мәдени айырмашылықтар онша анық сезілмейді, мәселен,

Ресей Федерациясында. Америка Құрама Штаттарына келсек, мұнда бүкіл ел бойынша мәдени біркелкілік жоғары дәрежеде. Іс жүзінде, ұлт деңгейінде Америка Құрама Штаттары федералдық принцип бойынша құрылса да, ондағы елу штаттың әрқайсысы өз құрамындағы қалалармен және жергілікті билеу құрылымдарымен бірыңғайлық қарым-қатынас орнатқан.

### (3.) Саяси билік үлгілері.

Саяси жүйелердің типологиялық сипаттамаларының ең бір маңыздысы -- саяси билік кімнің қолында екендігі: билік көпшіліктің қолында ма (демократия) әлде аз адамдар тобының (олигархия) немесе жалғыз адамның қолында ма (монархия)? Бұл жүйелердің қайсысы болсын бірыңғайлық мемлекетте де, федералдық мемлекетте де кездесуі мүмкін. Саяси жүйелерді бұлай бөлу Христостың тууынан бес ғасыр бұрын грек философтары Платон мен Аристотель арасында егжей-тегжейлі талқыланған, классикалық сараптау болып табылады. Аталмыш үш категория бүгінгі саяси көріністерді сипаттау үшін барынша тиімді әдіс болмаса да, бүгінгі қоғамның күрделі де ұдайы өзгерістегі құбылыстарының негіздік элементтерін, түп-тамырын дұрыс ұғыну үшін пайдалы екендігі күмәнсіз.

Монархия, әлбетте, ең бір көне саяси құрылым болып табылады; оның ерекшелігі - жеке адамның, әдетте, ер адамның қолына бүкіл билікті тоғыстыруда және ол адамның билігі дәстүр бойынша оның құдайдан жаратылғандығы туралы түсініктен туындайтын. Монарх сайланбайды, оны не жоғарғы топ өкілдері таңдап қояды, немесе ол билікке тақты тартып алу арқылы келеді. Олардың билігі кейіннен, мұралықтың қатаң ережелеріне сәйкес, ұрпақтарына көшеді. Бүгінгі таңда монархтардың көп жағдайда саяси билігі жоқ, олар негізінде рәсімдік рөл атқарады - бұл Ұлыбританияның мысалынан айқын байқалады. Алайда, көп жағдайда нақты бір корольдің өз еліндегі ықпалы өте жоғары болуы мүмкін және мұның себебі оның ресми мәртебесінен гөрі, жеке басының беделі мен оған деген құрметтеушіліктің нәтижесінен болуы ықтимал. Бұл орайда маңызды мысал ретінде Камбоджа мен Таиландты атап өтуге болады. Қазіргі кезде корольдің билігі заңдық негізде шектелген конституциялық монархия көбірек кездеседі; бұл ретте қоғамның жоғары дәрежеде бас бостандығы сақталады және өзін-өзі басқаруды қамтамасыз ету мүмкіндігі бар. Сол себепті, көп жағдайда бүгінгі заманғы монархиялар, негізінен, демократиялық болып табылатынын айта кету керек; бұл, әсіресе, Батыс еуропалық монархиялардың қай-қайсысына да қатысты құбылыс.

Сайлау арқылы билікке келген көсемдерді, олардың билігі қаншалықты зор болса да, король ретінде қарастыру әсте де мүмкін емес. Сайланған президенттердің көпшілігі, сондай-ақ премьер-министрлер де, өз қолдарына үлкен билік жинап және сол билікті пайдалануы да мүмкін. Мәселен, посткоммунистік Украина мен Ресейде ел президенттері заң жүзінде бекітуді қажет етпейтін "жарлықтар" арқылы елді басқарып, түбегейлі өзгерістер жүргізу мүмкіндігіне ие болып отыр. Алайда, шынтуайтына келгенде, бұл президенттердің қай-қайсысы да жалпыхалықтық дауыс беру арқылы, конституциялық жолмен сайланғандықтан және олардың әрқайсысы демократиялық негізде, яғни заңды негізде әрекет еткендіктен, оларды еш жағдайда тіпті дүдәмал-монарх ретінде де қабылдауға болмайды. Монархтар ешқашан сайланбайтындығы анық. Алайда, кей кезде сайланғаны рас болғанымен, іс жүзінде диктатор ретінде билік етуші бір адамның басқаруын сипаттайтын монархия туралы сөз қылудың жөні бар. Бұл, мәселен, Индонезияның экс-президенті Сухартоға қатысты, сол сияқты көптеген африкалық елдердің билеушілері туралы да осыны үлкен сеніммен айтуға болар еді, мәселен, бұрынғы Заирдың (қазір Конго деп аталады) президенті Мобуту, Уганданың бұрынғы президенті Иди Амин т.б.

Олигархия деп белгілі бір ерекше пұрсатты шағын топтың (элита) билеуін сипаттайтын саяси жүйені айтамыз.

Билеудің бұл түрі, әсіресе, әлем индустрияланбай тұрған шақта көп тараған еді; алайда, биліктің бұл формасын билеушілер жоғарғы тап мүшелері мен қоғамның жоғарғы тобының мүшелері қатарынан сайланатын көптеген азиялық елдерден бүгінгі таңда да кездестіруге болады. Кеңестер Одағы кезінде Коммунистік партияның мүшелері олигархияның бір түрі болып табылатын. Олигархиялық билеудің элементтерін бүгінде әлемнің кез-келген бұрышынан жолықтыруға болады, бірақ қазіргі жағдайда оларға аса жоғары техникалық талаптар қойылмай және мұндай адамдар мен топтардың қабылдануы көбінесе

назар аударылады; ал олардың таптық шығу тегіне, олардың таланттары мен біліміне қарағанда, пәлендей мән берілмейді

Анығы, басқару жүйесі жоғары пұрсатты топтардың пайла болуына және олардың ерекше артықшылықтар алуына жағдай жасауы ғажап емес. Мұндай көріністер посткоммунистік елдердің көпшілігінде, әсіресе, Ресейде, кеңінен етек жайған секілді. Белгілі мағынада бұл олигархиялық коммунизмді қисынды заңдастыру болып табылады, сол арқылы бұрынғы артықшылыққа не тап, басқаша айтқанда *наменклатура*, көп жағдайда Кеңестер Одағы күйрегеннен кейін де билікті уысынан шығармай, өз дегенін істей берді. Дегенмен де, посткоммунистік экономикалық және саяси шындықтың өзгермелі табиғатының салдарынан және алға қарай толассыз екпіндеп келе жатқан демократиялық өзгерістердің арқасында, бүгінгі күні біз олигархиялық билік болып көрінетін басқару түрінің көз алдымызда құлдырауы мысалдарының куәсі болып отырмыз.

Демократия өте күрделі ұғым болып табылады, оның жалпы алғандағы мәнісі - халықтың өзін-өзі билеуінде жатыр. Алайда, кей жағдайда, демократия көпшіліктің билеуін білдіреді деген жаңсақ ой айтылып, немесе қарапайым дауыс көпшілігі қабылданар шешімнің демократиялық сипатын негіздейді деген қате пікір насихатталып жүр. Бұлай болуы мүлде міндетті емес. Демократия принциптеріне сүйеніп құралған конституциялық республикалар адамдардың дауыс беруді пайдалана отырып, екінші біреулер тарапынан заңды түрде әлдебір әрекет жасауын шектейді немесе шектеуге тиіс. Нақтырақ айтқанда, мәселен, жеке адамның құқықтарын қорғау мақсатында, кейбір шешімдерді қабылдаудың демократиялық әдісіне конституциялық шектеулер қойылуы мүмкін. Мұндай жағдай, Платонның біздің дәуірімізге дейінгі бесінші ғасырда жазған "*Республика*" деп аталатын еңбегінде көрсетілгендей, демократияның негізгі кемшіліктері болып табылатын, мәселен, көбінесе көпшіліктің қызғаныш, көре алмаушылық немесе тойымсыздық сезімдеріне негізделген көзсіз қалауларын іске асыруға жол ашатын және қоғам мүддесіне қайшы келетін көріністерге тосқауыл болуға бағытталған.

Демократияның нақты анықтамасын айқындаудағы негізгі қиындықтардың бірі "халық" билігінің анықтамасын айқындаудың күрделілігінен туындайды. Халық дегеніміз кім? Елдің бәрі бұл ұғымға кіре ме? Елдің бәрін бұл ұғымға кіргізу керек пе? Әлдебір адамдар "халық игілігі" туралы жақсырақ түйсіктенуі мүмкін бе? Ал енді адамдардың белгілі бір бөлігі ғана сайлауға қатысатынын ескерсек, онда "өзін-өзі билеу" дегенді қалай түсінуге болады? Сонда қалған жұрт өзін-өзі билеуін жалғастыра береді деуге болар ма екен? Немесе, олар сайлауға қатысқанымен, олардың пікірі азшылық жағында қалып, жеңіліске ұшыраса, онда олар "өздерін-өзі бұдан әрі де билей береді" деп айтуға болар ма екен?

Бұл маңызды сұрақтарға тарихи дамудың барысында әрқилы жауап беріліп келді. Тұтас алғанда, "демократиялық" деп аталатын жүйелердің басым көпшілігі үшін, шынына келгенде, әрбір адам оған қандай заңдар мен шешімдер қажет екенін тікелей шешетін, демократияның нақ өзін қолданбайды. Дұрысын айтсақ, демократиялық жүйелердің көпшілігі жеме-жемге келгенде өкілдік республикалар болып табылады. Өкілдіктің түрлерін келесі тарауда қарастырамыз.

#### (4.) Ұлттан тысқары саяси жүйелер.

Ұлттан тысқары саяси ұйымдардың ішіндiгiн ең танымалы Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) болып табылады. Әлем елдерінің бәрі дерлік БҰҰ-ның мүшесі. (Алайда, Швейцария, мысалы, бұл ұйымға қосылмауды жөн көрді.) БҰҰ, негізінен, кеңес қосушы қауымдастық ретінде белгілі, оның елдерді соғыс жүргізуден тоқтатуға, өз азаматтарының құқықтарын аяққа басуды немесе соғыс тұтқындарына қарсы жауыздық азаптау әдістерін қолдануға тоқсау қоюға өкілділігі шамалы. Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі органы - Қауіпсіздік Кеңесі - қандай да бір мәселені талқылап, соған байланысты шешім қабылдау кезінде консенсуске, яғни толық келісімге жеткен кездері өте сирек; ал оның шешімдері жалпыға бірдей міндетті болу үшін, Кеңес мүшелері бірауыздылық танытуы қажет. Бұл тұста ең бастысы - БҰҰ-ның өзі соғыс қимылдарын бастай алмайды Оның бүкіләлемдік полиция ретінде әрекет жасауға құқығы жоқ. БҰҰ өз тарихында көптеген қарарлар қабылдап, оның мүшелері сан қилы Хартияларға қол қойса да, ұйымның заң

тұрғысынан іске жарамдылығы күмәнді-ақ. Алайда, кез келген халықаралық ұйым тәрізді, Біркеліп Ұлттар Ұйымының да қоғамдық пікірге әсер ете аларлық қабылеті бар екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Елдер өртүрлі одақ құру туралы шешімге келе алады. 1949 жылдың сәуірінде құрылған НАТО, яғни Солтүстік атлантикалық альянс - өз мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған одақтың бір мысалы. О баста бұрынғы Кеңестер Одағына қарсы қалқан ретінде құрылған бұл одақ, бара-бара өз пішінін жоғалтып, өзінің бастапқы мақсатынан өзге қосымша, яғни экономикалық, тіпті мәдени функциялар да атқара бастады.

Ұлттан тысқары, яғни жоғары жүйелердің ең бір көне түрі империя болып табылады. Қазіргі уақытта іс жүзінде империялар құрып бітті. Бұрынғы Кеңестер Одағы кейде ресми емес түрде Кеңес империясы деп аталғаны белгілі, алайда, ол өзін ешқашан бұлай деп таныған емес, ал онда билік құрған марксистік-лениндік идеология мұндай анықтаманы жоққа шығарары күмәнсіз болса керек. Империялар, олар тіпті өзінің қол астындағы жаулап алынған халықтарға белгілі бір мөлшерде артықшылықтар бергеннің өзінде, қашан да - ресми сипаттамаға жүгінсек - күш көрсету мен басқыншылықтың өнімі болып табылатын. Жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысында кенінен өріс алған, атап айтқанда, Африкада кең таралған колониялардың азаттық үшін күресі, халықтардың өз тағдырын өздері шешуге деген табан-тірес күресі мен қайтпас талабының айғағы еді. Дегенмен, тәуелсіздік өзінен-өзі бостандықтың да, гүлденудің де кепілі бола алмайды. Кейде басқыншыларға қарсы күресу халық мүддесі мен қажетіне лайықты, өміршең де тиімді басқару жүйелерін құрудан оңай болады.

### *(5.) Жеке алынған елге тән үкімет құрылымы.*

Бұл тарауда мынадай тақырыптарды қамту керек:

\* Елде қазір басқарудың қандай формасы пайдаланылады (яғни конституциялық республика ма әлде басқама).

\* Бұл бірыңғай (унитарлық) ел ме, жоқ па.

\* Елдегі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің табиғаты қандай.

\* Бұл ел өзінен зор елдің бөлігі болып көрді ме.

\* Ел қандай одақтарға мүшелік етеді?

#### Әдебиет:

Carl J. Friedrich, Man and His Government: An Empirical Theory of Politics (1963). (Карл Дж. Фридрих, "Адам және оның үкіметі: Саясаттың эмпирикалық теориясы", 1963).

Harry Eckstein and David E. Apter, eds., Comparative Politics (1963). (Гарри Экстейн және Дэвид Е. Аптер, сарапшылар, "Салыстырмалы саясат", 1963).

John C. Wahlke and Alan Dragnich, eds., Government and Politics (1966). (Джон Вальке және Алан Драгнич, сарапшылар, "Үкімет және саясат", 1966).



## V ТАРАУ: Үкіметтің құрылымы.

Батыстың шын мәніндегі тұңғыш та ұлы философы болып табылатын, біздің дәуірімізге дейінгі 384 жылы Македонияда дүниеге келген Аристотель өзінің "Саясат" ("Политика") деген еңбегінде үкіметтің негізінен үш функциясы болатынын атап өткен, олар: жалпы мәселелерге қатысты ережелерді шығару (немесе заң шығару мәселелері); атқарушы органдардың шешімдері (заңдардың жүзеге асуын қадағалау мақсатында); және заңдардың орындалуын көздейтін соттық шешімдер. Осы тұжырымдар арқылы үкіметтің немесе мемлекеттің негізгі үш қызметі алғаш рет анықталған болатын және бұл ережелер әлі күнге шейін өз құндылығын жойған жоқ, өйткені бүгінгі таңда да олар іс жүзінде кез келген саяси жүйенің бөлігі екені хақ. Әділін айтсақ, бұл тарамдар әр жүйе аясында әрқилы жұмыс істейді, сондықтан олардың кейде тамырын дәл басып айыру да қиынға соғады. Мәселен, заң шығарушылар да заңның орындалуын жүзеге асырғысы келуі мүмкін; ал сот жүйесі атқарушы саламен тығыз байланыста болуы ғажап емес. Ал егер бұл үш сала бір-бірінен тәуелсіз қалыпта әрекет жасаса (төменде көрсетілгендей), онда мұндай құрылым *биліктің бөлінуі немесе салалануы* деп аталады.

Негізінде, биліктің кез келген жүйесі сан қилы факторлардың салдарынан пайдалы да болуы мүмкін, немесе, керісінше, қауіпті болуы да ғажап емес. Алайда, бір нәрсе күмәнсіз: биліктің қандай түрі болсын, оны теріс пайдалану көріністерінен сақтана алмайды. Сайып келгенде, мемлекет билік монополиясына ие, сондықтан да ол қашан да қауіпті және билігін асыра пайдалануға әуес. Осы тұста он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген ағылшын жазушысы лорд Актонның аузынан шыққан бір сөз еске түседі: "Билік бұзады, ал шексіз билік шексіз бұзады", деген еді ол.

Мемлекет қашан да өз билігін пайдалану үшін лайықтанып құрылатыны сөзсіз, өйткені оның негізгі функциясы полициялық қызмет болып табылады. Мемлекеттің негізгі мақсаты - өз азаматтарын қылмыскерлерден, яғни басқа адамдардың құқықтарын бұзатындардан қорғау. Алайда, үкімет пен мемлекеттің өзі де ол құқықтарды аяқ асты етуі әбден мүмкін. Бұл жағдайда, қорғаушы жауға айналады және кез келген нақты басқыншыдан әлдеқайда зор қатер тудыруы ықтимал. Сол себепті үкімет өркениет жолында алға қарай даму үшін қажетті құрал болса да, кей жағдайда ол өз азаматтарына ғана емес, басқа ұлттарға да қауіп тудыратын күшке айналуы мүмкін. Бұл ретте оны "тирания" деп атайды.

### (1.) Тирания және билікті басып алу

Тирания деп көрсетілген сенімді теріс пайдалана отырып, қолындағы билік күшін өз отандастарына қарсы жұмсап, озбырлық танытатын билеу түрін айтады. Диктаторлар қара басының пайдасы үшін өз халқын озбырлықпен езгіге қаншалықты салатын болса, сондай дәрежеде тирандар болып есептеледі. Биліктің кез-келген бұтағын басып алуға болады. Кез-келген лауазым иесі өзіне көрсетілген сенімді аяқ асты етіп, өзі қамқор болуға тиісті адамдардың қас жауына айналуы ықтимал. Алайда, тирания заңды құралдар арқасында орын алуы да мүмкін. Үкімет халыққа өзінің шын әлпетін жасыра әрекет жасау арқылы, немесе халықтың бақылауы мен билікке араласуын тыю арқылы, немесе басқа жолдармен, мәселен, жаулап алу арқылы танылуы мүмкін. Сол сияқты үкіметтің айрықша түрмен құрылуының нәтижесінен, халықтың көпшілігі әділдікті талап ету мүмкіндігінен де айрылып қалуы ғажап емес, ал үкімет өз еркімен халықтың мүддесін ойламауы ықтимал. Атап айтқанда, мұндай жағдайлар коммунистік билеу жүйесіне тән және әлі күнге шейін кейбір африкалық мемлекеттерде, мәселен, Руанда мен Сомалиде және Суданда орын алып келеді.

Тоталитарлық мемлекеттің ең бір сорақы түрі ретінде тарихтан орын алған Кеңестер Одағының мысалын әрі қарай қарастырудың реті бар сияқты. Коммунистік үкімет тұсында мемлекеттің бас сұқпаған тұсы жоқ: ол экономикалық бөлу мәселесімен де, жұмыс орындарымен де, мәдениетпен де айналысатын. Жекеменшік мекемелердің өмір сүруіне қабақ астынан қарап, оларға мән бермеуге тырысты, өйткені олар коммунизм "пісіп-жетілген" кезде өздігінен құрып кетеді деп есептелді. Мұндай мемлекетті тирандық деп есептеудің негізі сол, азаматтардың жүріс-тұрысы әлдебір "мемлекеттік мүдделерге" сай болуы қатаң қадағаланатын, ал ондай мүдделерді анықтайтын билеуші топтың өзі, Коммунистік партияның көсемдері еді. Өзгеше пікірге жол берілмейтін, ақырында, ел өзін жаппай жаныштауға бейімделген алапат салмағының астында жан тапсырды.

Тиранияға қарсы келетін жүйе міндетті түрде демократия болуы шарт емес. Егер заңсыз билеп-төстеуді жүгендейтін күш болмаса, онда демократиялық үкімет те тиранияға айналуы ғажап емес. Азшылықтың өктемдігі көпшілік тираниясынан қауіпті деп ойлаудың негізі жоқ. Азшылықтарды жаныштап, мүлкін тартып алып немесе жәйден-жәй, тек көпшіліктің қызғанышы әсерінен немесе арам құлқының айдауымен өлтіру де әбден мүмкін жағдай. Сол себепті тізгіндеу мен қарсы әрекет жасау мүмкіндігінің, билікті теңгеру жүйесінің және азшылықты қорғау мен әр адамның бостандық құқығын қамтамасыз етудің конституциялық кепілдемелері болуы шарт.

Тираниядан құтылу, әдетте, төңкерістік қажыр-қайраттың шарықтауы нәтижесінде жүзеге асады. Алайда, басқа да әдістерді - алғашқыдан гөрі қантөгістік және қатаңдық сипаты азырақ түрлерін де - қолдануға болады. Мәселен, өз міндеттерін бұзушы қызмет иелерін сот арқылы қудалауға (мұны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заңдық ережелер болса) болады. Немесе тирандық жолмен билеп-төстеушілерді қадімгі сайлау арқылы ауыстыруға болады. Жалпы, сайлау - саяси өзгерістерді барынша бейбіт әрі келісімді түрде жүргізудің бірін-бір тиімді құралы.

Сайлау процесі тек жеке тұлғаларды ығыстыру мақсатында ғана емес, сонымен қатар тұтас саяси жүйені де - билеудің басқа формасына көшуді де қамтамасыз ететін заңды, жаңа конституция қабылдау, конституцияға өзгерістер енгізу арқылы - "түбірлі жөндеуден" өткізуге жол ашады. Солай десек те, сайлауды кез-келген аурудан емдейтін сикырлы дәрі деп қарауға тағы болмайды. Сайлауды билік құрушы заңсыз режимді заңдастыратындай ережелерді қолдану арқылы ұйымдастыру негізінде билеушілер кейде өз дегеніне жете алады. Сондықтан халықаралық принциптерге сай, әділ өкілділік пен еркін ерік білдіруді қамтамасыз ететін сайлау заңдарын қабылдауды қамтамасыз етудің маңызы зор.

## (2.) Биліктер теңдестігі

Азшылықтың қолына тым көп билікті шоғырландырудан сақтанудың ең маңызды жолдарының бірі - мемлекеттік билікті үкіметтің үш желісіне: заң шығарушы, атқарушы және заңдық жүйелердің арасында теңестіре бөлу. Кейде "тежемелік және тепе-теңдік" деп атады жүрген бұл жүйені француздың саяси ойшылы Шарль де Монтескье (11689-1755 жж.) ұсынған еді. Оның берік сенімі бойынша, үкіметтің осы үш қызметі нақты түрде ажыратылып, олардың бір-біріне тәуелсіздігін мұқият сақтағанда ғана, олар өзара бірін-бірі "тежеп" отырады. Ең жас деген конституциялардың өзі, соның ішінде Африка мен Азия елдерінде қабылданған конституциялар, осы шартты қамтамасыз етеді, өйткені бұл бүгінгі конституциялық теорияның өзегі болып отыр. Шындығына келгенде, бұл үш функцияны түгелдей бөліп тастау аса қиынға соғады, алайда, осы бағытта кішкентай болса да қадам жасаудың маңызы зор.

Заң шығарушы биліктің негізгі функциясы заң шығару болып табылатыны түсінікті. Алайда, саяси жүйелердің басым көпшілігінде, атқарушы сала, жарлықтар және басқа ережелер қабылдау арқылы, кейбір заң шығарушылық функцияларды иемденетіні белгілі. Соған қарамастан, заң шығарушы билік тармағына заң шығару негізгі қызмет ретінде тапсырылған. Оған қоса, заң шығарушы билік тармағына дәстүрлі түрде басқа да функциялар, мәселен, бюджетті бекіту, келісімдерді ратификациялау, кейбір сайланатын, жоғары деңгейлі атқарушы лауазым иелерін бекіту не бекітпеу, түрлі сұрақтар бойынша бұқаралық тыңдаулар ұйымдастыру, сайлау рәсімдерін белгілеу және кейбір соттық лауазымдарды бекіту сияқты қосымша функциялар беріледі. Бұл арада соттық билік тармағы да кейбір заң шығарушылық функцияларға ие екенін айта кеткен жөн, мәселен, атап көрсетсек, заңдардың каншалықты дәрежеде Конституцияның рухы мен өріпіне және елдің басқа заңдарына сай келетіндігін анықтаудағы шешуші рөлін атауға болады.

Заң шығарушы тармақтардың немесе органдардың көлемі жағынан да, пайдаланатын процедуралары бойынша да, сол сияқты өзінің атқарушы тармақпен салыстырғандағы маңызы жағынан да бір-бірінен айырмашылығы мол. Кейбір жүйелерде заң шығарушы тармақ елеулі билікке ие, ал басқаларында, керісінше, зор билік атқарушы тармаққа тән. Заң шығарушы органдардың көлем жағынан да бір-бірінен айырмашылығы мол. Өзінің 630 мүшелесі бар Ұлыбритания Қауымдар Палатасы дүниедегі ең ірі заң шығарушы органдардың бірі болып табылады. Ал Исландияның төменгі палатасы 40 мүшеден ғана тұрады және өлемдегі ең кіші заң шығарушы органдардың бірі ретінде белгілі. Заң шығарушы органдардың көпшілігі, бірақ бәрі емес, қос палаталы болып келеді. Посткоммунистік заң шығарушы органдардың алдарында тұрған ең бір өзекті мәселе - ол мұндай органдардың жаңадан сайланған мүшелері бұрын-соңды

парламент отырыстарына қатысу тәжірибесіне ие болмағандығында. Мәселен, процедуралық ережелер - а олар кейде өте күрделі болып келеді - бұл елдерде бұрын белгісіз еді деуге де болады. Оған қоса, за шығарушылар нақты сұрақтарды шешу, өткізу мақсатында күрделі саяси коалициялар құру үшін арнай дағдылар және қатынас өнерін игеруі шарт. Ал бұл үшін біраз уақыт, оқып-үйрену тәжірибесі қаже етілері хақ. Және, ең бастысы, олар өз электоратымен байланыс жасау қабылетін дамытумен қатар алдымен, соған өздері де мүдделі болуы тиіс, ал ол ниетін жүзеге асыру үшін тиісті байланыс құралдары менгеруге міндетті. Мұндай құралдар ретінде, тиімділік дәрежесіне орай, не бұқаралық ақпарат құралдары не қалалық кеңестер, немесе басқа да жиындар пайдаланылуы мүмкін. Заң шығарушылар осындай мәндел манызды функцияларын тиісті дәрежеде орындай алмаса, немесе одан бетері, орындағысы келмесе, онд бұдан бүкіл ел зардап шегері сөзсіз.

**Атқарушы тармақтың өкілдері** - үкіметтегі лауазымды адамдар. Олар үкімет саясатының жағыттарын айқындап отыруға және парламент қабылдаған заңдарды жүзеге асыруға жауапты. Бұл қатарға президенттер, премьер-министрлер, премьерлер, канцлерлер, сол сияқты министрлер кабинеті, агенттіктер, басшылары және олардың қызметкерлерінің барлығы жатады. Атқарушылық бюрократияның көпшілігі ө катарына саяси тағайындалушылармен бірге саяси емес мемлекеттік қызметкерлерді де қамтиды.

**Кейбір елдерде Президент мемлекет басшысы болумен бірге, үкіметтің саяси басшысы болып та табылады, мәселен, Америка Құрама Штаттарында жағдай осындай. Ал енді бір елдерде президент немесе премьер-министр үкімет басшысы, яғни, басты атқарушы лауазым иесі, ал монарх атағы жағынан елдің басшысы болып табылады. Кейбір елдерде, мысалы, Францияда, премьер-министрді президент сайлайды, ал басқа бір елдерде премьер-министр парламент арқылы сайланады. Бұл орайда мынаны атап көрсеткеннің артық болмас: жиырмамыншы ғасырдың аяғында бүкіл әлем бойынша атқарушы тармақтың салыстырмалы билігінің, әсіресе, үкіметтің саяси басшысының билігінің ұдайы артып келе жатқандығы байқалады.**

**Соттық тармақ елдегі биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары елдің конституциялық шеңберінен ауытқу-ауытқымауын анықтауда негізгі рөл атқарады және сонымен бірге, қабылданатын шешімдердің елдегі заңдарға сәйкес келетіндігін анықтау мүмкіндіктерін де ұсынады. Демек, сот жүйесінде, тұтас алғанда, апелляциялар мен шағымданудың егжей-тегжейлі жүйелері болады, сондықтан жоғары сатыдағы сот төменгі сатыдағы соттың шешімін -- егер шешім конституция шеңберінен шығып кетсе, немесе басқа, жетілдірілген заңдар әлде прецеденттерге қайшы келсе -- бұза алады.**

**Әдетте соттық екі иерархия болады, оның бірі азаматтық істермен айналысады, ал екіншісі қылмыстық істерді қарастырады. Бұлардың әрқайсысының жергілікті учаскелері, аудандық немесе аумақтық соттары бар. Сонымен қатар ұлттық дәрежеде бір не бірнеше соттар болады. Жергілікті соттар әдетте екі түрлі: алғашқысы ұсақ тәртіп бұзушылармен жұмыс істейді, бұлардың қатарына жол соттары, муниципалдық соттар және ұсақ істерді қарайтын соттар жатады; ал екіншілері одан гөрі ауыр қылмыстарды қарастырады. Посткоммунистік саяси реформаландырудың аса бір қиын міндеті - атқарушы билік тармағының құрамына жатпайтын тәуелсіз сот тармағын құру. Сол сияқты, тәуелсіз әрі заң саласында жақсы дайындалған, қабылдаған шешімдері мен кесімдері үшін халық тарапынан сыйла ие, және түрлі саяси долбарлардың ықпалында қалып қоймайтындығына деп сенуге боларлық сот құрамына сай кадрларды таңдаудың да маңызы зор.**

### (3.) Сайлау жүйелері және олардың салдары.

Демократиялар өз өкілдерін сайлайтын адамдардың өздерінен және сол арқылы сайланған өкілдерден гөрі артық кемелдене алмасы айғақты қажет ете қоймас. Алайда, әр елдің үкімет құруға қажетті өкілдер сайлау әдістерінде өзіне тән айтарлықтай өзгешеліктері бар, және де әртүрлі сайлау жүйелерінің салдары да жағдайға қарай өзгеріп отыратыны анық. Сайлау жүйелері сайлау барысында алынған дауыстарды партиялар мен кандидаттар жеңіп алған билік орындарының санына айналдырады деп айтуға да болады. Сайлау жүйелері сайлау барысында қолданылатын дауыс беру ережесімен - жүйе мажоритарлық әлде пропорционалды болуына және орындарды есептеу үшін қандай математикалық формула пайдаланылатынына орай - сол секілді сайлау учаскесінің көлемімен, сондай-ақ әр сайлау учаскесінен қанша өкіл сайланатынымен де бір-бірінен өзгешеленеді. Сайлау жүйелері сайлау

аудандарының шекараларын анықтауға, сайлаушыларды тіркеу әдістеріне, сайлау бюллетенінің пішініне, дауыстарды есептеуге және, ең маңыздысы, - саяси өзгеше ойлау дәрежесіне және елде рұқсат етілген саяси қызмет түрлеріне де өз әсерін тигізбей қоймайды.

Дауыстарды үкіметтегі өкілділікке айналдыру әдісі үкіметтің іс-әрекетіне бақылау жасау мүмкіндігін алуға орасан зор әсер етеді, сол сияқты ол қай партиялардың ықпалы артып, орын алуы мүмкін деген мәселеге байланысты дау-дамайлардың қалай шешілетіндігін де анықтайды. Кейбір сайлау жүйелерінде қоспартиялық жүйенің дамуына қолдау жасалса, енді бірінде көппартиялыққа жол ашылған. Өз кезегінде, партиялардың шынайы құрылымы да -- олардың ішкі топтасу дәрежесі, ұжымдасу және ымырашылдық деңгейі, этиканы басшылыққа алатын партия құру т.с.с. туралы айтқанда - сайлау жүйелерінің ықпалында болары сөзсіз. Алайда, түрлі сайлау жүйелерінің іс жүзіндегі ықпал дәрежесін дәл басып атап көрсету мүмкін емес, өйткені елдердің бір-бірінен неше түрлі айырмашылығы болары сөзсіз, сондықтан кез-келген, тіпті оқыс жағдайлар мен факторлардың өзі бұл мәселеде шешуші рөл атқарып, тіпті тәжірибелі сарапшылардың өзін жерге отырғызып кетуі әбден мүмкін.

Идеалда демократиялық жүйе азаматтардың мүддесі мен ниетін көздеуді мақсат тұтады, яғни, ол өкілділік болуға тырысады. Өкілділік үш түрлі болады. Географиялық өкілділік -- елдің қандай да бір бөлігі ұлттық деңгейдегі саяси ұйым аясында өзінің көлемі не құрамына барабар орынға ие болады деген сөз. Егер кейбір аумақтар толық өкілділіктен құр қалса, онда мұндай құрылымның демократиялық сипатын күмәнге келтіру қисынды болар еді. Екіншіден, небір "түрпаттық" өкілділік те өмір сүргені абзал; мұның мәні ұлттық үкімет халықты әлдебір негіздік сипатта қамтуы қажет екендігінде. Айталық, елдегі ерлермен қатар әйелдер де, кедейлер мен ауқатты азаматтар да, халықтың түрлі діни наным ұстанатын топтарының өкілдері де ұлттық үкіметте өз дауысына ие болғанда ғана, ондай үкімет өкілділік деп аталуға құқылы. Бірақ бұл аталған топтарға үкіметтен белгілі бір мөлшерде орын "дайындап" қою керек деген сөз емес (мәселен, парламенттегі пәленше орын әйелдерге бөлінетін кей елдердегідей). Бұдан тек, халықтың қандай да бір тобына, мәселен, нәсіліне, дініне, этникалық немесе басқа сипаттарына қарап, өзін кандидат етіп ұсынуға тыйым салуға болмайды деген қорытынды шықса керек. Өкілділіктің үшінші түрі функционалдық (қызметтік); оның мәні мынада -- халық кейбір саяси партияларға басқаларынан гөрі көбірек дауыс беруі мүмкін, бірақ, сайлау жүйесінің құйтырқы ерекшелігінің салдарынан аталмыш партияға тиер үлес аз болуы немесе заң шығарушы органнан мүлде орын тимей қалуы ғажап емес. Мұндайға жол берілсе, онда өкілділік функционалдық емес. Бір қарағанда, мұндай жағдайдың орын алуы мүмкін болмағанымен, іс жүзінде кездесуі әбден ықтимал. Сайлау жүйелерінде, шынын айтқанда, небір күтпеген нәтижеге әкелетін күрделі математикалық формулалар қолданылуы ғажап емес.

Төменде келтірілетін тізбеде 211 тәуелсіз мемлекет және оларға қарасты аумақтарда пайдаланылатын сайлау жүйелеріне сипаттамалар берілген. Мұнда қолданылған терминдердің сөздігін де беріп отырмыз:

**First Past The Post (FPTP) немесе Межеге Бірінші Жеткен (МБЖ):** Бұл салыстырмалы көпшілікті білдіретін мажоритарлық жүйенің барынша қарапайым формасы; бұл жүйе бойынша кім неғұрлым көп дауыс алса, сол жеңімпаз деп танылады. Сайлау учаскелеріне бір мүшені таңдауға құқық берілген, яғни әр учаске заң шығарушы орынға өкілдікке бір-бір мүшеден жібереді. Кандидаттардың ішінде басқаларға қарағанда кім көбірек дауыс алса, сол жеңімпаз саналады; алайда барынша, яғни абсолют түрде көп дауыс алу міндет емес. Яғни кандидат өз қарсыластарының қай-қайсысынан да басым түсіп, артық дауыс алса, жеткілікті, ал жалпы қанша дауысқа ие болғанының маңызы жоқ.

**Блокпен Дауыс беру (БД):** Бұл да сайлау жүйесінің плюралисттік-мажоритарлық түріне жатады; бірақ бұл жағдайда біреуден артық өкіл сайланатын учаскелер қамтылады, яғни қанша кандидат сайлауға қатысатын болса, сайлаушылардың қолында сонша бюллетень болуы шарт. Мұндай учаскелерде бірден артық кандидаттар сайланады. Сайлаушылар жеке кандидатқа немесе тұтас бір партияға дауыс бере алады (кейін өз мүшелерінің ішінен кімді өкіл қылатынын партия өзі шешеді). Бірінші жағдайдағыдай, мұнда да кім көбірек дауыс алса, сол жеңіске ие болады.

**Партиялық блок бойынша дауыс беру (ПББД):** Бұл жеке кандидаттарды емес, нақты түрде партияларды сайлауға байланысты жүйе.

*Баламалық дауыс беру (БД):* Мұндай плюралистік-мажоритарлық арнайы жүйеде сайлаушылар өздерінің қалауын сайлау бюллетенінде кандидаттарды таңдау ретіне қарай сан көмегімен белгілеу арқылы білдіреді. Мәселен, сайлау учаскесі бойынша бес кандидат сайлауға түсті делік. Онда сайлаушылар кімді бірінші ретте қалайтынын, кімді екінші орынға қояды деген сияқты нөмірлеп, бес кандидатқа қарсы бес сан жазады. Сайлауға қатысушылар дауысының 50 пайыздан артығын жинаған бірінші кандидат өзді-өзінен сайланып шығады. Алайда, мұндай көрсеткішке бесеудің ішінен ешкімнің де қолы жетпесе, онда есептеу қайталанып, үміткерлердің біреуі 50 пайыздан жоғары көрсеткішке жеткенше жалғаса береді. Нәтижесінде, сайлауда алғашқы орында болған кандидат, қайта есептеу нәтижесінде өз орынын соңындағылардың біреуіне -- егер ол 50 пайыздан көбірек дауыс жинаса-- өткізіп алуы әбден ықтимал жағдай.

*Екі айналымдық жүйе (ЕАЖ):* Кандидаттардың ешқайсысы бірінші турда абсолют көпшілік дауыс алмаған жағдайда қайтадан сайлау өткізуді қажет ететін, сайлаудың плюралистік-мажоритарлық жүйесі.

*Дара тұрақты дауыс жүйесі (ДТДЖ):* Бұл -- көпмүшелі сайлау учаскелерін дауыс санын есептеудің МБЖ, яғни сайлаушылар бір ғана дауысқа ие болатын әдісімен тоғыстыратын жүйе.

*Дара көшпелі дауыс жүйесі (ДКДЖ):* Бұл -- көпмүшелі учаскелерде сайлаудың пропорционалдық өкілділік түрі бойынша өткізілуі. Сайлану үшін, кандидаттар бірінші турдан кейін белгілі бір дауыс санын (квота) жеңіп алуы қажет. Сайлаушылардың дауыстары квотаға жетпеген кандидатты ысырып, қалғандарының арасында бөліске салынады, сол секілді сайланған кандидат квотадан артық алған дауыс саны бөлінеді.

*Пропорционал өкілділік жүйесі (ППЖ):* Қарапайым түрде алғанда, ППЖ -- әр партияның сайлаушылар алдына өз кандидаттарының тізімін ұсынуы. Сайлаушылар партияларға дауыс береді, ал партиялар ұлттық дауыс беру нәтижесінде жинаған дауыстарға сай пропорцияда орын алады. Жеңген кандидаттар ұсынылған тізімнен алынады.

*Аралас пропорционалды мүшелік (АПМ):* Бұл-- парламентарийлердің бір бөлігі, әдетте жартысы, плюралистік-мажоритарлық учаскелерде сайланады да, ал қалған мүшелері пропорционалды өкілділік (ПӨ) бойынша сайланады деген сөз. Сайлаудың мұндай жүйесінде орындарды сайлау учаскелеріне тарату негізінде туындауы мүмкін кез-келген диспропорция ПӨ тізімі арқасында орнына келеді.

Плюралистік-мажоритарлық жүйелердің өзіне тән негізгі ерекшелігі -- ол дара мүшелі сайлау учаскелерін пайдалануы. МБЖ жүйесінде ең көп дауыс жинаған кандидат жеңімпаз ретінде танылады. Ал бұл жүйе көпмүшелі учаскелерде қолданылған жағдайда, ол блокпен дауыс беру жүйесіне айналады. Қанша бос орын болса, сайлаушылар сонша дауысқа иелік етеді, ал өзгелерден көбірек дауыс жинаған кандидаттар сол бос орындарды толтырады.


*Жарғылай пропорционалды сайлау жүйелерінің* ішіндегі ең жиі қолданылатын екеуі -- дара тұрақты дауыс (ДТД) және Аралас (немесе параллель) жүйелер. Бірінші жағдайда әр сайлаушы бір дауысқа ие, бірақ әр учаскеде бірнеше орын толтыру керек, және басқалардан көп дауыс жинаған кандидаттар сол орындарға иелік ететін болады. Бұл азшылықтар партиясының кандидатын өткізуге жол ашады және парламенттік пропорционалдықты жақсартады. Аралас сайлау жүйелері ПӨ тізімдерімен қатар плюралистік-мажоритарлық учаскелерді де қамтиды, алайда Аралас жүйелерде ПӨ тізімдері мажоритарлық учаскелер ішінде туындайтын диспропорцияны өзгерте алмайды. Аралас жүйелер Африканың жаңа демократиялық мемлекеттері мен бұрынғы Кеңес Одағында кеңінен қолданыс тапты.

*Пропорционалды өкілділік (ПӨ) жүйесінің* ақылға қонымды ерекшелігі сол, ол жалпыхалықтық дауыс берудегі партияның үлесі мен оның парламенттегі орындардан тиетін үлесі арасындағы сәйкес келмеушілікті әдейі қысқартады. Көп жағдайда өкілділік пропорциясы партиялық тізімдерді пайдаланған жағдайда барынша дұрыс көрініс береді деп есептеледі. Алайда, сонымен қатар Дара көшпелі дауыс (ДКД) жүйесі секілді преференциялық дауыс беру жүйесін де қолдануға болады, бұл жағдайда дауыс берушілер кандидаттарды көпмүшелі учаскелерде "бойына қарай" орналастырады деп айтуға болар еді.

## 211 тәуелсіз мемлекеттің сайлау жүйелері (1997)

Мемлекет	Сайлау жүйесі, 1997 ж.	Түрі	Парламент көлемі (1)
Ауғанстан	МБЖ	Плюралистік	205
Албания	Параллель-ЕАЖ	Жартылай-ПӨ	140
Алжир	ППЖ	ПӨ	430
Америкалық Самоа	МБЖ	Плюралистік	20
Андорра	Параллель-Блоктік	Жартылай-ПӨ	28
Ангола	ППЖ	ПӨ	220
Антигуа және Барбадос	МБЖ	Плюралистік	17
Аргентина	ППЖ	ПӨ	257
Армения	Параллель-МБЖ	Жартылай-ПӨ	189
Аруба (Нидерланд)	МБЖ	Плюралистік	21
Австралия	БД	Мажоритарлық	148
Австрия	ППЖ	ПӨ	183
Әзірбайжан	Параллель-ЕАЖ	Жартылай-ПӨ	125
Багам аралдары	МБЖ	Плюралистік	49
Бахрейн (2)	Блоктік-МБЖ	Плюралистік	30
Бангладеш	МБЖ	Плюралистік	300
Барбадос	МБЖ	Плюралистік	28
Беларусь	ЕАЖ	Мажоритарлық	260
Бельгия	ППЖ	ПӨ	150
Белиз	МБЖ	Плюралистік	29
Бенин	ППЖ	ПӨ	83
Бермуд аралдары	Блоктік	Плюралистік	40
Бутан	МБЖ	Плюралистік	150
Боливия	АПМ	ПӨ	130
Босния және Герцеговина	ППЖ	ПӨ	240
Ботсвана	МБЖ	Плюралистік	47
Бразилия	ППЖ	ПӨ	513
Бруней	тікелей сайлаусыз	--	--
Болгария	ППЖ	ПӨ	240
Буркина Фасо	ППЖ	ПӨ	111
Бирма (3)	ППЖ	Плюралистік	485
Бурунди	ППЖ	ПӨ	81
Камбоджа	ППЖ	ПӨ	120
Камерун	Параллель-ППЖ	Жартылай-ПӨ	180
Канада	МБЖ	Плюралистік	295
Жасыл Мүйіз Аралдары	ППЖ	ПӨ	79
Кайман Аралдары	ППЖ	ПӨ	19
ОАР	ЕАЖ	Мажоритарлық	85
Чад	ЕАЖ	Мажоритарлық	125
Чили	ППЖ	ПӨ	120
Қытай	тікелей сайлаусыз	--	--
Колумбия	ППЖ	ПӨ	168
Комор Аралдары	ЕАЖ	Мажоритарлық	42
Конго	ЕАЖ	Мажоритарлық	125
Кук Аралдары (Австралия)	МБЖ	Плюралистік	25
Коста-Рика	ППЖ	ПӨ	57

Куба	ЕАЖ	Мажоритарлық	589
Кипр	ППЖ	ПӨ	80
Чех Республикасы	ППЖ	ПӨ	200
Дания	ППЖ	ПӨ	179
Джибути	ППБД	Плюралистік	65
Доминика	МБЖ	Плюралистік	31
Доминикан Республикасы	ППЖ	ПӨ	120
Эквадор	Параллель-ППБД	Жартылай-ПӨ	77
Египет	ЕАЖ	Мажоритарлық	444
Эль-Сальвадор	ППЖ	ПӨ	84
Экваторлық Гвинея	ППЖ	ПӨ	80
Эритрея	ППЖ	ПӨ	80
Эстония	ППЖ	ПӨ	101
Эфиопия	МБЖ	Плюралистік	547
Микронезия	МБЖ	Плюралистік	14
Фиджи	Блоктік-МБЖ	Плюралистік	70
Финляндия	ППЖ	ПӨ	200
Франция	ЕАЖ	Мажоритарлық	577
Француз Гвианасы	ЕАЖ	Мажоритарлық	19
Француз Полинезиясы	ППЖ	ПӨ	41
Габон	ЕАЖ	Мажоритарлық	120
Гамбия	МБЖ	Плюралистік	36
Грузия	Параллель-ЕАЖ	Жартылай-ПӨ	235
Германия	АПМ	ПӨ	656
Гана	МБЖ	Плюралистік	200
Греция	ППЖ	ПӨ	300
Гренада	МБЖ	Плюралистік	15
Гваделупа (Франция)	ЕАЖ	Мажоритарлық	42
Гуам (АҚШ)	МБЖ	Плюралистік	21
Гватемала	Параллель-МБЖ	Жартылай-ПӨ	82
Гернси (БК)	МБЖ	Плюралистік	33
Гвинея	Параллель-МБЖ	Жартылай-ПӨ	114
Гвинея-Бисау	ППЖ	ПӨ	100
Гайана	ППЖ	ПӨ	53
Гаити	ЕАЖ	Мажоритарлық	83
Гондурас	ППЖ	ПӨ	128
Венгрия	АПМ	ПӨ	386
Исландия	ППЖ	ПӨ	63
Үндістан	МБЖ	Плюралистік	543
Индонезия	ППЖ	ПӨ	425
Иран	ЕАЖ	Мажоритарлық	270
Ирак	ЕАЖ	Мажоритарлық	250
Ирландия	ДТД	ПӨ	166
Мэн аралы (БК)	МБЖ	Плюралистік	24
Израиль	ППЖ	ПӨ	120
Италия	АПМ	ПӨ	630
Піл Сүйегінің Жағалауы	Блоктік-МБЖ	Плюралистік	175
Ямайка	МБЖ	Плюралистік	60
Жапония	Параллель-МБЖ	Жартылай-ПӨ	500





Джерси (БК)	МБЖ	Плюралистік	53
Иордания	ДТД	Жартылай-ПӨ	80
Қазақстан	МБЖ	Плюралистік	67
Кения	МБЖ	Плюралистік	188
Кирибати	ЕАЖ	Мажоритарлық	39
Солтүстік Корея	МБЖ	Плюралистік	687
Оңтүстік Корея	Параллель-МБЖ	Жартылай-ПӨ	299
Кувейт	Блоктік	Плюралистік	50
Қырғызстан	ЕАЖ	Мажоритарлық	35
Лаос	Блоктік	Плюралистік	85
Латвия	ППЖ	ПӨ	100
Ливан	ПББД	Плюралистік	128
Лесото	МБЖ	Плюралистік	65
Либерия	ППЖ	ПӨ	64
Ливия	Тікелей сайлаусыз	--	--
Лихтенштейн	ППЖ	ПӨ	25
Литва	Параллель-ЕАЖ	Жартылай-ПӨ	141
Люксембург	ППЖ	ПӨ	60
Македония	ЕАЖ	Мажоритарлық	120
Мадагаскар	ППЖ	ПӨ	138
Малави	МБЖ	Плюралистік	177
Малайзия	МБЖ	Плюралистік	192
Мальдив	Блоктік	Плюралистік	40
Мали	ЕАЖ	Мажоритарлық	147
Мальта	ДТД	ПӨ	65
Маршалл аралдары	МБЖ	Плюралистік	33
Мартиника (Франция)	ЕАЖ	Мажоритарлық	45
Мауритания	ЕАЖ	Мажоритарлық	79
Маврикий	Блоктік	Плюралистік	70
Мейот (Франция)	ЕАЖ-МБЖ	Мажоритарлық	17
Мексика	АПМ	ПӨ	500
Молдова	ЕАЖ	Мажоритарлық	104
Монако	ЕАЖ	Мажоритарлық	18
Монғолия	МБЖ	Плюралистік	76
Монтсеррат	МБЖ	Плюралистік	7
Марокко	МБЖ	Плюралистік	222
Мозамбик	ППЖ	ПӨ	250
Намибия	ППЖ	ПӨ	72
Науру	БД	Мажоритарлық	18
Непал	МБЖ	Плюралистік	205
Нидерланд	ППЖ	ПӨ	150
Нидерланд Антилдары	ППЖ	ПӨ	27
Жаңа Каледония (Франция)	ППЖ	ПӨ	54
Жаңа Зеландия	АПМ	ПӨ	120
Никарагуа	ППЖ	ПӨ	92
Нигер	Параллель-МБЖ	Жартылай-ПӨ	83
Нигерия	МБЖ	Плюралистік	593
Ниу (Жаңа Зеландия)	Блоктік-МБЖ	Плюралистік	20
Солтүстік Мариан Аралдары (АКШ)	МБЖ	Плюралистік	18

Норвегия	ППЖ	ПӨ	165
Оман	тікелей сайлаусыз	--	--
Пәкістан	МБЖ	Плюралистік	217
Палау	МБЖ	Плюралистік	30
Палестина автономиясы	Блоктік	Плюралистік	88
Панама	ППЖ	ПӨ	72
Папуа Жаңа Гвинея	МБЖ	Плюралистік	109
Парагвай	ППЖ	ПӨ	80
Перу	ППЖ	ПӨ	120
Филиппин	Блоктік	Плюралистік	204
Польша	ППЖ	ПӨ	460
Португалия	ППЖ	ПӨ	230
Пуэрто Рико (АҚШ)	МБЖ	Плюралистік	53
Катар	тікелей сайлаусыз	--	--
Реюньон (Франция)	ЕАЖ	Мажоритарлық	44
Румыния	ППЖ	ПӨ	328
Ресей	Параллель-МБЖ	Жартылай-ПӨ	450
Руанда	МБЖ	Плюралистік	70
Сан Марино	ППЖ	ПӨ	60
Сан Томе және Принсипи	ППЖ	ПӨ	55
Сауд Аравиясы	тікелей сайлаусыз	--	--
Сенегал	Параллель-ППБД	Жартылай-ПӨ	120
Сейшелдер	Параллель-МБЖ	Жартылай-ПӨ	33
Сьерра Леоне	ППЖ	ПӨ	68
Сингапур	ППБД-МБЖ	Плюралистік	83
Словакия	ППЖ	ПӨ	150
Словения	ППЖ	ПӨ	90
Соломон Аралдары	МБЖ	Плюралистік	47
Сомали (4)	Параллель-МБЖ	Жартылай-ПӨ	123
Оңтүстік Африка	ППЖ	ПӨ	400
Испания	ППЖ	ПӨ	350
Шри Ланка	ППЖ	ПӨ	225
Сент Китс және Невис	МБЖ	Плюралистік	11
Сент Люсия	МБЖ	Плюралистік	17
Сент Пьер және Микелон (Франция)	ЕАЖ-МБЖ	Мажоритарлық	19
Сент Винсент және Гренадин	МБЖ	Плюралистік	15
Судан	МБЖ	Плюралистік	275
Суринам	ППЖ	ПӨ	51
Свазиленд	МБЖ	Плюралистік	55
Швеция	ППЖ	ПӨ	349
Швейцария	ППЖ	ПӨ	200
Сирия	МБЖ	Плюралистік	250
Тайвань	Параллель-ДТД	Жартылай-ПӨ	164
Тәжікстан	ЕАЖ	Мажоритарлық	181
Танзания	МБЖ	Плюралистік	232
Таиланд	Блоктік	Плюралистік	391
Того	ЕАЖ	Мажоритарлық	81
Тонга	МБЖ	Плюралистік	9
Тринидад және Тобаго	МБЖ	Плюралистік	36

65	Тунис	Параллель-ПББД	Жартылай-ПӨ	163
--	Түркия	ППЖ	ПӨ	550
17	Түркменстан	ЕАЖ	Мажоритарлық	50
30	Турки және Каикос Аралдары	МБЖ	Плюралистік	13
38	Тувалу	МБЖ	Плюралистік	12
72	Уганда	МБЖ	Плюралистік	214
09	Украина	ЕАЖ	Мажоритарлық	450
30	БАЭ	тікелей сайлаусыз	--	--
20	Біріккен Корольдік	МБЖ	Плюралистік	659
04	Америка Құрама Штаттары	МБЖ	Плюралистік	435
50	Уругвай	ППЖ	ПӨ	99
30	Өзбекстан	ЕАЖ	Мажоритарлық	250
3	Вануату	ДТД	Жартылай-ПӨ	50
-	Венесуэла	АПМ	ПӨ	203
4	Вьетнам	ЕАЖ	Мажоритарлық	393
38	Виргин Аралдары (БК)	МБЖ	Плюралистік	9
30	Виргин Аралдары (АҚШ)	Блоктік	Плюралистік	15
0	Уаллис және Футуна (Франция)	ППЖ	ПӨ	20
0	Батыс Самоа	Блоктік-МБЖ	Плюралистік	47
5	Йемен	МБЖ	Плюралистік	301
-	Югославия	ППЖ	ПӨ	138
0	Заир/Конго Демократиялық Республикасы	МБЖ	Плюралистік	210
3	Замбия	МБЖ	Плюралистік	150
3	Зимбабве	МБЖ	Плюралистік	120

Ескерту: (1) Тура сайланған мүшелер; (2) Бахрейнде соңғы баламалы сайлау 1973 жылы өткізілді; (3) Бирманын Халық Ассамблеясына соңғы баламалы сайлау 1990 жылы өткізілген, алайда оның өзіне мәжіліс құруға рұқсат етілмеді; (4) Бұл көрсеткіштер 1969 жылы Сомалиде болған соңғы баламалы сайлау негізінде келтіріліп отыр. (Мынаны есте ұстаған жөн: біз демократияның ахуалы туралы түсініктеме бермейміз. Келтірілген анықтама елдердің сайлау заңдарының 1969 жылдың мамыр айындағы жағдаятына немесе соңғы өткізілген баламалы сайлауларға сай келтіріліп отыр.)

#### (4) Саяси партиялар және басқа саяси қатысушылар.

Саяси партиялар дегеніміз билікке қол жеткізу үшін және сол билікті қандай да бір саяси жүйенің ішінде пайдалану мақсатында ұйымдастырылған топтар болып табылады. Саяси партиялардың басқа бірлестік түрлерінен айырмашылығы - бұлардың жария етілген мақсаттары саяси билікті қолына алу екендігінде ғана. Алайда, бұдан саяси өмірге ықпал етуге мүдделі топтар осы саяси партиялар ғана екен деген қорытынды шықпауы тиіс, ондай топтар жеткілікті. Саяси партиялар салыстырмалы түрде жана құбылыс болып табылады, олар он тоғызыншы ғасырдың аяғында Батыс Еуропа мен Америка Құрама Штаттарында өмірге келді. АҚШ конституциясында саяси партиялар туралы баптар жоқ, алайда аталмыш конституция бірлестіктердің бостандығына кепілдік беретіндіктен, ондай кепілдік партияларды құру бостандығын да қамтамасыз етеді деп түсініледі. Бірлестіктер құру бостандығы американдық Құқықтар туралы Билль - Конституцияға бірінші түзету кепілдік ететін ең негізгі құқықтардың бірі. Нақты бір элиталар мен немесе топтар мүдделерінің сәйкестігі негізінде құрылған саяси бірлестіктердің сан түрі пәлен ғасырдан бері ғұмыр сүріп келе жатыр. Көп жағдайда о бастағы саяси құрылымдар шағын болып келетін, және олар, әдетте, көздеген мақсат пен жоспарлары өздерінің саяси билігінің шама-шарқына қанағаттанбағандығы салдарынан туындайтын әлдебір топтардың белгілі бір мүшелерінің күшімен

құрылатын. Баршалық дауыс беру құқығы өз шеруін бастағанына көп уақыт болған жоқ, ал мұның өзі нағыз бұқаралық партиялардың кеш дамуының себебі болды.

Жиырмасыншы ғасырда елдердің көпшілігі саяси ұйымдардың қандай да бір формасының тууына және құрылуына жол ашты, ал плюралистік жүйенің нышаны - елде әрекет ететін партиялар санының бірден артық болуы. Бұл қатарға қосылмайтындар - Қытай Халық Республикасы, Куба және басқа бірқатар коммунистік және қатаң авторитарлық елдер. Тіпті саяси партиялар дәстүрден тыс болып келген Африка елдерінің өздерінде кейде бірнеше партиядан бар. Соңғы жағдайларда партия басшылары көбінесе тайпалық көсемдерден тұрады. Кейбір дамушы елдерде саяси рөлдерді әскери топтар атқарады, мұндай жағдай, мысалы, Индонезияда орын алған. Африка құрылығының кей бөлігінде саяси партияларға мүшелік діни топқа жатуына қарай және салт-жоралық бауырластық негізінде айқындалады. Кейбір саяси партиялар этникалық шығу тегіне орай негізделуі мүмкін. Ал Тәжікстанда қазір діни негізде құрылған саяси партияларға рұқсат беру керек пе, жоқ па деген тақырыпта пікірталас жүріп жатыр. Жалпы айтқанда, саяси партиялардың қай-қайсы да, өздерінің партиялық платформасында жарияланатын белгілі бір принциптерді қабыл алады. Аталмыш платформалардың бір-бірінен нақты детальдері, сипаттама айқындығы жағынан елеулі айырмашылықтары болуы, ал партия мүшелері партия жариялаған принциптерді әр дәрежеде мақұлдауы мүмкін. Әр партияның мүшелікке байланысты ережелері де әртүрлі. Сол сияқты қандай да бір партияға, оның мүшесі болмай-ақ дауыс беруге жол ашық.

Сондай-ақ, әлдебір партияның сайлау кампаниясына қатысуы үшін кандидат ұсынудың да сан түрлі ережелері бар. Кейбір жағдайда партия комитеті партияның саяси белсенді өкілі болуға ниет етуімен белгілі болған мүшелерінің арасынан іріктеп алып, кандидаттар тізімін жасайды да, сайлаушыларға осы тізім ішінен кімді қалайтынын анықтау ұсынылады. Сайлау ережелері кандидаттарды сайлаудың ақырғы процедурасын да әртүрлі жолмен реттейді. Саяси партиялардың сайлауға қатысуына байланысты сұрақтар, әдетте, сайлау заңдарында белгіленеді, ал бұл заңдарды, негізінен, заң шығарушы орган қабылдайды. Сонымен қатар, саяси партиялардың әрекет ету ережелерін, әсіресе, сайлау кампанияларын қаражаттандыруға қатысты сұрақтарды реттейтін, басқа да көптеген заңдар қолданылуы ықтимал.

Саяси өкілдікке қатысты философиялық көзқарастарды партиялардың идеологиясы айқындайды. Кейбір партиялар үкіметтің күнделікті өмірден туындайтын мәселелерге көбірек араласуын талап етіп, мұндай араласудың қалай жүзеге асырылуын нақтылайтын ақыл-кеңестерін ұсынады. Кейде оларды "солшыл" партиялар деп атайды, алайда, бұл терминнің қазір белгілі бір дәрежеде біршама бұлдырланғанын және кейбір маңызды саяси ерекшеліктерді ескермейтінін ұмытпаған жөн. Тым тұрпайылау шығу мүмкіндігін жоққа шығармай, "солшылдар" мен "оңшылдар" арасындағы, ең болмағанда кейбір айырмашылықтарды анықтау үшін, бір жағынан азаматтық және саяси бостандықтардың, екінші жағынан, экономикалық құқықтар мен меншікке қатысты құқықтар арасынан жік өткізсек жеткілікті болар деп ойлаймыз. "Сол" қанаттағы партиялар азаматтық және саяси бостандықтардың көбірек болуын қолдайды, бірақ сонымен бірге меншіктік құқықтар мемлекет тарапынан белгілі бір мөлшерде тізгіңделіп, бүкіл экономиканың (немесе экономиканың әлдебір бөлігінің) мемлекеттік бақылауында болуын талап етеді. Социализм тұсында экономиканың басым бөлігі мемлекет тарапынан реттелген. Ал "оң" қанаттағы партиялар, керісінше, экономикалық бостандық дәрежесін барынша молайтып, азаматтық және саяси құқықтардың әжептәуір "кесілуін" қолдайды. Авторитарлық, әскери режимдерде мұндай партиялар азаматтық және саяси бостандықтардың басым көпшілігін тыйып тастауға бейім тұрады. Демек, саяси спектрдің бір жағынан экономикалық бостандықтармен бірге азаматтық және саяси бостандықтарға шек қойылған тоталитарлық мемлекетті көреміз. Ал екінші жағында жеке адамға экономика саласында да, саяси салада да барынша мол бостандық беретін, классикалық либералдық (немесе кейде "шектеулі" деп аталатын) мемлекет түр. Батыс демократияларының көпшілігі осы соңғы жүйеге жақындау деуге болады, алайда, жекелеген жағдайларда мұнда да мемлекеттің әжептәуір дәрежеде экономикалық өмірге араласу дәрежесін байқауға болады. Соңғы уақыттарда саяси және азаматтық бостандықтар мен мемлекеттің өркенеу дәрежелерінің арасындағы өзара байланысқа қатысты зерттеулер (Уолл Стрит Джорналде жарияланған) пайда болды. Олардың нәтижесінде алынған қорытындылар мемлекет нарықтық қатынастарға және халықтың бостандықтарына неғұрлым азырақ қол сұқса, халық соғұрлым байырақ тұратынын дәлелдейді.

Саяси партиялардан өзге де көптеген ұйымдар саяси билікке мүдделі, сондықтан үкіметтің іс-әрекетіне ықпал жасау мақсатында түрлі амалдарға баруы ғажап емес. Небір "ми орталықтары", зерттеушілік топтар немесе түрлі ағартушы-сымақ топтар әр түрлі мақалалар мен ғылыми еңбектер жариялап, белгілі бір саяси көзқарастарға қолдау жасау арқылы, екінші бір көзқарастарды жоққа шығаруға тырысуы ықтимал. Кәсіподақтар да өздерін кейде белгілі бір саяси бағыттың ізбасарлары ретінде көрсетеді, және кейде өз мүшелерінің барлығының көзқарасын ұстанудың орнына, кәсіподақтар көсемдерінің аз ғана тобының идеологиясын жүзеге асыру мақсатында әрекет жасайды. Жеке корпорациялардың жалдауымен лоббист адамдар немесе ұйымдар заң шығарушы органдардың мүшелерімен және қызметкерлерімен кездесіп, өз клиенттері үшін салықтан босатылуы немесе мемлекеттік субсидиялар алып беру секілді жеңілдіктер қол жеткізуге тырысады. Кейде әлдебір мүддені көздейтін топтар біріге отырып, заң шығарушы органдарға ықпал ету арқылы қоғамдық мүдделер есебінен өз клиенттеріне заңды негіздегі арнайы жеңілдіктерге қол жеткізу мақсатында қимыл жасайды. Мұндай пиғылдарға, ел бірлестіктер мен сөз бостандығы үшін күресіп жатқан жағдайда, мүлдем тыйым салудың ыңғайы келмесе де, ондай құбылыстардың мәнін түсініп, көзден таса қылмауға әбден болады. Жұртшылықтың ұдайы сак болуынан өзге амалы жоқ десек те орынды. Бұл орайда баспасөздің шынайы бостандық алуының маңызы да зор.

Бүгінгі күні елдердің басым көпшілігінде, ненін саяси қызмет, ненін жәй ғана сөз бостандығын пайдалану болып табылатынын тура айқындайтын нақты заңдық ережелер жұмыс істейді. Егер кез-келген адам белгілі бір мағынада саяси процеске бейжай емес екенін, ал адамдардың көпшілігінің анық саяси таңдаулары болатынын ескерсек, онда "саяси қызмет" немесе "саяси іс-әрекет" деген мағына аясына нені де болса сыйдыруға болары хақ. Алайда, аталмыш терминді біршама тар мағынасында қарастырсақ, онда партиялық таңдауы жоқ, мемлекеттік емес ұйымдар мен айқын саяси көзқарас ұстанатын ұйымдар арасын анықтаудың қиындығы жоқ. Бұл, мәселен, адамдар ұйымдардың соңғысында емес, алғашқы тегінде жұмыс істесе, белгілі бір салықтық жеңілдіктерге қол жеткізуіне жол ашады.

### *(5) Жеке алынған елге тән үкіметтің құрылымы.*

Бұл тарауға басқарма мен үкіметтің құрылымының сипаттамасы кіруі керек:

- \* заң шығарушы органның түрі (қос палаталы және с.с.);
- \* өкілдер қалай сайланады;
- \* қолданылатын сайлау жүйесінің түрі;
- \* атқарушы тармақтың өкілеттері;
- \* сот тармағының құрылымы;
- \* саяси партия дегеніміз не;
- \* сайлау учаскесіне кандидаттарды кім тіркей алады;
- \* сайлау өткізудің қандай ережелері бар.

Әдебиет:

- Karl Lowenstein, Political Power and the Governmental Process, 2<sup>nd</sup> ed., (1965). (Карл Ловенштайн, "Саяси билік және басқару процесі", екінші басылым, 1965).
- Charles de Montesquieu, The Spirit of Laws (1748). (Шарль Монтескье, "Зандар рухы", 1748).
- Andrew Reynolds and Ben Reilly, The International IDEA Handbook of Electoral System Design (1997). (Эндрю Рейнолдс және Бен Рейли, "Сайлау жүйелерінің ИДЕА халықаралық анықтамалығы", 1997).
- Joseph G. Lapalombara and Myron Wittner, eds., Political Parties and Political Development (1966). (Джозеф Г. Лапаломбара және Мирон Уитнер, сарапшылар, "Саяси партиялар және саяси даму", 1966).

## ҮІ. Заң үстемдігі.

Бәлкім, бүгінгі саяси қоғамның ең бірінші және бірегей маңызды мүддесі -- адамдардың басқаруын емес, заңның үстемдігін, заңның билігін қамтамасыз ету болып табылатын шығар. Бұдан шығатын қорытындыны былай тұжырымдауға болар еді: нормадан ауытқығаны үшін кім де-кімді жазаларда, ол жазаның әділ, заңдық талаптарға сай келуін қарастырып және кейбіреулерге, олардың лауазымы, этникалық шығу тегі немесе басқа сыртқы жағдайларына байланысты, арнайы артықшылықтар беруден сақтанған абзал. Әрбір мемлекеттің негізгі заңы (ата заңы) конституция болып табылады; конституция мемлекеттің іргетасын құрайтын принциптерді айқындайды.

### (1.) Конституциялар

Саяси философияның басқа да принциптерін негіздегені сияқты, Аристотель "конституция" ұғымының да анықтамасын бірінші болып сипаттады. Бұл үшін ол *политея* сөзін пайдаланған еді. Ол заманда бұл сөздің бірнеше мағынасы болатын. Сол мағыналардың бірі бүгінгі конституция ұғымына жақын келеді: "мекемелерді *полис* (мемлекет) түрінде хаттау". Бұл мағынаға орай, әрбір мемлекеттің конституция секілді белгілі бір заңдар жиынтығы, жүйесі болуы керек. Кейінгі ғасырлар барысында конституцияның идеясы мен қызметі өзгерістерге ұшырады. Алайда, оның бірден-бір негізгі функциясы ретінде мемлекетте өмір сүретін азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерін белгілеу және де саяси құрылымның принциптерін айқындау қызметі болды. Конституцияның мемлекеттің ең маңызды құжаты болып қала беретіні еш күмәнсіз: ол елдің рухын айқындайды деп айтуға да болады және, егер ол жақсы құжат болса, онда ол мемлекетті ішкі дұшпандардан да, және, сол сияқты, сыртқы жаулардан да қорғай алады. Конституцияны бекіту (ратификациялау) аса маңызды саяси құбылыс, сондықтан, халықтың, елдің негізгі құжатты, яғни өз өмірлеріне басшылық қылатын құжатты, жете түсінуінің және оны қолдауының маңызы зор.

Америка Құрама Штаттарының Конституциясы бүгінгі таңда қолданылып жүрген конституциялардың ішіндегі ең ертеден келе жатқаны. Түрлі елдердің конституциялары мазмұны жағынан болсын, сол сияқты көлемі жағынан болсын бір-бірінен елеулі айырмашылықтарға ие. Мысалы, католиктік Ирландияда конституция бойынша аборт жасауға және ажырасуға тыйым салынған, ал қасиетті үштік (Святая троица) бүкіл саяси биліктің қайнар көзі ретінде жарияланған. Жапонияның ұлттық жарғысы теледидар станцияларына иелік ету құқығынан бас тартады. Перуде елдің негізгі заңы Лима қаласының телефондық анықтамалығынан ұсақ қаріппен терілген пәлен парақ орын алып, жиі-жиі басылып тұрады.

Дүние жүзіндегі конституциялардың төрттен үш бөлігі қабылданған мерзімдерінен бергі уақытта толығымен қайта жазылып шықты. Кейбір заңгер-теоретиктер мұны заңды құбылыс деп санайды; алайда, енді біреулері оның заңдылығына күмән келтіреді. Көптеген конституциялар оларға өзгерту енгізуге немесе түзетуге болмайтындай етіліп құрылған, бұл - елдің негізгі заңы тым өзгермелі болып, өтіп-кетіп жататын кейбір саяси желпулерге сезімтал болмасын деген ниетімен ойдан туған әрекет. Тұрақтылықтың мемлекет үшін маңызы зор. Конституциялық түзетулердің немесе өзгертулердің кейбіреуі пәлендей маңызы болмаса да, алайда, олардың кейбірі саяси құрылысты түгелдей ауыстыруға апарып соғуы мүмкін, сол себепті ондай өзгерістердің революциялық болып есептелуі - қисынды нәрсе. Ең бастысы - мемлекеттің жеке тұлғалар бостандықтарын пәрменді және нақты түрде қорғауды қамтамасыз ете алатын конституция қабылдауында.

Сол сияқты конституция баптарының орындалуын қамтамасыз етудің де маңызы зор. Және тағы бір маңызды мәселе - сол баптарды орындаудың мүмкіндігі негізгі шарт болуы қажет. Мәселен, кейбір конституцияларда халыққа бағышталған зор "бостандықтар" мен жеңілдіктер жайлы айтылады, мысалы, халықтың денсаулығын қорғау "құқығы" және халыққа әлеуметтік қызметтер көрсету туралы баптар. Алайда, сол құқықтарды орындауға немесе сол қызметтерді іс жүзіне асыруға үкіметтің ниеті - кейде тіпті қаржысы да - жоқ болуы ғажап емес. Аталмыш жағдай саяси тұрғыдан қисынды болып көрінуі мүмкін болса да, одан іс жүзінде ондай жалпақшешей конституциялардың құндылығы артпайды, керісінше, төмендейді. 1995 жылы Украина конституциясының жобасын құрастырған кейбір мамандардың атап

көрсеткеніндей, егер мұндай баптардың орындалуы күмәнді болса, онда оларды көзделетін игі мүдде ретінде ғана келтірген дұрыс, ал қатан қорғалатын құқық ретінде атап көрсетудің реті жоқ.

Конституциясы жоқ мемлекеттер авторитарлық билеу әдісіне бейімірек келеді және елдің халқына өз наразылығын білдіруге еш жағдай жасамайды. Бұл, мысалға, Гаитиде "Папа Дюк" Дювальенің билігі кезеңінде, Филиппинде бұрынғы президент Маркостың кезінде, Никарагуада Сомосаның тұсында және басқа да көптеген жағдайларда орын алған құбылыс.

## (2.) Бостандық, тәртіп және теңдік\*.

"Бостандық... Бостандық екі түрлі мағынада қолданылуы мүмкін: *әлдене үшін бостандық* және *әлденеден бостандық*... *Әлдене үшін* бостандық адамның белгілі бір максатта көзделген іс-әрекетіне қандай да бір тежеулер қойылмайтынын көрсетеді. Осы мағынада бостандық "ерік" сөзінің синонимі болып табылады. (Бұл сонымен бірге "негатив" немесе "теріс" бостандық деп аталады.) Ал *әлденеден бостандық*... қорқыныш пен тілектің жоқ екендігін көрсетеді. (Мұны сол сияқты, "позитив" яғни "оң" бостандық деп сипаттауға болады; оның мәні азаматтың әлденемен қамтамасыз етілу идеясы, мысалы, азықпен немесе баспанамен. Бұл идеяның салдарының бірі - әлдекімнен іс жүзінде белгілі бір нәрсені өндіруді талап етілетінінде. Осыған орай мына жәйтке назар аударған жөн: егер әлдекімнен бірденені өндіру, яғни оң әрекет талап етілетін болса, онда ол адамның "негатив", яғни "теріс" бостандығы - оның өзімен-өзі онаша қалу бостандығы - ол арқылы (егер керісіншесі атап көрсетілмесе) зардап шегеді, бұзылады деген сөз.

Тәртіп. Егер тәртіп ұғымы оның тар мағынасында қарастырылса, - атап айтқанда, өмірді қорғау не мүлікті сақтау мағынасында алынса, - азаматтардың көпшілігі мұндай тәртіптің талап етіліп, сақталуының маңызын түсінеді және оны қолдайды, сондықтан да үкіметтің қажеттілігін де ұғынады. Әлеуметтік тәртіп дегеніміз - қоғамда орнатылған басқару тәртібі және азаматтардың дәстүрлі өзін-өзі ұстау ережелері... Әлеуметтік тәртіптің өзгеру мүмкіндігін ескерген жөн... Мемлекет пен үкімет орнатылған тәртіпті өзінің полициялық билігін іске қосу арқылы қорғауы, - яки өз азаматтарының денсаулығын, моральдық құқықын, қауіпсіздігін және ауқаттылығын қорғау билігін пайдалануы мүмкін. Ал үкімет өзінің осы билігін қай дәрежеде қолдануы тиіс - бұл мәселе төңірегінде әлі күнге шейін пікірталас толастамай келеді. Төменде тәртіптің саяси құндылық ретіндегі маңызы туралы өткізілген халықаралық зерттеудің нәтижелерін көрсететін кесте беріліп отыр. (Кесте).

Теңдік. Бостандық пен тәртіпке байланысты айтылғанындай, теңдік те түрлі пайдалы негіздемелерді қорғау үшін әртүрлі мағынада қолданылады.

Саяси теңдіктің мәнін сипаттау оңай: әр азамат бір және тек қана бір дауысқа иелік етеді. Осы негізгі түсінік демократиялық теорияның өзекті ұғымы болып саналады. Алайда, кейбір сарапшылардың пікірінше, шынайы саяси теңдікке қол жеткізу үшін, ең алдымен, ауқаттылық, білім және мәртебе теңдігіне, яғни әлеуметтік теңдікке жету керек. Әлеуметтік теңдікке қол жеткізудің екі жолы бар: азаматтарға тең мүмкіндіктер беру және сол арқылы түпкілікті нәтиженің теңдігін қамтамасыз ету.

Мүмкіндіктер теңдігі дегеніміз - әр адамның өмірде табысқа қол жеткізуі үшін басқалармен бірдей жағдайда болуы... Көптеген адамдар үшін әлеуметтік теңдік концепциясы олардың өздігінен жетілуі үшін жасалған жағдайлармен шектеледі. Мұндай мүмкіндіктерді пайдалану нәтижесінде адамдардың бірдей жетістіктерге қол жеткізуі шарт емес. (Енді бір сарапшылар бұдан әріге барып, адамдардың түпкілікті нәтижелері бірдей болуын іске асыру өте де мүмкін емес; әркімнің әртүрлі болуы адамзаттың өмір сүру негізінде жатқан бұлжымас табиғи заң, деп санайды.) Ал енді біреулер үшін шынайы әлеуметтік теңдік тек түпкілікті нәтижелер теңдігінде жатыр. Олардың пайымдауынша, қоғам адамдардың бір қалыпты теңдікте болуын қадағалауы керек, ал үкімет тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етумен шектелмеуі керек; ол іс жүзіндегі экономикалық және әлеуметтік теңдікке қол жеткізу мақсатында игіліктер мен жағдайларды қайта бөліске саларлықтай саясат ұстануға міндетті екен...

Әлбетте, түпкілікті нәтижелер концепциясы тең мүмкіндіктер концепциясынан елеулі түрде өзгешеленеді және біріншісі мемлекеттік араласудың деңгейі өте жоғары болуын талап етеді. Сонымен қатар, нақ осы теңдік концепциясы бостандық концепциясымен тура қарама-қайшылыққа түседі. Біреуге беру үшін екінші біреуден тартып алу арқылы - игіліктер мен жағдайларды қайта бөліске салу үшін керекті де осы ғой - мемлекет бұдан ұтқандар мен ұтылғандарды тудырары сөзсіз. Ұтқандар қайта бөліс

жағдайының жемісін көру құқығының бұзылғанын сезінері хақ.

### (3.) Құқықтық дәстүрлер: Жалпы құқық, азаматтық құқық, діни құқық.\*\*

"1. Жалпы құқық дәстүрі. Жалпы құқық дәстүрі Англияда өмірге келді, ал содан соң әлемнің басқа бөліктеріне отаршылдық басып алу жолымен таратылды.

Жалпы құқық дәстүріндегі прецеденттік құқықтың орыны. Жалпы құқық жүйелері тарихи жағынан алғанда, негізінен, ағылшынның прецеденттік құқық жүйесінен бастау алады. Олар өз құрамына ағылшын соттарында өмірге келіп, бірнеше ғасырдың бойында жетілдірілген бірқатар концепцияларды, ережелер мен принциптерді сіңірген. Жалпы құқық, негізінен, заң шығарушы органдар бекітетін жүйеленген заң кодекстерінен емес, сот шешімдерінен шығады.

Жалпы құқық жүйелеріндегі *Stare decicis* принципі. Заң сот прецеденттерін *Stare decicis* жалпы доктринасына сай (мұның аура мағынасы "шешілгеннен таймау", яғни прецеденттердің немесе бұрын осы тәрізді жағдайда қабылданған шешімнің күшін міндеттеу) қолдану және қайта ұғындыру арқылы дамиды; мұның мәнісі мүмкіндігінше прецеденттерден тайқымауда. (Яғни бұрын бір қабылданған шешім болашақтағы осы тәрізді шешімдерге негіз болатынын білдіреді.)

Сайыстық процедуралардың жалпы құқық жүйелеріндегі орыны. Жалпы құқық жүйелері сот процедураларының сайыстық жүйесін пайдаланады. Екі жақтың заңгерлері өз жағының пайдасын нығыздайтын, фактілерге негізделген айғақтарды келтіреді, ал соттық қараудың нәтижесі соттың шешімі не қосымша заседательдер сотымен қабылданады.

Азаматтық құқық дәстүрлері. Азаматтық құқық жүйелерін кейде "кодталған жүйелер" деп те атайды.

Азаматтық жүйелердегі статуттық құқық. Негізгі заңдар әртүрлі салаларда тұжырымдалған, қисынды және жаппай қамтитын сипаттағы кодекстер немесе жалпы заң шығарушы актілер түрінде беріледі. Ұлттық кейбір ерекшеліктердің орын алуына қарамастан, құқықтық міндеттемелер, меншіктерге қатысты мүдделіліктерді беру және мұрагерлік ережелері категориялары көп жағдайда ұқсас келеді.

Прецеденттік құқық ықпалынан азат соттар. Бұл жағдайда соттар соттық прецеденттер ықпалынан бос болады; кодекстерді түсінуде негізгі салмақ заңгер ғалымдардың еңбектеріне түседі.

Азаматтық құқық жүйесіндегі жауап алу процедурасының орыны. Азаматтық құқық жүйесіндегі "жауап алу" деп аталатын жүйе (жалпы құқық жүйесіндегі сайыстық жүйеден ерекшеленетін) сот процедурасында қылмыстық істерді қарастыру кезінде пайдаланылады. Әдеттегі қылмыстық істі тергеу азаматтық құқық дәстүрінде негізгі үш бөлікке бөлінеді: жауап алу фазасы, тергеу жүргізу фазасы және соттық қарастыру.

Жауап алу фазасы. Жауап алу фазасы мемлекеттік прокурордың бақылауымен жүзеге асырылады, ол, сондай-ақ, істің тергеу жүргізу фазасына да, тиісті соттың қарауымен, белсенді түрде араласа алады.

Тергеу жүргізу фазасы - соттық қараудың өзегі ретінде. Істі қараудың тергеу жүргізу фазасы негізінен жазбаша түрде жүргізіледі және бұқараның араласуынсыз өтеді. Судья оның мазмұны мен көлемін қадағалайды және ол істі тергеп бітіріп, жазбаша есеп дайындайды деп тосылады. соя себепті, бұл сатының аяқталар кезіне тиісті дәлелдердің бәрі іске енгізіледі. Егер судья қылмыс расында да жасалған деген қорытындыға келсе және айыпталушы шынында да кінәлі екеніне көзі жетсе, онда іс сот қарауына өткізіледі. Егер судья басқаша шешсе, онда іс сотқа өткізілмейді. Азаматтық құқық орын алған елдердің басым көпшілігінде істі қараудың тергеулік фазасы қылмыстық-процессуалдық жүйенің өзегі болып табылады. Қылмыстық емес жағдайларда қосымша сот заседательдерінің қатысуы сирек.

Процессуалдық тежеулер. Айыпталушыға істің зерттелу фазасында көмек көрсету мақсатында бірқатар процессуалдық тежеу түрлері қолданылады; мәселен, айыпталушының адвокат ұстау құқығы немесе кеңес алу мүмкіндігі осы қатарға жатады. Жауап алуды жүргізуші судья дайындаған іспен қорғаушылар тарабы да таныса алады.

Жалпы құқықтағы соттық қарастыру вариациялары. Тергеу фазасының өзіндік табиғатына сәйкес, соттық қараудың өзі сипаты жағынан жалпы құқық аясында өткізілетін тергеуден елеулі өзгешеліктерге ие. Фактілер мен айғақтар жинақталып бітіп, айыпталушы да, айыптаушы да қол жеткізе алатын есеп



дайындалып бітеді. Сот қарауының мақсаты - істі судья мен қосымша заседательдердің алдына ұсыну және айыптаушы мен қорғаушыға өз көзқарастарын қорғауға мүмкіндік беру.

Азаматтық құқық жүйесіндегі сот қарауларындағы присяжныйлар. Присяжныйлар соты - азаматтық құқық жүйелерінде қабылданған дәстүр, алайда, оның түрлері жалпы құқық жүйелеріндегілерден ерекшеленуі мүмкін. Оның құрамы он екі мүшеден тұрмауы да мүмкін, немесе, көп жағдайда, ол судьялармен бірге отырысқа қатысуы мүмкін, және де, кейде, түпкі шешімнің қабылдануы үшін бірауыз вердиктің қажеті болмауы мүмкін.

Діни құқықтық дәстүрлер. Кейбір қоғамдарда құқықтық жүйелер, түрлі дәрежеде, сол қоғамда үстемдік ететін діннен туындайтын діни заңдарға негізделеді. Мұндай діни құқықтар жүйесінің мысалы ретінде ортағасырлық христиандық Европа және реформация заманындағы Қасиетті Рим Империясы, дәстүрлі Индия, Израиль және ислам қоғамдарын айтуға болар еді. Атап айтқанда, дәстүрлі ислам құқықтары, немесе шарифат, бүгінгі ислам әлемінде өте ықпалды күш ретінде белгілі. Кейбір араб елдерінде және Иранда оның ресми мәртебесі бар. Ал басқа мұсылман елдерінде шарифат зайырлы құқықтық жүйелермен қатар, құқықтың отбасылық немесе жеке басқа қатысты түрлері сияқты, белгілі бір салаларын қамти отырып, әрекет етеді. Христиандық және мұсылмандық құқықтардың өзіндік ерекшеліктері төменде келтірілген.

Христиандық құқық. Канондық құқық ретінде де белгілі христиандық құқық христиан шіркеуінің құрылымы мен басқаруының негізін айқындайтын заңдар жүйесінен құралған Іргетасы қаланғаннан бері христиан шіркеуі өзінің заңдары мен ережелерін шығарып отырды; олар көп жағдайда зайырлы құқық жүйесінен гөрі басқа сұрақтарға көңіл аударды немесе сол сұрақтарды басқаша тұжырымдады. Канондық құқық өзгермейтін ережелер жиынтығы емес, бірақ ұдайы өзгерістегі мәдени, әлеуметтік, саяси және шіркеулік мәселелерді қамтиды және жана жағдайларға ұдайы бейімделіп отырады.

Канондық құқықтың ролі. Күдіретті христиан құқық принциптері ретінде айқындалатын канондық құқық қазіргі Рим католиктік шіркеуінің құрылымында, литургиясы мен ілімдерінде іргелі рөл атқарады. Канондық құқық діни ғұрыптарды орындау кодекстері мен ережелерін құрады, және, құндылықтар, мораль және шіркеулік құқықтар секілді мәселелерді қарастырып, жеке тұлғалар мен мекемелердің тәртібін белгілейді.

Канондық құқық негізі. Канондық құқық рим құқығына, Жана Өсиетке және папалар мен шіркеу кеңестерінің ереже шығарушылық қызметіне, сол сияқты, дәстүрлер мен прецеденттерге негізделген. Канондық құқық мақсатты түрде көптеген көздердің тәжірибесі мен күзіретін игеріп, бейімдеді.

Канондық құқықтың басқа құқықтық жүйелерге әсер етуі. Орта ғасырларда Римнің католиктік шіркеуі тұжырымдаған канондық құқық азаматтық құқық жүйелеріне, атап айтқанда меншіктік құқық, неке нормалары мен қылмыстық қудалау және жазалаудан бастап, халықаралық құқықтар принциптерін тұжырымдауға және қазіргі мемлекеттік құрылыс идеяларын анықтауға дейін зор әсерін тигізді. Канондық құқықтың жауап алу (анықтау) әдістемелері де, мемлекеттік айыптау тәжірибесімен қатар азаматтық соттар тарапынан қабылданған еді.

Шіркеу мен мемлекеттің арақатынасы. *Sacerdotum* мен *imperium*ның (шіркеу билігі мен мемлекеттік биліктің) қарым-қатынасы мәселелеріне канондық құқық еңбектерінде ұдайы көңіл бөлінеді және ол еңбектер шіркеу мен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастардың құқықтық принциптерін белгілеу үшін негіз болды. Алайда, дәстүрлі христиан теориясына сай, құқықтың жекелеген "шіркеу" немесе "мемлекет" дейтін субъектілері болмайды; бөлінбейтін "Христиан Республикасына" біріккен бірліктің қос бөлігін құрайтын - күдіретті және зайырлы -- екі "қылыш" болатынын есте ұстаған да артық емес.

Канондық құқықтың гуманистік әсері. Канондық құқық қылмыстық құқық, жазалау және түзету процедураларына гуманистік бағытта әсер етті. Мәселен, христиан доктринасы адамның табиғаты қылмыскерлерді қайта тәрбиелеуге мүмкіндік береді деп уағыздайды және жазалаудың мүддесі өлтіру емес, түзету болуы керек дегенді айтады. Осының нәтижесінде канондық құқық өлім жазасының орнына түрмеге салу мен түзету-тәрбиелеу әдісін пайдалануын қолдайды.

Канондық құқық табиғи құқық концепциясына (құзыретіне) ықпал жасайды. Христиан ілімдері бөрінен жоғары бүкіл әлемдік құқық ретінде "табиғи құқық" құзыретін қолдады. Канондық құқықтың түсіндіруі бойынша, табиғи құқық Құдай заңдарының немесе қасиетті құқықтың кескіні болып табылады. "Табиғи құқықтың" шығу тегінің қасиеттілігі туралы концепция кейбірлік тұжырымдармен айырмашылығы бар.

сипаттамаларына бейімделді; соңғы жағдайда қолданылып жүрген негіздік құқық - конституциялық құқық; билеушілерді басқаратын "жоғарғы құқықтың" бір түрі іспеттес болды және корольдер мен принциптердің ерекше тумысын дәлелдеуге бағытталған еді. "Жоғарғы құқық" идеясының мән - маңызы мен ықпалын асыра бағалау мүмкін емес десек те орынды.

Канондық құқықтың әлеуметтік және зайырлық салалардағы рөлі. Канондық құқық сонымен бірге христиан өркениетінің зайырлық салаларына, соның ішінде, әсіресе, неке киноға, мұра қалдыру мен мұрагер болуға; дәлелдеу мен айғақтауға; мүліктік құқықтар мен меншік иеленуге; ие болу мен міндеттемелер алу сияқты салаларына аса үлкен деңгейде ықпал жасады...

**Б. Ислам құқығы және Ислам.** Дәстүрлі ислам құқығының сипатын түсіну үшін, ислам дінінің белгілі бір, өзекті де іргелі қағидаларын ұғыну қажеттігі туары сөзсіз. Алайда, бұл тұста бір нәрсені есте ұстаған жөн: ислам құқығы идеясы бұл жерде суреттелген түрінде, бүгінгі күні ислам елдерінің көпшілігінде оның іс жүзінде қолданылып келе жатқан тәжірибесінен (төменде көрсетілгендей) едәуір алшақ жатыр; оның себебі, аталмыш елдердегі азаматтық соттар мен саяси басқарушы органдар көп жағдайда, әсіресе, сауда-саттық және қылмыс құқықтары салаларында дәстүрлі идеяларды қолданады. Екінші жағынан, ескініе берік ұстанатын Сауд Арабиясында әлі күнге дейін байырғы дәстүрлер билейді; ал төңкерісшіл Иранда фундаменталистер исламдық құқықтың өз жобасының билігін орнатқан.

**Исламдағы дін мен өмірдің тоғысуы.** Ислам сөзі Алла тағаланың алдында бас июді және бағынуды білдіреді; сонымен бірге ислам өмірдің барлық жағын қамтитын дін болып табылады. "Ислам дін мен өмірдің арасын бөлмейді, ештеңе де діннен бөлектенбейді және діннен тыс ештеңе зайырлық болып есептелмейді". (Ислам энциклопедиясы). Ендеше бұдан шығар қорытынды - ислам қасиеттілік (яғни құдайдан тарайтын) һәм зайырлық арасында әлдебір айырмашылық болуын жоққа шығарады. Демек, мұның нәтижесі ретінде, ислам қоғамында "шіркеудің мемлекеттен бөлектенуі" тәрізді құбылыстың орын алуы мүмкін емес және өмірдің тек қана қасиетті құқық арқылы реттелетін қандай да бір қырының болуы да мүмкін емес. Сондықтан ислам құқығы исламдық діни ілімнің құрамдас бөлігі болып табылады; ол дінге сенуші әрбір адамның өмірінің кез-келген қырын бағыттауға құқықты екенін жариялайды. Сондай-ақ, ислам ілімі бойынша Құдай жалғыз, дара заң шығарушы болып саналады. "Яғни, не нәрсе заң ретінде қабылданғысы келсе, ол өзіне діни негіздеме табуы керек, өйтпеген жағдайда ол жоққа шығарылады.

**Құран Шарифаттың (Ислам құқығы) бастапқы қайнар көзі ретінде.** Ислам құқығы - немесе Шарифат - ең алдымен Құранға, яғни мұсылмандардың сенімі бойынша, Мұхаммед пайғамбарға (570?--632 жж.) көктен түсірілген, "құдай заңдарының жинағы" болып табылатын, мұсылманның қасиетті кітабына негізделген. Исламда Мұхаммед "Құдайдың елшісі" саналады, яғни Алла (арабша Құдай) өз сөзін Мұхаммедтің аузына салған. Демек, Құран - Мұхаммедтің емес, Алла тағаланың өз сөздері, ал Мұхаммед пайғамбар тек оларды адамдарға жеткізуші. Құқықтың қайнар көзі ретінде, әрі Алланың сөзі болғандықтан, Құран мұсылмандық Құқықтың іргелі ұғымын былайша сипаттайды: заң Алла тағаланың әмірі. Іс жүзінде, классикалық Исламда, Алла жәй ғана заң шығарушы емес, жалғыз әрі дара заң шығарушы болып табылады...

**Құқық және исламның сунниттік және шейіттік бұтақтарға бөлінуі.** Қасиетті ислам құқығының тұтастығын бұзатын бір жағдай ол - исламның өз ішінде екі түрлі сектаның қатар өмір сүруі, яғни сунниттік және шейіттік ағымдардың өзара айырмашылықтары. Мұсылмандар арасындағы негізгі бөлініс жігі осы сунниттер (немесе ортодокстар) және шейіттер арасында өтеді. Олардың бір-бірінен басты айырмашылығы мынада: сунниттер Алла тағаланың Мұхаммед пайғамбардың аузына салған қасиетті өсиеттері Пайғамбардың дүние салуымен тоқтады деп есептесе, шейіттер белгілі бір көсемдеріне - имамдарға - сенеді, олар күдіретті құдайдың күшімен жүріп-тұрады, сондықтан олар еш күнәсіз һәм таза, сол себептен олар сунналарға немесе міндетті салт-дәстүрлерге өз тарабынан өзгеріс қоса алады деп есептейді. (Өз кезегінде сунниттер де түрлі бұтақтарға жіктеледі, олардың бірі -- "Ифнаашариттер" және "Онекішілер" он екі Имамдарды ғана мойындайды, бұлардың ішіндегі соңғысы 874 жылы дүние салған, бірақ бәрі кезінде қайта тіріледі деп сенеді. ). Көріп отырғанымыздай, исламның бұл екі негізгі тобында құқық мәселелеріне байланысты екі түрлі көзқарас бар; шейіттер үшін құқықтарды имамдар өзгерте алады, ал сунниттер оған келіспейді және дәстүрлердің бұлжымастығын қолдайды".

#### (4.) Халықаралық құқық.

Егер заңдарды орындау мүмкін болмаса, онда олар өзінің мән-мағынасын жоятыны анық; осы тұрғыдан келгенде халықаралық құқық термині дұрыс қолданылмаған болса керек: мәселен, Халықаралық Соттың шешімдері негізінде әрекет ететін бір де бір бүкіләлемдік полиция мүшесі жоқ қой. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы "адам құқықтары" дегенді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында бірнеше ереже немесе "келісімдер" қабылдады. Алайда, проблемалардың бірі мынада: 1945 жылы қабылданған БҰҰ Жарғысында және 1948 жылы қабылданған адамдардың құқықтары жөніндегі Жалпыға ортақ Декларацияда келтірілген "адам құқықтары" терминін сол мағынасында елдердің бәрі бірдей қабылдаған жоқ, соның ішінде аталмыш Жарғыға да, Декларацияға да қол қойған - мүше елдердің өздері.

Соған қарамастан, кейбір елдер халықаралық құқықтық стандарттың әлдебір формасын іздестіріп, бұл жолда белгілі бір табыстарға да қол жеткізді. Әрине, егер қандай да бір мемлекет басқа елдерге әсер ететіндей қимыл-әрекет жоспарлап жатса, әсіресе, әңгіме екінші бір елге қарсы соғыс интервенциясы туралы болса, онда ол халықаралық қауымдастықпен ақылдасқаны абзал. Көп жағдайда БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдардың "шешімдері" ерікті негізде орындалады. Мәселен, Америка Құрама Штаттары және бірқатар басқа елдер 1990 жылдардың басында Босния мұсылмандарына қару-жарақ сатпау туралы шешімге келгенде; ал мұндай шешімдер орындалмаған жағдайларда қандай да бір санкциялардың жоспарланбауы да мүмкін.

Көптеген елдер басқа елдермен келісімдерге келе отырып, түрлі саяси және экономикалық мазмұндағы сұрақтар бойынша ынтымақтастық жөнінде екі жақты да, көп жақты да келісімдерге қол қоюы бүгінгі таңда кең таралған көрініс. Мұндай келісім-шарттардың халықаралық аренада орындалуы міндетті болмаса да, дегенмен, бұл сияқты құқықтық құралдар шетелдік саясат жүргізудің маңызды саяси да, экономикалық та тармақтары бар аспектілері болып есептеледі. Елдің бұдан бұрынғы мінез-құлқына сай оның өзіндік бейнесі белгілі болады да, ол елдің өзіне алған міндеттемелерді қаншалықты мұқият орындауға бейімділігі айқындалары сөзсіз. Әдетте, келісімдер елдің заң шығарушы органында ратификациялануы (бекітілуі) қажет болады.

#### (5.) Жеке алынған елдің құқықтық құрылымы.

Бұл тарауды ең алдымен елдің Конституциясының негізгі баптарын сипаттаудан бастаған жөн. Мүмкіндігінше әр оқушыны ел Конституциясының көшірмесімен қамтамасыз ету артық болмас еді. Екіншіден, елдегі құқықтық жағдайды реттейтін нақты заңдар туралы жалпы ақпарат берілгені дұрыс, соның ішінде мына мәселелерге тоқталу қажет:

- \* Қылмыстық құқықтың кейбір жалпы ортақ принциптері;
- \* Азаматтық құқық -- шолу;
- \* Сауда-саттық құқығы туралы нақты ақпарат;
- \* Қазіргі билік басындағы үкімет қол қойған халықаралық келісімдерден мысал келтіру;
- \* Заңның басқа түрлері -- мысалдар, түсініктемемен бірге.

#### Әдебиет:

John Greenwald, "A Gift to All Nations", Time, 6 July 1987. (Джон Гринвалд, "Барлық ұлттар үшін сыйлық", Тайм, 1987 ж. 6-шілдесі).

\* Kenneth Janda, Jeffrey M. Berry, and Jerry Goldman, The Challenge of Democracy: Government in America, second ed. (1989), pp. 11-17. (Кеннет Джанда, Джеффри М. Берри және Джерри Голдман, "Демократияға қарсылық: Америкадағы үкімет", екінші басылым (1989), 11-17 беттер).

\*\* CIVITAS: A Framework For Civic Education, pp. 337-341. ("СИВИТАС: Азаматтық білім берудің аясы", 337-341 беттер).

## ҮІІ. Азаматтық қоғам.

"Азаматтық қоғам" тіркесінің бүгінгі таңда қолданылып жүрген мағынасы салыстырмалы түрде жана ұғым болып табылады, алайда, кең мағынада алғанда - егер бұл сөздерді бүкіл әлеуметтік өмірге қатысты айтсақ, - азаматтық қоғам, адамзаттың өзі сияқты өте көне ұғым екенін көреміз. Дегенмен, бұл ұғымды дәл сондай кең мағынада қолданудың реті жоқ. Тарихи даму барысында, атап айтқанда, батыс әлемінде, азаматтық қоғам идеясы өркениетті өмірдің белгілі бір түріне байланысты айтылатын болды. Ғасырлар бойында оған түрлі анықтама беріліп келді; кейде, мәселен, әлеуметтік өмірдің ел басындағы үкіметке қарама-қайшы келетін тұстарына басты назар аударылатын, азаматтық қоғам ұғымының мағынасын осы ерекшелікпен сипаттайтын, ал басқа бір кезеңдерде, жанағыға қарағанда, қоғам мүшелерінен елді басқару ісіне араласу талап етілетін және осы мағына аталмыш терминнің негізгі сипаты ретінде көрсетілетін.

### (1.) "Азаматтық қоғамның" анықтамасы.

"Азаматтық" деген сөзде қашан да жағымды реңк айқын байқалады: бұл сөздің негізгі антонимі (қарама-қарсы мағынасы) "тағылық", яғни жөнсіздік, адамдарға деген құрмет сезінбеу, ештеңені мойындамау, принципсіздік, қысқасын айтқанда, тәрбиесіздік деп айтуға болар еді. Азаматтық немесе өркениетті әлем, орта мағынасында алғанда - ұйымшыл, орнықты да қалаулы орта. Сол себептен, бұл сөз он сегізінші ғасырда Батыс Европада алғаш рет қолданылғанда, "азаматтық қоғам" күзіреті (концепциясы) "саяси қоғам" идеясымен тығыз байланыста болған еді; себебі, саяси даму -- өркениеттің қажетті сатысы деп есептелді. Құқықтық мемлекет құру бостандықты қорғауға мүмкіндік ашады, ал соңғысыз өркениет те, азаматтық қоғам да мүмкін емес.

Он сегізінші ғасырға шейін "өркениет" (цивилизация) және "азаматтық" терминдері белгілі бір шамада жақын мағынаға ие болатын және кейде бірін-бірі алмастыра қолданылатын. Дегенмен, бұл екі концепция толық мағынада синоним бола алмайды: саясат мемлекеттің ішіндегі билік құрылымына қатысты болса, азаматтықтың аясы адамдардың ерікті іс-әрекеттерінің тұтас жиынтығына орай айтылады. Азаматтық саяси өмірге араласуды немесе белсенділікті білдіруі мүмкін, бірақ, сонымен қоса, ол жәй ғана саяси белсенділіктің шегінен асып кететін ұғым. Мемлекет, шіркеу және жекеменшік секторының араларындағы айырмашылықтар айқындала түскен сайын, азаматтық қоғам туралы түсініктің нышаны анығырақ көрініп, ендігі жерде ол адамның іс-әрекетінің бөлек бір бағыты ретінде қабылданатын болды.

Кейбір жазушылардың пікіріне құлақ салсақ, азаматтық қоғамның ерекше өзіндік мәртебесі (статусы) болады және оның кескінін өз мүшелерінен тысқары жерде де байқауға болады. Сонымен қатар азаматтық қоғам қолдайтын әлдебір "орта мүдденің" ерекше түрі де бар. Олардың ұғындыруынша, "ортақ мүдде" немесе "ортақ игілік" - қоғам мүшелері өз бақыттарына жетуі үшін қол созатын мақсат. Аталмыш "ортақ мүдде" қоғамның кейбір мүшелерінің жеке басының мүдделерінен бөлек, ал кейде тіпті оған қарама-қайшы келуі де мүмкін, өйткені олардың "азаматтық" санасы болмауы да ықтимал. Бұл ойды басқаша тұжырымдасақ, азаматтық қоғам, егер оның мүшелері өз қара басының пайдасынан жоғары тұрса және адал болса, онда ол қол жеткізуге боларлық идеалдық қоғам болып табылар еді. Өкінішке орай, әдетте, "ортақ игілік" немесе "ортақ мүдде" ұғымына кімнің қандай мағына артатынын айыру қиынға соғады, тіпті мүмкін болмайды. Кейде бұл ұғымның мағынасын түсіндіруге талпыныс жасайтындар өздерінің жеке басының мақсат-мүддесін көздеуі де ғажап емес. Тіпті адамның құлқына сенімсіздікпен қарайтын және оларды өздерінің қара басының мүддесін ғана құнттамай, ортақ іске пайда әкелетін абзал мақсатта жұмылдырғысы келетін ойшылдардың өзі "бүкіл қоғамға" пайда әкелерлік ортақ мүддені әр адамның жеке басының мүддесінен тыс анықтауға болмайтынын мойындайды. Енді бір ойшылдар қоғамдық игілікті қоғамның әр мүшесінің дара игіліктерінің қосындысы дегеннен басқаша түсіндірудің қисыны жоқ екенін дәлелдеуге тырысып, бұл мәселе төнірегінде әлі күнге шейін таласуда.

1970 жылдардың орта шамасында "азаматтық қоғам" концепциясы Шығыс Европада өзіндік бір ерекше мағынаға ие болды. Тоталитарлық коммунистік жүйе жағдайында, кейбір елде, нақтырақ айтқанда, "Ынтымақ" ("Солидарность") деп аталатын үкіметке қарсы пәрменді қозғалыс етек алған Польшада, "азаматтық қоғам" концепциясы қайта туындады және "азаматтық қоғам" саналы түрде орталық үкіметке

карсы шығушы сектор ретінде ұғынылды. Көпшілік Кеңестік жүйе "азаматтық қоғамның" көсемдері бастаған баршалық қозғалыстан жеңіліс табады деп ойлаған еді. Және, шынайы өмірде бәрі басқаша болып шыққанда, бақылаушылар мен саяси сарапшылардың көбі қатты таңырқаған. Кеңестер Одағының тарауы көп жағдайда - әдейі жасалмаса да - оның өз басшыларының қызметінің нәтижесінде жүзеге асты. Кеңестер одағының бұрынғы президенті Михаил Горбачевтың қайта құру (билік құрылымын өзгерту) және жариялылық саясаты коммунистік жүйенің түпкілікті құлауына үлкен үлес қосты. Бұл құбылысқа бұрынғы коммунистік элитаның басқа мүшелері де ат салысты деуге болады, соның ішінде Грузияның бүгінгі президенті Эдуард Шеварднадзенің ролін, сол сияқты басқа да Кавказ және Кіндік Азия елдерінің көсемдерін ерекше атап өтуге болар еді.

Берлин қабырғасының құлауына әсер еткен тағы бір фактор, ол - батыстың күрделі де әсерлі қорғаныс жүйелерін дамытуды дәйекті түрде жалғастыра беруі болды. Америка Құрама Штаттарының бұрынғы президенті Рональд Рейган Кеңестер Одағын ашық түрде "зұлымдық империясы" деп атағанда, мұның жаңғырығы бүкіл әлемге тарады. Алайда, коммунистік жүйенің құлауына әкеліп соққан маңызды жағдайлардың ішінде электрондық бұқаралық ақпарат құралдарын ерекше атаған дұрыс. Өйткені, бұлар әлемдік қауымдастықтың басым көпшілігіне азат елдерде адамдардың қалай тұратынын туралы ақпаратты дұрыс таратып, дәл жеткізе білді. Теледидар басқа елдердің өмірінің шынайы келбетін көрсеткендіктен, ешқандай насихат машинасы өмір шындығын бұрмалай алмайтын болды. Тағы бір себеп, көп жағдайда коммунистік номенклатура мүшелерінің өздері - Румыниядағы жағдай секілді -- жүйенің құлдырауына ықпал етті. Бұл тұста идеология тіпті басты рөл атқарған жоқ десек те болады. Сондықтан, 1989 және 1990 жылдардағы жағдайды "төңкерісшіл" және саналы "азаматтық қоғамның" тоталитарлық күштерге қарсы майталман күресінің керемет жеңісі ретінде қарастырғаннан гөрі, жәй ғана, ақпараттар ағымы ғасырының қисынды нәтижесі және жалған мен елеске құрылған саяси жүйенің банкротқа ұшырап, құлдырауының көрінісі күйінде қабылдаған дұрысырақ болар.

Сол себепті аталмыш түсініктер елеулі өзгерістерге енді: бір жағынан, азаматтық қоғам, кейбіреулердің күткеніндей, төңкерісшіл күш бола алмады, ал, екінші жағынан, коммунизм құлағаннан кейінгі демократиялық өзгерістер барысында адамдар қоян-қолтық әрекет жасауы керек екендігі айқын байқалды. Көпшілік "азаматтық қоғам" термині үкіметке қарсы деген ұғыммен қабысуының міндетті емес екендігін ұғынды. Бұл термин әлдебір саяси емес әрекеттерге, соның ішінде экономикалық әрекеттерге қатысты ғана айтылуы мүмкін. Алайда, кейбір саясаткер-сарапшылар экономикалық қызметті жеке шығарып, оны ерікті коммерциялық емес қызмет деп шектелетін "тиісті азаматтық қоғам" аясынан бөліп қарастыруға бейім. Бірақ бұл терминнің нақты, тура мағынасы бұлдыр болғандықтан, кейбір түсінбеушіліктер де, міндетті түрде болмаса да, пайда болуы ғажап емес.

"Азаматтық шарт" ұғымы уақыт ағымымен бірге қаншалықты өзгерістерге ұшырап отырса да, оның идеясы әлеуметтік өмірдің құрамына неше түрлі іспен айналысатын жеке мүшелерден тұратындығына саяды; мәселен, олар (қоғамның жеке мүшелері) билік етеді немесе билікке бағынады; өзін және өзіне қарасты адамдарды қолдайды немесе асырайды; өнер туындыларын шығарады; спортпен немесе демалыстың басқа түрлерімен айналысады; өздерінің түсінігіне сай жоғарғы санаға және күштерге тағзым етеді. "Азаматтық қоғам" ұғымының бүгінгі күнге сай анықтамаларының бірі бұл мағынаның құрамына, бір жағынан, отбасы және қандастық байланыстардың басқа да түрлерін, екінші жағынан, мемлекет және оның түрлі институттарын қосатын әлеуметтік топтар мен институттарды кіргізеді. Сондықтан соңғы анықтама экономикалық та, экономикалық емес те әлеуметтік бірліктерді кіріктіреді және салыстырмалы түрде, яки мүмкіндігінше дәл де анық мағынада қолданыла алады.

**Күшті азаматтық қоғам бүгінгі жағдайда төмендегі шарттардың болуын талап етеді:**

\* Азаматтарды басқа тұлғалардан ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің өзінен де қорғай алатын заңның болуы және оның бәрінен де жоғары тұру принципін орнату һәм орындау;

\* Тиісті тәртіп бойынша құрылып, пәрменді үкіметтік емес мүдделестік негізінде ұйымдасқан және өз мүшелерін олардың жеке бас құқықтарының бұзылуынан қорғай алатын топтардың өмір сүруі;

\* Пікірталастардағы плюрализм, өзара төзімділік және мүмкіндігінше тең бөлінген экономикалық қуат; соңғысы ешбір топтың, соның ішінде бұқарашылдығын алға тартатын ең бір көп тараған, кәсіподақ сықылды топтардың өзі де, басқалардан гөрі басым артықшылыққа ие болмайтындай жағдай жасалуын талап етеді.

Қазіргі мемлекеттерде азаматтық қоғам мүшелерінің орасым көпшілігі сонымен қатар сол қоғамның азаматы болып табылады. Алайда, мұндай жағдай әрқашан солай болды дей алмаймыз. Көне замандарда азамат ретінде таңдаулы адамдардың аздаған тобы ғана танылатын және олардың міндеттері өте көп болатын. Халықтың көпшілігі жәй ғана субъект немесе бодан болатын, оларға басқалардың тарапынан қабылданған шешімдер ықпал ететін. Өркениеттің дамуы және кенеюі барысында, азаматтық та кенінен етек жая бастады да, елдердің көпшілігінде бұл түсінік ұлт ұғымының синонимі ретінде қабылданып, елде тұратын адамдардың барлығына қатысты айтылатын жағдайға жетті. Сондықтан азамат барлық дерлік жағдайда өздігінен қоғам мүшесі болып табылатын. Атап айтқанда, демократиялық елдерде азаматтар сайлау құқығына ие және сайлауға қатысуға міндетті. Бұл олардың негізгі - және көп жағдайда жалғыз - міндеті. Алайда, өкінішке орай, адамдардың көпшілігі бұл құқық пен міндеттің маңызын жете түсіне бермейді.

## (2.) Азаматтық және демократия.

"Демократия" сөзі көне гректің екі сөзінен құралған: "демос" немесе "халық" және "кратос" - "билік". Алайда, бұдан демократия сөзі о бастан БҮКІЛ халықтың билік етуі деген мағынада қолданды деген қорытынды шықпауы керек. Керісінше, "халық" сөзінің гректер қолданған мағынасы бойынша - азамат аталуға лайық адамдар ғана халық атанған, демек, саяси билік етуге тек игі жақсылар, таңдаулылардың ішіндегі ең таңдаулылары ғана құқылы болатын. Біздің дәуірімізге дейінгі төртінші және бесінші ғасырларда -- бұл грек демократиясы гүлденіп тұрған және азаматтық ұғымының бүгінгі мағынасы туған кез еді - жеке тұлғалардың мәртебесінің өте қатаң иерархиясы болатын және азаматтыққа ие болу үшін небір терең белгілер жүйесі күшінде еді. Дегенмен, - оны өміршең етіп, заман ағымына сай бейімдеген - негізгі идеяның мәні қоғамдық саланы қандас туыстық пен ағайыншылық аясынан айырып алу болатын. Қоғамдық сала адамның этникалық шығу тегіне тәуелсіз етілді; іс жүзінде грек ауылдары әдейі араластырылып, қайтадан құрылды, мұның мақсаты -- мұралық рулас топтар мен тайпалардың ықпалын шектеп, халықтың біркелкілігін арттыру болды.

Көне гректер - атап айтқанда Аристотель - адам өзінің бақытына қол жеткізуді көксейтін, моральді жан иесі болып табылады, деп санады. Ал сол бақытқа әркім әрқилы жолмен қол жеткізетін болса да, адам өзінің сипаты бойынша саяси пенде, демек, дербес жануар емес, ол қоғамдық жан иесі деп есептеледі. Ол кезде мемлекетті басқару, билеу ісіне араласу ең жоғарғы игілік деп танылатын. Алайда, аса маңызды өздерін-өзі басқару ісін әркімге тапсыруға тағы болмайды; тек жеткілікті деңгейде білімі бар және тиісті дәрежеде тәрбие алған, сонымен қатар мүліктік меншігі бар адамдар ғана шынайы "азамат" болып есептеле алады. Аристотель әйелдерді қаншалықты сыйласа да, олар азамат бола алады деген ой оның қаперіне де кірмеген.

"Азамат" сөзінің өзі (ағылшын тілінде "сітізен") грек емес, латын тілінен шыққан. Бұл ұғым латынша *civis*, яғни "қала тұрғыны" мағынасын білдіретін сөзден тарайды. Римдіктердің азаматтық мәселесіндегі көзқарастары гректердікінен гөрі әлдеқайда кеңірек болатын. Олардың аса көп заңдар шығарғаны әлемге аян және бұл заңдар бүкіл батыс, тіпті шығыс дәстүрлеріне әсер етіп, өзіндік із қалдырды. Рим империясының дамуына және кенінен етек жаюына орай, онда билеудің барынша космополиттік, яғни жалпыға ортақ түрлері дами түсті. Бұл жағдай ұлты әртүрлі, тілдері де өзгеше, діни нанымдары мен экономикалық тарихы да бір-бірінен бөлек жандарға мемлекеттен қандай да бір әлеуметтік жағдайға ие болып және азаматтықтың, - құқықтары мен міндеттері әртүрлі болып келетін, - ерекше түрлерін құрып, қоғамдық өмірге араласуына мүмкіндік жасады.

Алайда, бұл жүйе өз аясына көптеген халықтарды тартып және осы мағынада өзгенікін шеттетудің кез-келген түрін жоққа шығарса да, соған қарамастан, әлеуметтік өмірдің аса жоғары дәрежеде жалпылануына әкеліп соқты, сөйтіп жеке тұлғалардың небір күрделі құқықтық мәртебелерге бөлінуін тудырды. Азаматтықтың әмбебап тану тенденциясы ұлғая түсті; ақырында, үшінші ғасырда, азаматтық, императордың жарғысы бойынша, Империяның барлық азат адамдарына сыйға тартылды. Империяның өзі кеңейе түскен сайын, мынадай түсінік те кең орын ала берді: азаматтық, шынтуайтына келгенде, өркениеттіліктің және өркениеттің өзінің дәрежесін көрсететін индикатор болып табылады әрі әлемнің ең дамыған елінде өмір сүретіндігінді көрсетеді.

Сонымен қатар, гректің азаматтық концепциясы адамнан белсенділікті талап етіп, элитарлық сипатта болған жағдайда, римдіктер азаматтарды субъект ретінде ғана қарастырып, олардың құқықтары мен өздерін қорғаудың маңызын олардың міндеттерінен жоғары бағалады. Сондықтан, азаматтық идеясын

танудағы қолдары жеткен кейбір елеулі де озық табыстарына қарамастан, римдіктер бір мәселеде гректерден кейін қалды: атап айтқанда, әлеуметтік процесстерге азаматтардың араласуын дәріптеу мәселесінде. Қала-мемлекеттің белсенді демократиясын құрған Грецияның азат азаматтары өздерінің саяси белсенді болуын жоғары мәртебе санайтын; олар өздерінің мұндай ерекше мәртебесін маңдайларына жазылған артықшылық деп қабылдайтын. Сондықтан азаматтықтың кенінен таралуымен бірге, ол, сонымен қатар, өз мағынасының сыйымдылығын тарылта түсті. Сондықтан азаматтардың саяси белсенділігі азаматтықтың кенеюіне тура қатынаста кеми берді. Тіпті былайша айтуға да болар еді: азаматтықтың құны түскен сайын, оның құндылығы да кеми бастады. Бұл құбылыс орта ғасырлық Европада кенінен етек жайып, күшейе түсті, өйткені феодал мырзалардың өз қарамағында тұрып жатқан адамдар үшін жауапкершілігі артты, ал шіркеу орасан зор саяси күшке ие болды. Сөйтіп, нәтижесінде, демократия бір табан кейіндеуге мәжбүр болды.

**Қайта Өрлеу дәуірінде** ғана қоғамның саяси өміріне белсенді түрде араласу идеясы Никколо Макиавеллидің әсерімен өмірге қайта оралды. Мұның өзі аздап болса да таң қалдырмай қоймады, өйткені, көпшіліктің пікірі бойынша, Макиавелли арсыз да аяусыз билік түрлерін насихаттаушы ретінде аты шыққан саясаткер. Әрине, бұл пікірмен толық қосылуға болмайды. Ал шындығында, коммуналар мен қауымдардың әлеуметтік өмірге белсене араласу тәжірибесі он сегізінші ғасырда кенінен жайылды, әсіресе, Америка құрылығында. Құрама Штаттарда бара-бара азаматтық құлдарға, ал кейінірек әйелдерге де сыйланғанымен, ондай демократияны іске асыру үшін әрбір адамның шын мәнісінде белсенділік танытуы қажет екендігі әуел бастан-ақ белгілі болды. Атап айтқанда, дауыс беруге құқығы бар әрбір адам расында да дауыс беруге міндетті, оған қоса, ол өзі дауыс берген өкілдердің іс-әрекетін бақылап қана қоймай, олар өз міндеттерін дұрыс орындамаса немесе тиісті дәрежеде атқара алмаса, онда оларды жауапкершілікке шақырып, тиісінше талап қойғаны абзал. Ал американдық билік жүйесі өз құрылымы бойынша көлем жағынан өте шектеулі болғандықтан, адамдар өз қажеттерін қамтамасыз ету мақсатында түрлі - саудалық немесе ерікті - топтарға ұйымдаса бастады.

Өзге мәдениеттер өз мүшелеріне Батыс Европадағыдай азаматтық алып беріп, халықтың басым көпшілігіне дауыс беруге қатысуға жол ашты. Әдетте, сайлаушыларға жас жағынан белгілі бір шек қойылуы жиі кездесетін құбылыс, ал бірақ мүліктік жағдайына қарай ешқандай шек қойылмайды деуге болады. Дегенмен, халықтардың саяси өмірге араласудағы белсенділік дәрежесі әр елде әрқилы, тіпті Батыс Европалық мемлекеттердің өзінде елеулі айырмашылықтар байқалады.

(*Challenge of Democracy*) Демократияға қарсылық кітабынан кесте, 240-241 бет.)

**Дәстүрлі немесе әдеттегі саяси белсенділік**

Сайлауларда дауыс беретіндердің үлесі, %:				
Германия	Австрия	Нидерланд	Ұлыбритания	АҚШ
90	89	76	73	68
Газеттерден саясат туралы мәліметтерді оқитындардың үлесі:				
73	58	74	66	74
Саясатты өз достарымен талқылайтындардың үлесі:				
43	45	52	46	64
Петицияларға қол қоятындардың үлесі:				
31	34	21	22	58
Қауым проблемаларын шешуге араласатындардың үлесі:				
14	14	18	17	36
Саясаткерлермен және ресми адамдармен қарым-қатынасқа шығатындардың үлесі:				
11	12	13	17	27
Достарына қалай дауыс беру жөнінде ақыл беретіндердің үлесі:				
23	17	10	9	19
Саяси жиналыстарға қатысатындардың үлесі:				
22	18	6	9	18
Кандидаттар кампанияларына қатысатындардың үлесі:				
8	5	3	4	14

*Бес елдегі жағдайды зерттей келгенде американдықтардың, басқа елдер азаматтарына қарағанда, саяси іс-әрекеттің сайлаудан басқа түрлеріне белсендірек араласуға бейімділігі анықталған. Бұл нәтижелер, сөзсіз, американдықтардың саяси селсоқтығы туралы кең тараған көзқарасты жоққа шығарады.*

### **(3.) Мүдде бойынша бірлестіктер және саяси процесс.**

Мүдде бойынша бірлескен топтарды ортақ мүдделері бар және қоғамдық әрі мемлекеттік саясатқа ықпал етуді көздеген адамдардың ұйымы ретінде қарастыруға болады. Мүдде бойынша бірлескен топтардың саяси партиялардан ерекшелігі сол, олар саяси лауазымдарға өз кандидаттарын ұсынбайды және басқару процесіне немесе үкімет жұмысына тікелей араласуды мақсат тұтпайды. Кейде мүдде бойынша бірлестіктердің өз "лобби" болады. Мұндай лоббишілер ресми тіркеліп, заң шығару ісіне ықпал жасауды нақты мақсат ретінде белгілеуі мүмкін. Кейде олардың іс-әрекеті азаматтық қоғамның кең мағынадағы мүдделеріне кері әсер ететіндей көрінуі мүмкін, өйткені лобби қашан да нақты біреулердің пайдасын ойлайды.

Дегенмен, лобби қоғамның белгілі бір топтарының, айталық, оқытушылардың, журналистердің, сол сияқты сауда-саттық жүйесіндегі ассоциациялар мен іскер топтардың мүддесін жақтайды және сол мақсатта әрекет жасайды. Мұндай топтардың қоғамдық құбылыстарға шамадан тыс ықпал ету мүмкіндігіне байланысты аландаушылықтың бой көрсетуі, әсіресе лоббишілер ақшалай қаржыны іске қосқан жағдайда, әбден орынды. Олардың саяси партиялар мен нақты кандидаттарға ақшалай көмек көрсете алатындығы сөзсіз. Осы себептен, кейде олар іске асыратын шаралар түрлі тексерістер арқылы екшеленіп, ол шаралардың жариялылық жағдайында өтуі талап етіледі.

Мүдде ортақтығы бойынша бірлескен топтардың іс-әрекетін заңды бұзумен және коррупциямен айналысатын мафиялық ұйымдардың іс-әрекетінен, әрине, ажырата білу керек. Мафиялық құрылымдардың іс-әрекеті демократиялық елдегі саяси процеске кері әсерін тигізері күмәнсіз. Мұндай топтар жеке адамдарды оларды "қорғағаны" үшін (өміріне қастандық жасау немесе бизнестен күш қолдану арқылы аластату және басқа да нарықтық емес заңсыз әрекеттерді пайдаланумен үркітуді әдетте осындай эвфемизм арқылы бүркейді) аса үлкен ақы төлеуге мәжбүр етеді. Алайда, кейбір сарапшылар мұндай мафия сияқты ұйымдар кейде заң негізінде "азаматтық қоғамның" бір бөлігі ретінде қоғамнан орын алуы мүмкін дегенді айтады.

Бұл шынында да солай, егер кез-келген ұйым үкіметтің күзіреті мен өкілділігінен тыс азаматтық қоғам құрамына кіре алатын болса. Бұл жағдай жеке сектор өз әрекетінде оң және ігі құндылықтарды басшылыққа ұстайтындығына ерекше үміт артады. Және, тиісінше, терминнің ауқымын өздерін нақты айқындалған заңдық һәм моральдық стандарттар негізінде ұстайтын ұйымдармен шектеген дұрыс болар. Алайда, бір нәрсені арнайы атап өту керек: азаматтық қоғам әдетте кейбір жағымсыз ықпалға бейім тұратыны анық, олар, ең алдымен, адамның бостандығына байланысты қауіп төндіретін істер.

Сонымен қатар, "коррупция" және "азаматтық емес" әрекеттер ұғымдарына айқын анықтама беру қиын мәселе екенін ескеру қажет. Кейбір ғалымдардың баса көрсететініндей, бұл ұғымдар белгілі бір мәдениетке қатысты болуымен қатар, нақты жана тарихи жағдайда өздерін жанаша көрсетуі ықтимал. Қалай болғанда да, оларға тереңірек талдау жасаған жөн.

Сондықтан, тәртіпке ұмтылатын қоғамдарда мүдде бойынша бірігетін топтар қажет те пайдалы бірлестіктер ретінде қабылданады; олар халық пен оның өкілдері арасындағы байланыстың пәрменділігін арттырады. Олардың жұмысының аса маңызды бір қыры - бұқараға білім беруінде. Кейде қоғам мүшелері олардың мақсаттарын қабылдамауы мүмкін; әлдебір көзқарасты бұқараға таңу мақсатында орасан зор қаржы шығындап, ал кейін, мәселен, референдум арқылы, халықтың ол көзқарасты, яғни әлденені істеуге шақыруды қабылдамайтынына көз жеткізумен шектелуге болады. Халықты алдарқату онай емес. Көп жағдайда, ортақ мүдде бойынша біріккен топтардың мақсаты саяси партиялар қарастыруға және қолдауға тиіс сұрақтарды жария ету. Мүдделі топтардың бастауымен орын алатын қоғамдық пікірталас демократиялық мәдениеттің маңызды бір бөлігі болып табылады.

Мұндай топтарды қолдау үшін пайдаланылатын қаржылар әртүрлі көздерден түсуі мүмкін: жеке мүшелерден, жеке қорлардан, ынталы адамдардан немесе іскер топтардан. Кейбір мүдделері ортақ топтардың мүшелері бүтіндей коммерциялық (түсімі бар) ұйымдарда жұмыс істейді; басқа бір топтарда тек



коммерциялық емес ұйымдарда, мәселен, қайырымдылық қорларында, істейтін мүшелер ғана бар; бірқатар топтардың мүшелері екі жақтан да жиналған. Сондай-ақ, кейбір мүшелері мүдде ортақтастығы арқылы немесе жұмысына қатысты мәселелерге байланысты емес, нақты бір себеп бойынша ұйымдасқан азаматтық топтар болады. Мәселен, азаматтардың бір тобы өздерін қоршаған ортаның тазалығын сақтауды талап ету мақсатында бірлесуі мүмкін немесе, айталық, жақын маңда салынып жатқан аэропорттың шуынан құтылу мақсатында ұйымдасуы да ықтимал.

#### (4.) Коммерциялық емес немесе түсімсіз ұйымдар.

Кейде "үкіметтен тыс ұйымдар" ретінде белгіленетін (немесе ҰТҰ), табыс түсірмейтін ұйымдардың көздегені де әлдебір, басқа адамдарға жәрдем беретін іске немесе мақсатқа қолдау көрсету болып табылады. Бір ескеретін нәрсе - мұндай ұйымдардың қызметкерлері өздерінің жалақысына жететіндей ғана табыс табады. ҰТҰ жұрт көзіне альтруистік, яғни өзінің пайдасынан гөрі басқаның қамын көбірек ойлайтын, адамдарға олардың тұратын жерінде көмек беруді немесе коммерциялық құрылымдар мен үкімет тарапынан көрсетілмейтін ортақ игіліктерді ұсынууды мақсат ететін ұйым ретінде танылды.

Француз Алексис де Токвиль 1831 жылы америкалық құрылымына алғаш рет аяқ басқанда, ол адамдардың танқаларлық дәрежедегі белсенді іс-әрекетіне куә болды: "Америка жеріне аяқ басқан бетте", - деп жазды кейін А. де Токвиль, - "сіз адамдық белсенділіктің құжынаған иіріміне тап боласыз; жан-жақтан толассыз шу естіледі; мыңдаған дауыстар өздерінің әлеуметтік қалауларының орындалуын бір уақытта талап етеді. Айналаның бәрі қозғалыста; мына тұста қала тұрғындарының ширегіне жуығы шіркеу құрылысын талқылау үшін бас қосқан; әріректе өкілдікке сайлау жүріп жатыр; одан әріде учаске делегаттары кейбір мәселелерді жақсарту жөнінде өз ақылдарын айтып, кеңес беруде; ана бір тұста ауыл адамдары соқаларын қалдырып тастап, жол салуға немесе мектеп құрылысына байланысты өз ойларын ортаға салу үшін жиналыпты. Жиналыстар бір ғана мақсатпен шақырылатын сияқты, ол - үкіметтің іс-әрекетіне наразылық білдіру; ал кейбір жиындарда азаматтар өкіметті әкелерін құрметтегендей қошеметпен қарсы алады. Маскүнемдікті мемлекеттегі барлық оралымсыздықтың негізгі себебі ретінде айыптап, бұдан былай аракты ауызға алмауға салтанатты түрде ант беретін қоғамдар құрылады. Американың заң шығарушы органдарындағы орасан сапырылыс негізінен шетелдіктердің назарын ғана аударады, және ол халықтың төменгі таптарында пайда болып, бара-бара қоғамның барлық топтарына тарайтын ұлы дүбірдің жаңғырығындай ғана әсер етеді."

Келтірілген үзінді - бір адамның ғана алған әсерлері және ол бұдан бір жарым ғасыр бұрын жазылған. Қазіргі американдықтар азаматтық қызметке ол кездегіден гөрі азырақ араласады, бірақ халықтың белсенділік сипаттамасы ретінде бұл сөздер бүгінгі күнге жарап қалар. Халқы дәл осындай дәрежеде белсенділік танытатын басқа да көптеген елдер бар. Және азаматтық әрекеттің бастаушысы ретінде ылғи "ең төменгі қабаттың" көш бастауы тіпті де шарт емес: көп жағдайда білімді, ал кейде тіпті аумақты адамдардың өзі әлдебір істің не қозғалыстың бастамашысы болып көрінуі әбден мүмкін және жиі кездесетін жәйт. Алайда, жоғарыда келтірілген А. де Токвильдің жазбаларынан үзінді адам әрекетінің басылмас қызу қуатын толық суреттейді, сондықтан да "азаматтық қоғам" терминінің мағынасына кеңінен сипаттама бере алады.

Қандай қызметтің табыс түсіретінін, ал қайсысының пайдасы жоқ, түсімсіз деп есептелуі керектігін ажыратудың әжептәуір қиындығы бар. Дегенмен, заң орындары бұлардың арасын, салық салу категорияларын белгілеу үшін, межелейтіні сөзсіз. Бұл басқаларға шынайы пейілмен және іс жүзінде көмек көрсеткісі келетін ұйым-мекемені немесе бірлестіктерді салық ауыртпалығынан босату үшін және олар өз жұмыстарын атқару барысында түсетін қаржының барлық түрін өздерінің абзал істеріне жұмсау мүмкіндігіне не болуы үшін істелетіні хақ. Бұл тәжірибе пайда түсірмейтін ҰТҰ-дардың қызметі оң көрініс екенін дәлелдейді және бұл олардың іс жүзінде халыққа белгілі бір қызметтер көрсету ісінде үкіметтің және коммерциялық саланың әріптесі болып табылатынын мойындаудан шыққан қорытынды. Бұл тұста, аталмыш ҰТҰ болмағанда, ондай қызметті басқа ешкім көрсете алмас еді деп жорамалдаймыз. Мәселен, іскер топтар үшін ақысын төлей алмайтын мұқтаж адамдарға азық-түлік немесе тағам түрлерін ұсыну пайдасыз болары сөзсіз. Алайда, мұның басқа да жолы бар: қайырымдылық ұйымын құрып, соя тағамдарды барынша төмен бағамен, яғни таратушыларға аз ғана ақы төлеуге жететін мөлшерде түсім түсіре (егер бұл

ақы кәсіпшілік есептік құрылымның қызметі, қолданылатын құралдар, тәсілдері, тәжірибелері, ақы алмайтын Үкіметтен Тыс Ұйымдар "жеке волонтерлер ұйымы" (ЖВҰ) деп аталады; бұл олардың басқа да табыс әкелмейтін ұйымдардан ерекшеленіп, одан әрі бөлектенуінің көрінісі болып табылады. Бірақ елдердің бәрі ҰТҰ-ға салықтық жеңілдіктер бере бермейді. Мұндай жағдайда, әрине, табыс әкелмейтін ұйымдардың қызметін ұйымдастыру және оларға қолдау көрсету қиынырақ соғады, өйткені олардың қызметі көбірек қаржыны талап етері хақ.

Әр мәдениетте адамдардың азаматтық қызметке араласуы үшін әртүрлі ынталандыру жолдары қолданылады. Адамдардың азаматтық іс-әрекеттерге араласуын анықтау мақсатында жүргізілген ең бір толық зерттеу -- 1963 жылы Габриел А.Алмонд пен Сидни Вербаның басшылығымен өткізілген; онда төмендегідей, лоббистік емес және үкіметтен тыс ұйымдарда азаматтардың өз еркімен қатысуы сараланған:

**кәсіби одақтар**, яғни өз мүшелерінің жұмыс жағдайларын жақсарту мақсатында құрылған құрылымдар;

**іскерлік ұйымдар**; бұлардың мүшелері жұмысқа әсер ететін жалпы сұрақтарды талқылау үшін жиналады;

**кәсіби топтар**, мәселен, дәрігерлердің, мұғалімдердің т.б. ұйымы; бұлар өздерін қызықтыратын ортақ мәселелерді (өз кәсіптеріне қатысты жаналықтарды, жұмысты қалай жақсартуға болатыны жайлы және т.б. сұрақтарды) талқылау үшін бас қосады;

**бос уақытын бірге өткізу үшін**, мәселен, қосылып ән айту немесе тағам дайындау үшін жиналатын әлеуметтік топтар;

**мұқтаж адамдарға** (мәселен, науқастарға, қарт адамдарға, әйелдерге, жас өспірімдерге, нашакорларға, маскүнемдерге, зардап шеккен балаларға т.с.с.) көмектесетін қайырымдылық топтары;

**діни топтар**, әсіресе, шіркеуге құр барудан басқа да қызмет түрлерін ұйымдастыратын, мәселен, жастарға бірге жиналуға немесе діни әдебиетті қосыла оқуға мүмкіндік беру мақсатында қызмет жасайтын топтар;

**жалпы саяси топтар**, мысалы, қоршаған ортаны қорғау немесе ядролық сынақтар сияқты мәселелерге алаңдаушылық білдіретін топтар және басқа да бірнеше топ.

Авторлар бұл келтірілген тізімдегі кейбір топтардың өз саяси құрылымы және алдына қойған мақсаты бар екендігін, бірақ қалғандарының бәрі толығымен саяси емес ұйымдар екендігін атап көрсетеді. Сонымен қатар әр елде ҰТҰ-ның саясатқа қатысу деңгейі де әртүрлі екендігін ескеру керек.

Алмонд және Верба зерттеу өткізген бес елдің бәрінде (атап айтқанда, бұл елдер мыналар: АҚШ, Англия, Италия, Германия және Мексика) кездесетін бір қызықты жәйт мынау: еркектер әйелдерден гөрі белсендірек болуға бейімірек екен, ал жоғары білімді азаматтар білім дәрежесі төменірек азаматтарға қарағанда саясатқа белсендірек араласады. Зерттеушілерді қызықтырған тағы бір мәселе -- ол волонтерлік ұйымдарға қатысу мен саяси белсенділік арасындағы өзара байланыс. (Бұл арада көзге ұрып тұратын айқын тәуелділік байқалмайды ғой.) Адамның саяси белсенділігі өте жоғары болса да, ол ҰТҰ-ға ешқандай қызығушылық білдірмеуі мүмкін және, керісінше, кейбіреулер бүкіл саналы ғұмырын ҰТҰ-дағы жұмысқа арнаса да, ешқандай саяси мүддені көздемеуі ықтимал екен.

## (5.) Бұқаралық ақпарат құралдары.

Ақпарат азаматтық қоғамның тиісті дәрежеде қызмет етуінің көзі екендігі белгілі. Адамдар өздерін қоршаған әлем туралы қажетті мөлшерде ақпарат алмаса, онда ол туралы өз пікірін пайымдай алмайды. Бұқаралық ақпарат құралдары сонымен бірге түрлі көзқарастарды жария етуге мүмкіндік тудырады, және белгіленген тәртіп бойынша пікір алысуға жағдай жасайды. Теледидар, радио және баспасөз арқылы мүмкін болатын қоғамдық пікірталастың маңызын атап көрсеткеннің артығы жоқ.

Коммуникация немесе адамдардың өзара қарым-қатынасқа түсуі дегеніміз - ақпараттың жеке адамнан не белгілі бір топтан басқаларға жеткізілуі. Бұқаралық қарым-қатынас деп белгілі бір адамдардың немесе топтардың өз ақпараттарын ауқымы мол, гетерогендік және кең жайылған аудиторияға жеткізуін айтамыз. "Бұқаралық ақпарат құралдары" термині бұқаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін пайдаланылатын құралдар мен техникалық құрылғыларға байланысты айтылады. Оған мыналар жатады:

Баспалық бұқаралық ақпарат құралдары - ақпаратты басылған сөздер мен суреттер арқылы жеткізетін жүйе. Бұған газеттер мен журналдар кіреді, және бұл қатарға, әдетте, кітаптардың енгізілмейтінін ескерген жөн, өйткені кітапты жұрттың бәрі міндетті түрде оқиды деп айта алмаймыз. Ал газеттер мен журналдарға әрбір адам қол жеткізе алады. "Интернет" жүйесін де баспасөз құралы деп айтуға болады, өйткені онда жазба сөз пайдалынады. Ал екінші жағынан алсақ, Интернетпен байланыс жасау үшін телефон жүйесінің болуы шарт.

Хабарды кеңінен тарататын бұқаралық ақпарат құралдарына ақпаратты дыбыс немесе бейне сурет арқылы жеткізетін құралдар жатады. Бұл қатарға радио мен теледидар жүйелері кіргізіледі.

Хабарды кең тарататын бұқаралық ақпарат құралдары да, баспасөз де толығымен жеке тұлғалардың есебінен қаржыландырылуы мүмкін. Тұтас алғанда, коммуникацияның мұндай түрлері, негізінен, жазылу, абоненттік төлем, тура шығындар (газет пен журналдарды сатып алғандағыдай), жарнамалық қызмет немесе ерікті қайырымдылық төлемдері арқылы қаржыланады. Кейбір жағдайларда мемлекет не бұқаралық ақпарат құралдарына иелік етеді, немесе сол бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарайтын ақпараттарды белгілі бір дәрежеде өз бақылауында ұстайды. Мәселен, әңгіме теледидар мен радио туралы болса, үкіметтер, әдетте, әуе толқындары мен радиожіліктерді бөлу ісін өз уысында ұстап, қадағалап отырады.

Кейде бұқаралық ақпарат құралдарының жеке қолдарда тұрақтануының салдары жаналықтарды тиісті дәрежесінде таратуға кедергі келтіреді деген пікірлер айтылып жатады. Бұл ретте, мәселен, баспасөзде немесе кейбір басқа бір бұқаралық ақпарат құралдарында орын алған бұрмалаушылыққа иек сілтейді. Сол себептен кейбір адамдар бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік немесе қоғамдық иелік жасау керектігін дәлелдейді. Алайда, бұл мәселенің екінші жағы да бар: кейде үкіметтің өзі-ақ әлдебір фактіні олай-бұлай өзгертіп, өнін айналдырып беруден кет әрі емес; сондықтан, ақпаратты объективті, яғни шынайы және толығымен бұрмалаусыз беру идеясына түпкілікті қол жеткізу мүмкін емес деуге болады. Бұл жерде екі түрлі жамандықтың кішірегін тандап алу үшін мына бір қисынды есте ұстаған дұрыс шығар: егер бұқаралық ақпарат құралдары толығымен тәуелсіз болса, онда бұқараның өзі, нарықтық идея бәсекесі рухына сай, не нәрсенің өтірік - ненің шын екенін өзі-ақ айырып алар деп сенуден басқа амал жоқ сияқты.

## (6.) Дін және этикалық құндылықтар.

Көне заманнан-ақ адамзат баласы біздің түсінігімізден тысқары, бірақ біздің өмірімізді және қоршаған табиғатты билейтін тылсым күштердің бар екенін сезінді. Адамдар оларға табынды, олардан қорықты; оларды құдайға айналдырды және олардан өздерінің қолға алған істерінде көмектесуді, ауырғандарға ем беріп, күш қосуды, қиналғандарға жәрдем көрсететінін өтініп, жалынып-жалбарынды. Адамдардың санасында мұндай құдайлар әртүрлі күйде - кейде қайырымды, кейде құбылмалы, ал кейде тіпті рақымсыз болып - елестейтін. Алайда, олар туралы адамды қандай түсінік билесе де, ол бір нәрсеге кәміл сенетін: адамды жақсылыққа, ал кейде тіпті жамандыққа да (мүмкін, сырт көзге ішкі игі ниеті көрінбейтін де шығар) итермелейтін күш - сол құдай. Адам баласы дүниедегі тірі жандардың ішіндегі өз өлімін күтетін жалғыз тірлік иесі болғандықтан, дін адам өмірінің қажетті бөлігі болып табылады: құдай-тағаланың жоқ екенін дәлелдеуге тырысатындардың өздері де сол арқылы айрықша болса да, діндік идеологияның белгілі бір түрін, яғни құдайдың жоқ екендігін, насихаттайды.

Дәстүр бойынша діннің құрамына әлдебір сенім-нанымдар жиындысы ғана емес, сонымен бірге нақтыланған ғұрыптар жүйесі де кіреді; бұлар адамның сезімдері мен нанымын басқа адамдармен бөлісуге (мәселен, әркімнің өз қабылдауына сәйкес, жоғарғы күштерге, құдайға немесе рухтық жан иелеріне байланысты) онтайлы жағдай тудыру үшін қызмет қылады. Кей мәдениеттерде, әсіресе Исламда, дін адамның бүкіл іс-әрекетінің, өмірінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан дінді адамның қай саладағы болсын - мейлі ол саяси, экономикалық немесе әлеуметтік болсын -- қызмет түрінен ажыратуға болмайды. Адамның барлық іс-қимылы Алла тағаланың өмірімен бағыттталып отырады. Алайда, басқа мәдениеттерде қасиеттілік пен зайырлық, рухани өріс пен күнделікті тұрмыс арасында өдейілеп меже тартылған. Мұндай мәдениеттерде әртүрлі ұлттар мен әртүрлі діни нанымдардың қатар өмір сүруі жеңілрек болары күмәнсіз сияқты көрінеді.

мемлекет болып табылады немесе, тіпті, дінге бейтарап қарайды. Сол сияқты мұндай плюрализмнің себебі философиялық релятивизмнің (бәрін салыстырмалы түрде қарастыратын ілім) әсері деп есептейтін көзқарас та кездеседі. Яғни, егер барлық діндер бір-бірімен "тең" болса, онда олардың бір-бірінен артықшылығы жоқ деп есептеледі. Алайда, бұл қате көзқарас; іс жүзінде әртүрлі адамдарға рухани шындықты әрқилы қабылдауға және сол шындыққа әр түрде табынуға діни нанымның өзіндік маңызын жоққа шығармай рұқсат беруге болады. Адамдарға өз дінін қалай дәріптеуді нұсқамайтын саяси жүйе, сонымен бірге, сол діндердің біреуінің басқаларына қарағандағы пайдасына көбірек айғақ келтірілуін қалағалауы мүмкін. Ал егер белгілі бір дінді ұстанушылар сол дінге байланысты салт-ғұрыптар жүйесін және философиялық идеяларды қабылдап, ал екінші топ басқа жүйені таңдаса, онда, бұл екі топ бір-біріне өз дінін тықпаламауы шарт; сол уақытқа шейін ғана олар өз діни ғұрыптарын қалауынша атқарып, наным азаттығын өткере алады.

Мемлекет діни қызметті қаржыландырған жағдайда (соның ішінде мектептерді де) туындайтын бір мәселеге назар аудару қажет. Егер мұндай шаралар жеке тұлғалардың тарапынан қаржыландырса, онда ешқандай сұрақ тұмайды: әркімнің өз ақшасын қалауынша жұмсауға құқығы бар. Алайда, мемлекет тарапынан ақша шығару орын алса, онда жағдай басқаша: салық төлеушілерді олардың өздері қолдамайтын әрекетті қаржыландыруға мәжбүр етуге болмайды. Мәселен, католиктер еврей мектептері үшін шығынданудан бас тартуы мүмкін, немесе - керісінше. Осы себептен, кейбір мәдениеттерде, мысалы, Америка Құрама Штаттарында, діни мектептерге өз қызметін жүргізу үшін мемлекет тарапынан қандай да болмасын қаржыландыру түрін қабылдауға тыйым салынған. Сондықтан да мемлекеттік мектептерде діни элементтерді енгізуге, мәселен, әдеттегі мектеп сабақтары кезінде дұға оқуға тыйым салынады.

Коммунистік дәуір кезеңінде, бұрынғы кеңестік кеңістік көлемінде тұтастай діни институттарды түбірімен құрту мақсатында ұйымдасқан шаралар жүргізілді. Мұның себебі қарапайым да айқын еді: Карл Маркс пен оның ізбасарлары "діннің халыққа арналған апиын екендігіне" кәміл сенді, дінді халықты езіп-жаншудың жасырын формасы, иллюзия деп түсінді. Маркс ғылымға, материализмге сенді және Жоғарғы Болмыс идеясын қабылдамады. Оның тұжырымы бойынша, бұл идея халықты алдап-арбау үшін және элитаның тарапынан оңай езгіге салу үшін пайдаланылды, олар дінді өздерінің қара басының қамы мен жеке пайдасын, арам пиғылдарын жүзеге асыру үшін, бұқараны үнсіз бағындыру үшін қолданды. Сондықтан, іс жүзінде дін Кеңестер Одағында және оның сателлитерінде (серіктес елдерде) заңнан тыс деп жарияланды. Діндар адамдарды кейде түрмеге салып, тіпті құртып жіберген кездері де болды, оларды еңбек лагерлеріне айдап, жындыханаларға тықты.

Соған қарамастан, коммунистік билік кезеңінде дін өлген жоқ, тіпті, белгілі бір мағынада, жаңадан күштеніп алды десек те болады. Адамдардың көпшілігі тоталитарлық жүйе кезіндегі қиындықтардан құдайға сенген жағдайда ғана өте алатындарын түсінді. Мемлекеттік органдар тарапынан көрсетілген қиямет-қысымдарға қарамастан, өз дінін, сенім-нанымын сақтап қалған көптеген адамдарды - еркектер мен әйелдерді - мысалға келтіруге болар еді. Сонымен бірге, жастардың басым көпшілігі діни білім берудің біршама әлсіреген кезінде тәрбиеленгені белгілі, сол себептен коммунистік басқаруды басынан өткерген жерлерде дәстүрлі діндер әжептәуір дәрежеде зардап шеккеніне күмән келтіруге болмайды. Бұған қарама-қарсы жағдай Батыста орын алды: онда дін басқа себептерден зардап шекті, бұл, атап айтқанда, консюмеризмнің етек жаюы, тұтынымыпаздық пен поп-мәдениеттің басқыншылық әсері. Қалай дегенде де, бүкіл әлем бойынша зайырлық өмір салты кеңінен тарап отыр, бұл, әрине, кейбіреулерді қобалжытпай қоймайды.

Діннің негізгі қызметінің бірі - өмірдің фәнилігін және өзінің шарасыздығын ұғынған пендеге жазмышқа мойынсұну мен жоғарғы күш құзырына бас июден өзге ұсынары - өзі сияқты басқа адамдарға азаматтық тұрғыдан қарауды талап ететін этикалық принциптер рухында тәрбиелеу. Этикалық принциптерді жәй ғана пайдалы әрі қажетті ережелер жиынтығы ретінде ұсынғаннан гөрі, оларды Күдіретті Құдай жолдаған қасиетті бұйрықтар ретінде ұсынған әлдеқайда ықпалды да пәрменді әсер етеді. Адамдар өзгелердің әрекет ету бостандығын өзара сыйластық негізінде, немесе ондай сыйластық екі жаққа да, бүкіл қоғамға да пайда әкелетінін түсінгендіктен сыйлауы мүмкін. Алайда, егер кім де кім аталмыш принциптерді, мәселен, жаңағыдай өзара сыйластықты сақтамағаннан оған келер зиян жоқ деп ұғынса, онда оны қоғам мен басқа азаматтардың мүдделеріне қарама-қайшы келетін әрекеттерден кім тоқтата алады? Ал егер, ол жаңағыдай принциптерді және сыйластықты күдіреті мол Құдайға сенгендіктен және

онын өсиеттерін орындау мақсатында сақтаса, онда мәселе басқа. Соңғы жағдайда, полиция онын жағымсыз әрекетін байқамай қалар деп үміттенсе де, құдайдың назарынан тыс қалудан үміттенбесі анық. демек, ол құдайдың қаһарынан қорыққандықтан да өз тәртібін түзеуге мәжбүр болады.

Құдай адам тәртібін толассыз бақылайтын күштің ролін атқарады деп те айтуға болар еді. Және осы мағынада ол этикалық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді. Алайда, Құдайдың өзі де өркеніетті өмірдің ең басты шарттарының бірі - адамдардың бір-біріне деген сенімін - қамтамасыз ете алмайды. Біз Құдайға кәміл сенсек те, басқа адамдарға сене бермейміз. өйткені олар бізді алдауы, бізге зияндық жасауы, тіпті сатқындық істеуі мүмкін. Өкінішке орай, кейде сенімнің болмауының өзі сенімсіздікті одан сайын өрбітіп, таусылмайтын шырғалаң жолға итермелейді. Адамдар екінші біреулердің өз уәдесінде тұратынына және басқалардың құқықтарына қастандық жасамайтынына сенімі болмаса, онда мұндай сенімсіздік аландаушылық пен дұшпандық көңіл-күйі туғызары сөзсіз.

Сенімді қалай тәрбиелеу керек екендігін көрсете қою онай емес. Дегенмен, бір нәрсені күмәнсіз айтуға болады: жұрттың бір-біріне сенуі үшін қоғамда заңның үстемдігін және диалог пен талқыға салу мүмкіндігін қамтамасыз ететін билік жүйесі жұмыс істеуі шарт. Сенімнің екінші бір маңызды жағы - жеке адамдардың бір-бірімен тығыз да берік қарым-қатынас орнатып және оны сақтай білу қабылеті. Бұл арада адамның білім деңгейі үлкен рөл атқарады; және, сонымен бірге, сөзінде тұру, этикалық нормаларға сай өмір сүру - бұл ұғымға көңіл кендігі, төзімділік және білімге құштарлық сияқты абзал қасиеттер кірері сөзсіз - міне, осының бәрі шынында да әркімге пайда әкелетінін сезінудің маңызы зор.

### *(7.) Жеке алынған елдегі азаматтық қоғам.*

Бұл тарауда үкімет құрамына кірмейтін құрылымдарға, соның ішінде, бұқаралық ақпарат құралдарына, үкіметтен тыс ұйымдарға және тиісті заңдық және нормативтік базаға, мүмкіндігінше толық сипаттама беру қажет. ҮТҮ жүзеге асырған сәтті шараларды мысалға келтірудің маңызы бар. Сол сияқты елдегі азаматтық қоғамның даму тарихын баяндап, ондағы волонтерлік қызметтер дәстүрлерін сипаттау керек; бұл жерде діни нанымдар мен діни институттар тарихына да көз салған абзал, өйткені аталмыш қызмет кейде діни дәстүрлердің өте бір нәзік, көзден таса бөлігі болып табылады.

#### Әдебиет:

Kenneth Janda, Jeffrey M. Berry, Jerry Goldman, eds., The Challenge of Democracy: Government in America. (1989). (Кеннет Джанда, Джеффри М.Берри және Джерри Голдман, "Демократияға қарсылық: Америкадағы үкімет", 1989).

Douglas B. Klusmeyer, Between Consent and Descent: Conceptions of Democratic Citizenship. (1996). (Дуглас Б. Ключмейер, "Келісім мен шабуыл арасында: Демократиялық азаматтықтың концепциялары", 1996).

Gabriel A. Almond and Sidney Verba, The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. (1963). (Габриель А. Алмонд және Сидни Верба, "Азаматтық мәдениет: бес елдегі демократия және саяси қатынастар." 1963).

Dianne Ravich and Abigail Thernstrom, eds., The Democracy Reader: Classic and Modern Speeches, Essays, Poems, Declarations and Documents on Freedom and Human Rights Worldwide. (1992). (Диана Равич және Абигейл Тернстром, сарапшылар, "Демократияның хрестоматиясы: классикалық және бүгінгі сөздер, эссе, поэмалар, декларациялар және адамның бостандықтары мен құқықтары туралы бүкіл әлемнен жиналған деректер" 1992).

Peter Reisenberg, Citizenship in the Western Tradition: Plato to Rousseau. (1992). (Питер Райзенберг, "Батыстық дәстүрдегі азаматтық: Платоннан -- Руссоға дейін", 1992).

John A. Hall, Civil Society: Theory, History, Comparison. (1995). (Джон А. Хилл, "Азаматтық қоғам: теориясы, тарихы, салыстырулар", 1995).

## ҮІІІ. Белсенділік таныту жолдары.

Өмірдің мәнісі - әрекетте. Әрбір адам баласы бақытқа қол созады және әркім өз қабілетін, дарынын, сезіну күшін өз идеалы мен мүдделері жолында іске жұмсағаннан қанағат табады. Бір қызығы, көне грек философтары белгілі бір мағынада бақыттың түпкілікті формасы абсолюттік әрекетсіздікте деп есептеген: олар, мысалы, Құдай толассыз тыныштық жағдайында болады, өйткені ол ештеңені қажетсінбейді деп түсінетін. Бұл мағынада Конфуций ілімінен де кейбір танқаларлық ұқсастық байқауға болады. Және де бұл көзқарастың әлдебір ішкі ақиқатын жоққа шығаруға болмайды: кез-келген әрекет адамның әлдебір қажетін атқару мақсатында жасалатын қозғалыс, ұмтылыс, іздену болып табылады, демек, әлдебір "толымсыздықтың" көрінісі бола алады. Бұл мағынада, әрекет ету дегеніміз - әлденеге қол жеткізу үшін талпыну, өйткені ол қолында болса, адам оны іздемес те еді. Біз жерді өңдеп, тер төге үздігіп еңбектенсек, мұның астарында тамағымызды асырауға деген талпыныс жатыр; ал егер ондай қажеттік болмаса, онда біз белгілі бір мағынада "жетілгендеу" болар ма едік. Алайда, "белсенділік" сөзінің мағынасы тек "жетілгендік" сөзімен қарама-қайшылықта тұрған жоқ, сонымен бірге "әрекетсіздік" ұғымына да қереғар келіп тұр. Әрекетсіз болу дегеніміз әлдекімнің немесе әлдененің құрсауында қалу, өз қолынан ештеңе келмейтін телміруші болу, біреуге тәуелділікте қалу деген мағынаны береді. Бұл тұстан алғанда, белсенділік әрекетсіздіктен қашан да құндылығы жағынан жоғары тұрады сөзсіз. Біреудің қол астында болғаннан гөрі, қайта оны өз уысында ұстаған артық. Мәселенің осы қырын еске алсақ, онда Жоғарғы Күш ең белсенді болып шығады - Ол таза әрекет үлгісі, қандай да болсын бақылаудан ада, таза рух.

Адамдардың күнделікті өмірінде таңдау жетілгендік немесе жетілмегендік арасында тұрған жоқ. Дұрысы, мұндай таңдау, бір жағынан, адамның өзі бағыттап, өзі іске асыратын белсенділігі мен, екінші жағынан, қол қусырып отыратын әрекетсіздігі, үстем (немесе солай деп қабылданатын) күштердің алдында мойынсұнуы арасында жататыны хақ. Егер адам өз тағдырының қожайыны бола алмаса, онда бұл рөлдің басқа біреуге немесе бірденеге көшері сөзсіз.

Көп жағдайда адамдар өздері үшін өзге біреудің шешім қабылдағанын қалайтыны белгілі. Біз көбінесе - кейде әдейі, кейде өз еркімізбен - бізге не істеу керек екендігін өзге біреулердің айтқанын тілейміз, мысалы, олардың әлдебір мәселе жөнінде бізден гөрі білетіні артығырақ екенін сезсек... Біз өз денсаулығымыздың қандай кінәраті бар екенін айтып беруі үшін дәрігерге қараламыз, ал мұғалімдер бізге әлем туралы нені білу керек екенімізді түсіндіреді. Алайда, бұдан адамдар жеме-жемге келгенде, мәселен, әлдебір нақты сұрақ бойынша нақты шешімді кім қабылдайтынын шешу керектігі туса, өз шешімін қабылдаудан бас тартады деген қорытынды шықпаса керек. Біз басқа дәрігердің де пікіріне құлақ саламыз, басқа мұғалімдерді де тыңдаймыз және әртүрлі кітаптарды да оқимыз. Сондықтан белсенділік өмірде өзекті рөл атқарады. Бұл, әсіресе, өздерін "демократиялық" деп санайтын саяси жүйелерде маңызды орын алады, өйткені ол жүйелерде шешімдерді азаматтардың өздері қабылдауы тиіс.

### (1.) Дауыс беруге қатысты құқықтар мен міндеттер.

Демократия жағдайында азаматтарға жүктелетін маңызды жауапкершілік оның азаматтық белсенділік танытуы болып табылады, ал мұның ең төмен деңгейі ретінде дауыс беруді айтуға болады. Дауыс беру саяси құқықтың ең маңызды көрінісі болып саналады және тарихтың соңғы кезеңінде бұл құқық азаматтардың барлығына дерлік, белгілі бір жасқа жеткен - әдетте, 18-ге толған ерлер мен әйелдердің бәріне - бірдей тараған. Бұл тұста олардың этникалық шығу тегі немесе дінге деген көзқарасы еске алынбайтынын да айта кету керек. Кейбір елдерде азаматтық алуан үміткердің сол елдің мемлекеттік тілін меңгеруі талап етіледі, ал эмигранттарға келсек, олардың толық азаматтық алуы үшін сол елде белгілі бір уақыттың көлемінде тұруы, яғни өмір сүруі талап етіледі. Дауыс беру құқығының маңызды бір қыры - оның құпиялылығы, яғни әрбір дауыс беруші азамат өзінің кімге дауыс бергендігін өзінен басқа ешкімнің білмеуін талап етуге құқығы бар және бұл талап, әдетте, заң жүзінде қамтамасыз етіледі де. Десек те, дауыс беру құпиялылығы кейіннен өріс алған құбылыс екендігін ескеру керек, ал кейбір елдерде күні бүгінге дейін бұл құқықтың бұзылуы орын алады немесе оның орындалуына кепілдік берілмейді. Кейде адамдар шынында да бюллетень толтырарда көмек көрсетілуін қажет етеді, бірақ мұндай жағдайда дауыс беру

күпиялылығы сақталатындай тиісті шаралар қолданылмаса, онда, әрине, дауыс беру күпиялылығын сақтау құқығы аяққа басылары хақ.

Дауыс беру күпиялылығына орай әрбір адамның тек қана бір дауысқа иелік ететіндігі туралы мәселе де қозғалады. Сонғы идея отбасылық дауыс беру тәжірибесін қабылдамайды, алайда, іс жүзінде, көптеген елдерде отбасы атынан бір адамның дауыс бере салуы кең таралған көрініс. Адамның онаша дауыс беруі талап етілгенде, оған ешкімнің тарапынан, тіпті отбасы мүшелері тарапынан да, ешқандай ықпал жасалмауы қадағалану керектігі белгілі. Бұл, әсіресе, күйеулерінен өзі үшін дауыс бере салуын сұрайтын әйелдерге қатысты. Бұрынғы Кеңес республикаларының көпшілігінде бұл принцип жанадан енгізіліп отыр; ал кейбір жерлерде -- мәселен, Әзірбайжанның кейбір аймақтарында - 1998 жыл отбасылық дауыс беруге тыйым салған жана сайлау заңдары қабылданғаннан кейінгі әйелдердің бірінші рет дауыс берген жылы болды.

Дауыс берушілердің тағы бір маңызды сайлау құқығына полиция тарапынан, жергілікті және орталық үкіметтік шенеуніктер жағынан қысым көрсетілмеуі жатады. Осыған орай, әдетте, әскери адамдардың сайлау учаскесінің ішінде болмауы талап етіледі, алайда, олардың дауыс берілетін жерден тыс бой көрсетуіне тыйым салынбайтындығымен қоса, кейде олардың сол жерде болуы да керек, әсіресе, әлдекімдердің бұзақылық немесе зорлық көрсетуі мүмкін жағдайларда және сайлаушылар қауіпсіздігін сақтау үшін. Кейбір аймақтарда жергілікті өкімет мүшелерінің де сайлау тәртібін "бақылау" сылтауымен сайлау учаскесінің ішінде жүретін жағдайлар да кездеседі, бұл сайлаушылардың кейбіреуін үрейлендіруі ықтимал, өйткені олар жанағы лауазымды адамдар әлдебір әдіспен олардың кімге дауыс беретінін байқап қалуы мүмкіндігінен сақтануы заңды. Халықаралық сайлау тәжірибелеріне сәйкес, тек сайлау процесінің бөлігі болып табылатын арнайы лауазымды тұлғалар мен жеке адамдар ғана сайлау учаскесінің ішінде болуға құқылы.

Жергілікті бақылаушылардың арасында кандидаттар мен саяси партиялардың өкілдерімен қатар, еш партияда тұрмайтын азаматтар да бола алады. Сайлауға бақылау жасаудың нақты ережелері бар, оларды мұқият орындаған абзал; олардың ішіндегі ең маңызды қағида - сайлау процесіне қандай да себеппен болсын араласуға тыйым салынады. Егер бақылаушылар әлдебір заң бұзушылыққа куә болса, онда оны жазбаша түрде тіркеу және баяндау процедуралары бар. Жергілікті бақылаушылардың сайлауға қатысуы сайлау барысындағы жағымды, оң көрініс болуы шарт және оның сайлаушылардың сенімін арттыратындай етіп ұйымдастырылғаны жөн. Мұндай сенімсіздік туса, демократияға елеулі нұқсан келтіріледі.

Азаматтар еркін де әділ сайлауға құқықты. Олар, сол сияқты, сайлау процесінің бұзылмауын, яғни дауыс сатып алу, сайлау нәтижесін өзгерту, қорқытып-үркітудің немесе дауыс беру қорытындысын басқаша бұрмалаудың кез-келген түріне тосқауыл қойылуын талап етуге құқылы. Дауыс есептеу өте маңызды нәрсе, бұған бейтарап бақылаушылар да міндетті түрде қатысуы керек. Сайлау нәтижелері хаттамаланып, ал ол хаттамалардың көшірмелері сайлау учаскесінде ілінуі және бақылаушыларға таратылуы шарт. Бұл хаттамалар сайлау қорытындысының бұрмаланғанын не шынайылығын айқындауға көмектеседі.

Егер сайлау нәтижелерін бұзу орын алған болса, онда азаматтар сайлау комиссияларына арыздануға құқылы. Барлық сұрақтарды қамтитын сайлау заңы арыздарды қарастыру процедурасын нақты түрде белгілеп, мұндай дау-дамайды шешудің жолдарын нұсқауы қажет. Арыздарды мүмкіндігінше жылдам қарастырған абзал. Алайда, егер нақты бір сайлау барысында сайлау ережелерін бұзу нәтижесінде түпкі қорытындыға нұқсан келтірілмесе (яғни, басқа кандидат сайланбаса), онда, тұтас алғанда, сайлау нәтижелері жоққа шығарылмайды. Әдетте, сайлау барысында орын алған заң бұзушылық қылмысқа саналады.

Дауыс берудің бұзылмауын және дауыс берушінің құқықтарына қол сұғылмауын қамтамасыз ету мемлекеттің жауапкершілігіне жатса, сайлауға қатысу жеке азаматтың жауапкершілігі болып танылады. Кейбір елдерде сайлау нәтижесі жарамды деп саналуы үшін, оған халықтың, яғни тұрғындар санының белгілі бір пайызының қатысуы талап етіледі. Бұл, - егер сайлауға халықтың жеткілікті мөлшердегі саны қатыспаған болса, онда сайланған өкілдерге тиісті мандат берілмейді деген сенімнен туатын талап. Бұл пікірге қарсы уәж айтуға да болар еді: егер әлдекім сайлауға қатыспаса, бұдан ол өзінің көршілері жасаған таңдауға қарсы деген қорытынды шықпауға тиіс. Бұдан ол өзінің көршілерінің немесе өзі үшін таңдау жасаған басқа сайлаушылардың пікіріне сенім артады деген қорытынды шығаруға да болады ғой. Қалай

себеппе кетер өлкер сангауга катысуга тиешт халыктын таныздык көрсеткши төмендеткен ады. Мәселен, Украина 1997 жылгы сайлау реформасы барысында оны 50 пайыздан 25 пайызга шейін түсірді.

## (2.) Саяси қатысу түрлері.

Дауыс беру мен саяси қатысудың басқа түрлері арасында ылғи да тура байланыс бола бермейді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында сайлауға қатысушылардың талап етілетін пайызы төмен болғанымен, саяси қатысудың өте жоғары дәрежесі байқалады. Төменде келтірілген кестеде әр елдердегі саяси науқанға қатысу дәрежесінің салыстырмалы көрсеткіші берілген.

(Human Polity кітабынан кесте, 7.1 тарау, 220 бет).

Жеті ел бойынша саяси қызметтің карапайым түрлеріне белсенді түрде қатысатын азаматтардың үлесі (пайызы) мынадай:

	Австрия	Үндістан	Жапония	Нидерланд	Нигерия	АҚШ	Югославия
Дауыс беру: үнемі дауыс беретіндер	85	48	93	77	56	63	82
Саяси науқандарлағы белсенділік: партия немесе саяси ұйым мүшелері	28	5	4	13	--	8	15
партияда жұмыс істегендер	10	6	25	10	--	25	45
саяси сайысқа қатысу	27	14	50	9	--	19	45
Кауымдағы белсенділік: қауымдастықтың белсенді мүшелері	9	7	11	15	34	32	39
қауымға қатысты мәселелері бойынша жергілікті топпен жұмыс істеу	3	18	15	16	35	0	22
қауым мәселелері бойынша жергілікті топқа көмек көрсету	6	5	5	--	26	14	--
қандай да бір әлеуметтік мәселе жөнінде қауымның лауазымды адамдарымен қарым-қатынастар	3	2	5	7	3	11	--
Жекелеген қарым-қатынастар: жеке бас мәселесі жөнінде жергілікті лауазым иелерімен қарым-қатынастар	15	12	7	38	2	6	20
жеке бас мәселесі жөнінде лауазым иелерімен қауымнан тыс қарым-қатынастар	10	6	3	10	1	6	--
Жағдайлар саны	1769	2637	2657	1746	1799	2544	2995

Бұл категорияларды дұрыс айқындау үшін төмендегі түсініктемелерге көңіл аударалық:

**Саяси науқандарға (кампанияларға) қатысу.**

Бұл партиялық жұмыс оған не оның мүшесі ретінде, не тілектес адам ретінде араласуды қажет етеді. Кейбір партияларға қабылдау ережелері басқалардікінен гөрі қаталдау. Сол себеппен, партия жұмысына, оған мүшелікке өтпей-ақ, қатысуға, мәселен, кейбір партиялық қызметтерді атқаруға болады. Мысалы, ондай адамдар өз көршілері арасында үндеулер таратумен немесе басқа да ақпараттық материалдар



үлестірумен айналыса алады. Олар сол сияқты өз баспанасын жиын өткізу үшін ұсына алады немесе өзі басқа жерде өтетін партия жиналыстарына қатыса алады. Кейбір саяси партиялар бұқаралық саяси тартыстар ұйымдастырады. Сонғылары пікірталасқа арналған жиыннан гөрі, партияның ұстанатын көзқарастарын халық арасына кеңірек жайып, жақтастар санын арттыру мақсатында өткізілетін шараға көбірек ұқсайды. Саяси партиялар сонымен бірге түрлі пікірсайыстар мен сөзталастар өткізуді қаржыландыруы мүмкін. Кейде партиялар арнайы петициялар жинау немесе басқа да, мәселен, референдум өткізу сияқты, саяси шаралар ұйымдастыру ісіне ұйытқы бола алады. Әрине, азаматтардың мұндай бастамаларды қолдауы да, қолдамауы да мүмкін.

#### Қауымдастық деңгейіндегі қызмет.

Адамдардың көпшілігі үшін ұлттық деңгейдегі саясат қол жетпес, көз ұшындағы алыс дүние секілді көрінеді. Олардың күнделікті өмірде көздеріне түсетін нәрселер - жөндеуді қажет ететін жолдар, жиналмай жататын коқыстар, сөндірілуі қажет өрттер, ескіріп-тозған үйлер, күтімді керек ететін ғимараттар. Бұл орайда туындайтын мәселелердің көпшілігі жергілікті деңгейде пайда болады. Демек, олардың шешімін де жергілікті мәселелерді өз ішінен білетін адамдар, алыстағы астанада жүргендерден гөрі, тиімді де оңтайлы жолмен шешері хақ. Сондықтан да көп елдерде азаматтардың жергілікті деңгейдегі белсенділігі басымырақ байқалады.

Жергілікті билік түрлерінің әрқайсысы азаматтардың өз жұмысына әртүрлі жолмен қатысуына мүмкіндік береді. Кейде жергілікті өкіметтің лауазымды мүшелері - мейлі олар сайланған болсын немесе тағайындалсын - халықпен қарым-қатынас жасауға мүдделі болып келеді. Дегенмен, көп жағдайда ондай диалогты тұрғындардың өздері, белгілі бір мәселенің шешімін табу мақсатында, бастауға мәжбүр болады. Кейде мәселені жергілікті деңгейде шешу мүмкін болмайды, ондай жағдайда ұлттық деңгейге шығу қажет немесе бұқаралық ақпарат құралдарынан көмек сұрауға болады. Кейбір азаматтар өздері де газетке жазып немесе ел орталығы - астанаға барып, Парламенттегі өздерінің өкілдеріне жолығуы мүмкін. Міне, қауымдастықтың осы тәріздес белсенділігінің өзі-ақ саяси демократияның нақты көрінісі болып табылады.

**Жеке қатынастар.** Қауымдастық деңгейіндегі мәселелерден басқа, кейде адамдардың жеке басының қиындықтары да-болары сөзсіз. Бірақ бұдан тура сондай қиындықтар басқалардың басына да түспейді деген қорытынды шықпаса керек. Алайда, азаматтар өзінің жеке басының мәселелерін шешу үшін, жұртты жинап, көпшіліктің талқысына сала бермейтіні де белгілі. Кей жағдайда өкімет өкілдеріне немесе белгілі бір мәселемен айналысатын іскер топ өкілдеріне әртүрлі адамдардан бір-біріне ұқсас шағым түсіп жатса, онда олар шешімін таппаған әлдебір мәселенің кенінен орын алғанын түсінері хақ.

Әлбетте, ондай қатынастардың бәрінің шағым түрінде болуы шарт емес. Белгілі бір қиындықты не мәселені шешу мақсатында емес, бірақ ортаның ахуалын жақсарту, адамдарға басқа бір жақсы мүмкіндік беру немесе бір-бірімен шүйіркелесуі және өздеріне ортақ сұрақтар жөнінде пікір алысып, өзді-өзіне пайда келтіруі үшін жағдай туғызу мақсатында қандай да бір шара қолдануға немесе әлдебір іс бастауға болады. Жастар үшін ұйымдастырылатын шаралардың басым көпшілігінің мәні осыған саяды. Экскурсиялар мен саяхаттар ұйымдастыру, қауіпсіздік жолдары және алғашқы жәрдем жасау амалдары немесе осы секілді басқа да қызмет түрлерінің көңіл көтерерлік те, білім берерлік те сипаттары болары анық.

### (3.) Өзіңе және өзгеге жәрдемдес.

Адам қашан да пайдакүнем, сараң келеді, басқа адамдарға рақымсыз, ойлайтыны тек ақша табу деген сықылды теория-сымақтарды жоққа шығаратын талай мысалдарды біз тарихтан да, өмірден де кездестіріп жүрміз. Қайта Өрлеу дәуірінің атакты патшалары керемет өнер шығармаларының тууына игі ықпал жасады; ауруханалар, мұқтаждарға арналған баспаналар немесе шіркеулер мен мешіттер зор көлемде қайырымдылық көмегін қабылдап жатады; мұндай мысалдарды қай елдің де тарихынан көптеп келтіруге болар еді және олар сан қырлы.

Қайыр-садақа беру, басқа сый-сияпаттар жасау - бұл қайырымдылықтың әрекетсіз жүзеге асырылатын түрі. Яғни сыйлаушы тарапынан бұл пәлендей іс-қимылды (сөздің кең мағынасында) қажет етпейді, ол тек өзінде артығымен бар немесе өзіне қажетсіз нәрсені өзгеге ұсынумен шектеледі. Бұл қашан да жоғары бағаланатын іс, өйткені сыйға тартылған ақшаны не затты алғандар оны өз кереміне жаратады, немесе, өз түсініктері бойынша, пайдалырақ іске жұмсай алады. Есесіне, сыйлаушы да әлдебір

ретінде оның аты-жөні ғимараттың маңдашасына жазылып қолы да тажап емес.

Қайыр-садақа беруден басқа, іс-әрекетті қажет ететін қайырымдылық түрлері де болады. Мұның мағынасы - бастаманы өз қолымен іске асыруда: мысалы, бір топ жастар кедей адамдардың тұрмысын жақсарту үшін басқа бір елде (немесе өз елінде, және сол мақсатта) тегін жұмыс істеуге шешім қабылдауын айтуға болады, яки мұны өздерінің бір бөлшегін ұсыну деуге де болады. Олардың таратып беруге ақшалары болмауы мүмкін; немесе олар өздерінің бойындағы жастық күші мен жігерін және уақытын ақшалай немесе басқаша жәрдемге қоса ұсынуы мүмкін. Демек, әрекетті қайырымдылық жеке қатысудан туатын қосымша пайданың болуын мензейді. Және де волонтерден әлдебір қызмет көмек көрген адам, ондай ерікті жәрдемшіден әлденені үйренумен қатар, жана дос табады деуге болады. Волонтер, яғни ерікті көмекші өзі көмектесіп жатқан адамның пайдасын ойлайтыны хақ, әйтпесе ол бұл жолда күші мен уақытын немесе білімін сарп етпес еді ғой. Мұндай қарым-қатынас нәтижесінде туатын достықтың құндылығын айтып жеткізу қиын шығар. Өз кезегінде волонтер де белгілі бір пайда көрері сөзсіз: өзге адамдармен бірге жұмыс істеу қандай да бір тәжірибе қосары анық, оның үстіне ризашылық білдірген адамдар тарапынан сый алуы мүмкін немесе оның қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдары жария етуі ықтимал; бірақ бәрінен зоры -- адамның өз ісінен алар қанағаты, яғни өз қолынан келген жақсылықты сезінуі әрі жана тапқан достары үшін қуаныш.

Көп жағдайда адамдар, денсаулығы және уақыты болып жатса, басқа біреулерге тегін жәрдем берудің жолдарын өздері іздейді, әрі сол арқылы, яғни басқаға қамқорлық жасау, болысу арқылы, өз өміріне мағына қосады. Мәселен, кейбір зерттеулердің нәтижесіне жүгінсек, әлеуметтік жұмыстың әлдебір түріне араласатын зейнеткерлер ондай іске қатыспайтындардан гөрі ұзағырақ өмір сүреді екен және өздерін жақсырақ сезінетін көрінеді. Бұл адамдардың бәріне қатысты ақиқат: өнімді әрі өзгеге игілік әкелетін жұмыс істеу, өзге адамның ісіне қолқабыс жасаудан келетін пайда - қашан да мол, қашан да әсерлі.

Қайырымдылық көмектен өзге де, өзінің ақысыз көмегінді ұсынатын жолдар көп, мәселен, мемлекеттің не үкіметтің тарапынан іске асырылатын шараларға қатысу - осыған жатады. Үкімет, мысалы, ақы төлей алмайтындарға арнап тегін тамақ әлде баспана немесе дәрігерлік қызмет ұйымдастыруы мүмкін. Іс жүзінде, бұл қызметтердің ешқайсысы ақысыз болмайды, тек олар үшін өзге біреулер төлейді. Мәселен, осы жолмен алынатын тауарлар үшін салық төлеушілердің ақшасы жұмсалады. Адамдар бұл секілді шараларды жергілікті өкімет дәрежесінде не ұлттық деңгейде өткізуге шешім қабылдауы мүмкін. Әдетте, өкімет мұндай қызмет пен тауарларды тікелей ұсынбайды. Мұқтаждарға тағамдық сертификаттар, яғни басқаша айтқанда, тағам талондары ұсынылуы ықтимал; баспана салуға не сатып алуға қаржы бөлуі немесе арнайы үйлер беруі мүмкін; соңғы жағдайда үй салған жеке құрылыс фирмаларына ақша өкімет атынан төленеді; ал дәрігерлік көмек үшін төленуге тиіс есеп үкіметтік агенттіктерге жолдануы мүмкін. Әрине, тура сондай жәрдем үкіметтік сектордан тыс, бірақ сол секілді ерікті негізде де көрсетілуі ықтимал. Көп жағдайда мемлекеттік көмекке қоса жеке тұлғалар да жәрдем қоса алады. Мемлекеттік жәрдемнің артықшылығы сол - адамдар, егер оларды ешкім соған итермесе, өз еркімен ештеңе істемеуі мүмкін деген қорқыныш қашан да орын алары сөзсіз. Бұдан шығатын қорытынды: демократиялық жағдайда адамдар... өздерін біреуге көмек көрсетуге мәжбүр ету үшін дауыс беруі мүмкін екен. Мұның өзі сенімсіздеу көрінгенімен, қай-қайсымыз да өмірдің небір қызық та қарама-қайшы жағдайларға толы екенін байқап жүрген шығармыз.

Алайда, адамдардың бәріне - өзгеге де, өзіне де - барынша мол игілік әкелетін қызмет түрі, ол күнделікті, әркімнің өз шамасына қарай айналыса алатын және өз қажеті мен қоғам мүддесін өтейтін, коммерциялық немесе өндірістік қызмет түрлері. Біз өз жұмысымызды атқарғанда, қандай да бір өзгелерге қажет тауар өндіріріміз хақ және сол үшін жалақы аламыз. Содан соң біз ол жалақыны өзімізге керек, бірақ басқа адамдар өндірген тауарды алуға жұмсаймыз. Міне, "нарық" деп аталатын кооперация айналымының мәні осындай. Нарықтық жағдайда біздің атқарып жатқан жұмысымыз біреуге пайда әкеле ме, әлде өзіміздің қара басымыз үшін жасала ма деген сұрақ туындамайды да. Өйткені, біздің атқарған еңбегіміз өзгеге де, өзімізге де ПАЙДА; әрине, аталмыш коммерциялық немесе өндірістік жұмыс өзгенін мәжбүрінсіз істелген жағдайда.

Бұған орай мына бір фактіні келтіре кеткен дұрыс болар: нарықтық капитализмнің әкесі -- Адам Смит (оның "Ұлттардың ауқаттылығы" деп аталатын еңбегі 1776 жылы, яғни АҚШ Тәуелсіздік

Декларациясы жария етілген жылы, басылған еді) -- адамның табиғаты туралы аса бір теріс пікірде болатын. Оның ойынша, адамдардың көпшілігінде нәзік сезімдік қабылет жоқ, олар, негізінен, мүмкіндігінше көбірек "қымқыруға" бейім тұрады. Ол филантропиялық, яғни өзгенің пайдасы үшін жасалатын қадамдар өмірде орын алғанымен, олар аз ғана адамдарға тән сезім деп есептеді. Жалпы бұқара халық туралы А. Смит өте нашар пікірде болды. Солай болса да, ол осы бір дарынсыз, кара басының камын ғана құнттаудан бас көтере алмайтын кара қауымның күнделікті сан мындаған қарым-қатынасы мен өзара әрекетінен, әлдебір "көрінбейтін қолдың" әсерімен, өзге, өз мүшелерін барынша гүлденту мен өркендеуге жетелейтін жана қоғам пайда боларын сезген еді. Бұнын басты себебі мынада: әркім басқаға не қажетірек болса, соны сату керек екенін сезінеді, ал нарық бұл үшін барынша ынғайлы жағдай туғызады. Егер бұл процесс саналы түрде реттеліп отырса, нәтижесі мұншалықты жақсы болмас еді. Бұл мәселе жөнінде кейіннен пікір таластырған ғалымдар мен сарашылар, экономикаға орталықтандырылған бақылау жүргізудің күмәнді болар қарапайым бір себебі -- ұлттық дәрежеде экономикалық шешімдер қабылдаудың қашан да орасан зор қиындық тудыратынында деген қорытындыға келді. Бұл мемлекеттің экономикалық сұрақтармен айналысуын жоққа шығару емес; тек оның нәтижелілігінің шегін мойындау болса керек.

Бұл тұста тағы бір себепке көңіл аударған жөн: мемлекеттік көмектің артында кім тұрғаны қашан да беймәлім. Әлдекім қолына қандай да бір сомаға мемлекеттік чек алса ол ырзалығын кімге білдірерін нақты білмейді де; демек өзіне жәрдем көрсетушімен адамдық байланыс тумады. Ал ерікті көмек көрсетілгенде беруші мен алушының арасында белгілі бір адамдық қарым-қатынас пайда болары сөзсіз. Мемлекеттік қайырымдылық (немесе қолдаушылық) көмегін алған адам әдетте ондай көмекке өзінің толық құқығы бар деп түсінеді; ол көмекті көрсету мүмкіндігі үшін әлдекімнің жұмыс атқарғанын еске алмайды. Мұның өзі де ерікті қайырымдылық рухына теріс әсер етеді, өйткені адамдар көбінесе өз парызын жалақысынан ұсталып қалынатын салықтар арқылы толығымен өтедім деп есептеуге бейім.

Өкінішке орай, "ерікті" сөзінің мағынасы коммунистік дәуір кезінде, халықты ұдайы дерлік егіс даласында немесе заводтарда тегін жұмыс істетіп, олардың көпшілік рухын сынға алған кездерде әбден құнсызданған еді. Және мұндай еркінен тыс атқарылған жұмысты үкімет басындағылар халықтың шынайы көңілімен істеліп жатыр деп сенді. Шындығына келсек, жазадан жасқанғандықтан жасалған жұмысты ешқашан ерікті еңбекпен шатастыруға болмайды. Әрине, мұндай жұмыстан да біреулерге пайда келері мәлім, алайда, оның бағасы қандай? Жақсылық жасау идеясын құнсыздандырып, ерікті бастама концепциясының өңін айналдырып, жайсандық орнына ықтиярсыз кара жұмыс пен жалаң құлдық қалғаннан кім ұтты, кім ұтылды? Әрине, мұндайда ен алдымен адамның адамға сенімі, қоғамға сенімі аяқ асты болары хақ.

Шындығында, өзгелерге ерікті көмек көрсету азаматтық білімнің маңызды қыры болып табылады. "Өркениетті" деп атауға болатын қоғамда өмір сүру үшін, азаматтар өз ортақтастығын сезінуі шарт және жайсандық, қайырымдылық танытуға итермелейтін әлдебір қажеттілікті сезінуі керек. Жақсылық жасаудың, өмірге игі өзгеріс әкелудің сан қилы жолы бар; және, көбінесе, мұндай қадамға адамды бастайтын -- оның ақ көңілі ғана. Дегенмен, көмектің қандай түрі барынша пайдалы, барынша пәрменді деген сұрақ туындауы да заңды. Оған жауап іздеу белгілі бір білім дәрежесін, тәртіпті қажет етеді.

Қандай да бір мақсатқа жетудің, соның ішінде жәрдем берудің, тиімді не онша тиімді емес жолдары болады.

Бұл мәселені шешудегі алғашқы қадам, ол қажеттіліктің жай-жапсарын анықтау мақсатында арнайы зерттеу өткізу болып табылады. Мысалы, бір топ босқындарды баспанамен қамтамасыз ету қажеттілігі туатындай жағдай сезілсе, онда бұл проблеманың көлемі мен табиғатын мұқият зерттеп алған дұрыс. Екіншіден, мәселені шешудің жолдарын анықтап алу қажет. Және де проблеманы шешу жолдарын салыстырғанда, олардың әрқайсысының артықшылығы не кемшілігіне баса назар аударған жөн. Әрине, бұл орайда не тым қымбатқа түсетін, не болмаса басқа да, қосымша, күтпеген, мүмкін тіпті өте ауыр салдарға апаратын амалдардан сақтанған дұрыс.

Үшіншіден, мәселені шешу принципі айқындалғаннан соң, оны іске асырудың барынша әсерлі жолдарын қарастыру кезегі туады. Егер алдымен қаржы жинастыру керек болса, онда осыған кіріскен жөн: басқа адамдар тарапынан, мейлі ол мемлекеттік қызметшілер болсын немесе іскер адамдар әлде басқа да ынталы тұлғалар болуы мүмкін, қысқасы кімнен қанша және қандай көмек талап етілетінін қағазға түсіру керек: және, сосын, осы істі жүзеге асырудағы өзінше тиісті жұмыс бөлігін қолға алып, мүмкіндігінше саналы түрде онымен істеу керек. Көбінесе қажеттілік болса, оны қолға алуға болмайды. Бұл мәселе туралы

скеуінде жүзеге асыруға тура келері ықтимал, әреулер өздерінің қолынан жақсы келетін жұмыс жағын басшылық етсе, басқалар, өздерінің білімі не шеберлігіне сай жұмыстың өзге бөлігін жауапкершілігіне алуға тура келуі ықтимал.

**Көсемдіктің екі түрін айыруға болады: авторитарлық және демократтық.**

**Авторитарлық көсемдік** негізінен басқаларға нұсқау беріп, олардың не істеуіне жөн сілтеу; көп жағдайда бағынышты адамдардың жеке пікірі ескерілмейді де. Бұл ылғи да жаман деп айтуға болмайды; мұндай жолды көп жағдайда ата-аналар пайдаланғаны орынды, әсіресе, балалар өздері үшін ненін жақсы екенін айыра алмайтын шағында. Сол себепті көсемдіктің мұндай түрі патернализмның (өкелік қамқорлық мағынасында) бір түрі деп қарастырыла алады. Адамдар дәп осындай көсемдікті қажет ететін кездер де болады: кейде олар қиын шешім қабылдағаннан гөрі, жауапкершілікті басқа біреу алып, өзгелер үшін әлдебір шешімге келгенін іштей қалауы мүмкін. Мұндай рөлді аса жиі атқарғандардың бірі -- корольдер, сондықтан да олар -- және басқа да ұлттық көсемдер -- өз билігі кезеңінде ұлт "атасы" ретінде сипатталады. Әлбетте, бұл тұста авторитарлық көсем өз бодандары мен бағыныштылары туралы қам жеп, солардың мүддесі үшін әрекет етеді деп есептеледі. Әрине, мұндай ойдың көп жағдайда ақтала бермейтіні де тарихтан мәлім.

Көсемдіктің басқа бір түрі -- демократиялық көсемдік. Демократиялық көсемдер өзіне бағынышты адамдардың пікірімен қашанда санасады; алайда көсем ретінде ол түпкілікті және баршаға міндетті шешімді өзі қабылдайды; және, --аса маңызды жәйт-- олар өз шешімдерінің нұқсансыз іс жүзінде орындалуын қадағалайды. Соңғы функция негізінен басқармалық әрекет, сондықтан бұл жағдайда нақты мақсатты дұрыс белгілеудің маңызы аса зор.

Қоғамдық пікірді есепке алудың демократиялық мағынасы зор және бұл өте күрделі жұмыс. Парламенттік ақылдасу жүйесінде ерекше процедуралық ережелер болуы мүмкін; олар мына себептерден жүзеге асырылады: (а) тәртіп сақтау мақсатында; (ә) әркімге өзінің көзқарасын білдіруге қандай да бір мүмкіндік беру үшін; (б) тиімділік мақсатында, яғни уақытында қандай да бір шешімге келу үшін; (в) басымдылықты анықтау мақсатында; және (г) көпшілікті қанағаттандыратын шешімді тұжырымдау үшін.

Қоғамдық пікірді анықтаудың парламенттік процедуралардан өзге де жолдары бар. Олардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі ретінде қоғамдық пікірді сұрастыруды атауға болады. Дұрыс ұйымдастырылған, яғни сұрастырылатын адамдар еркін (кездейсоқ) түрде және олардың саны жеткілікті мөлшерде тандалуын қамтамасыз етіп, социологиялық ережелерге сай өткізілген жағдайда, сұрастыру халық пікірін дұрыс қадағалауға жол ашады; бұл тұста, әрине, оларға беймәлім жағдайларды да, пікір қайшылығын да, және дүдәмал мәселелерді мұқият ескерген жөн.

Алайда, өзге жанға жәрдем бергеннен де маңызы төмен емес, қолымыздан келетін тағы бір мәселе бар, ол өзіміздің-өзімізге қолқабыс етуіміз, яғни, басқаша тұжырымдасак, өзімізді бақытты етерліктей жағдайды өз қолымызбен іске асыру. Бұл сөздің құлаққа оғаштау естілуі мүмкін, өйткені адам, әдетте, "өзіне-өзі көмекке" келу туралы көп ойланбайды ғой. Өйткені ол *өзі* ғой. Десек те, өмірде тағдыр әуенін орындай алатын айрықша бір аспап ретінде көзге елестетуге боларлық әлдененің бар екені рас. Басқаша айтсақ, адам өз тағдырын өзі жетелей алады, бұл үшін ол өзінің күш-жігерін, рухани пәрменін, яғни, тағдыр әуенін орындайтын аспаптарды, өзі билеп, өзі бағыттап білуі шарт. Философтар кейде адамның өз алдындағы міндеті туралы айтады, сірә, ондай міндеттің өзектісі -- өз бақытына қол жеткізуге ұмтылу болса керек. Және де өз өміріннің зор құндылығын сезінуге талпыныс жасаудың бірден бір жолы десек те болар.

Біз әрқайсымыздың, яғни кез келген жеке адамның қаншалықты танқаларлық құбылыс екеніне зер салғанда, бойымыздағы күш-қуаттың сұлулығын түйсінгенімізде, қоршаған ортаны бар болмысымызбен сезінгенімізде -- бұл әлемнің қатал жүзін, қаскөй әлпетін де қоса түйсінеміз. Тағдыр әр адамның басына әртүрлі тауқымет түсіруі мүмкін: ол не тәндік, - жоқшылық пен ауру сияқты; не сезімдік, - қорқыныш пен уайым тәрізді - (соңғыларының негізінде тәндік себептер жатуы ықтимал), сипат алуы мүмкін. Алайда, қандай қиыншылық алдымыздан тосса да, ең бастысы біздің оларды қалай қарсы алатынымызда; соған орай өзіміз де шынығып, жетіле түсетініміз, яғни даналық жолында ілгері басарымыз хақ.

#### (4.) Сауал қою.

Азаматтық білім негіздеріне арналған оқулықты өзімізді қоршаған және адам өмірінің өзегін құрайтын, һәм ылғи да өзгерісте болатын саяси, экономикалық және әлеуметтік орта туралы көбірек білу үшін сауал қоюдың маңыздылығын ерекше атап өтумен тәмамдағаннан артығы жоқ шығар. Сауал қою да кейде онайға түспейді; сені бір түк білмейтін хабарсыз адамға балай ма деп, немесе дәкір, тіпті дәрекі санар деп жүрексінетін жағдайлар болады. Шындығында, мұнда еш өрескелдік жоқ, қайта біздің әрқайсымыз сұрақ қойған адамды айыптамай, оған мүмкіндігінше қолдау көрсететіндей әдептілікке үйреніп, айналамызда сондай мәдениеттің орын алуына ықпал жасағанымыз жөн. Егер сауал қоюдан бас тартсақ, онда әлденеге үйрену мүмкіндігінен де айырыламыз. Рас, бізге ақпаратты бетпе-бет кездеспей-ақ, дискетаға не қағазға түсіріп ұсынуы мүмкін, немесе әлдебір фактілерді есте сақтауымызды сұрауы мүмкін әлдекімдердің, бізге нені білгеніміздің, және, тіпті нені білмегеніміздің абзал екенін нұсқауы мүмкін. Ондай материалдардың қай-қайсысында да белгілі бір дәрежеде шындық болары сөзсіз. Алайда, бұлардан бөлек, адамның өзінің несібесін, табиғаттан тиген жеке қызығушылығын, білім құмарлығын да ұмытпайық. Өйткені, адам жанының осы өзекті қасиеті ұстаздарымызға оқытудың тиімді жолдарын нұсқаумен бірге, бізді не нәрсеге де жана көзбен қарауға итермелейді әрі жана жолдар мен идеялардың ұрығы болып табылады. Сол себептен, өз қызығушылығымызды, білімге, жанаға деген құштарлығымызды қанағаттандырудың, өзімізбен өзіміз қалып бұйыға бермей, өзгелермен қарым-қатынасқа ұмтылудың маңызы зор. Сауал қойып әдеттендесек, біз әрекетсіз ізбасушы ғана болып қалмақпыз. Адам баласы өз ортасын белсенді де зер сала зерттеу артықшылығына ие. Мұның нәтижесі де, сөз жоқ, тамаша болары хақ.

##### Әдебиет:

Kay Lawson, The Human Polity: An Introduction to Political Science (1989). (Кей Лоусон, "Басқарудың адамзаттық түрі: Саясат ғылымына кіріспе", 1989).

Peter Berger and Richard Neuhaus, To Empower People: From State to Civil Society (1996). (Питер Бергер және Ричард Нойхаус, "Адамдарға өкілдік беру: Мемлекеттен -- азаматтық қоғамға дейін", 1996).

Adam Smith, The Wealth of Nations (1776). (Адам Смит, "Ұлттардың аумақтылығы", 1776).

#### **Қорытынды: Арнайы жобаларға арналған идеялар.**

Төмендегі жобалар қолдарыңыздағы оқулық ұсынған тақырыптардың кез-келгені әрі қарай, тереңірек зерттеуден тұруы мүмкін және ондай зерттеудің мақсаты қосымша ақпарат алуда ғана емес, әр ел мен әр кезеңдерді өзара салыстырып саралауға және оқушыларға өз түсініктемесін ұсынуға жол ашады.

Өз елінің нақты саяси құрылымын зерттеу; оқушылар бұған қосымша нақты проблемаларды қарастырып, олардың үкіметтік органдар тарапынан қалай шешіліп жатқандығына талдау жасауына болады. Бұл, мысалы, сайлау науқаны кезіндегі арыздар, жарғыларды және қылмыстық тергеулерді талдау.

Оқушы қауымдастық деңгейінде не нәрсенің өзекті бола алатынын айқындауына болады. Біріншіден, ондай проблеманы анықтап алу қажет; ал оны шешу мәселесіне келгенде, қауымдастық мүшелерімен және бұқаралық ақпарат құралдарымен ақылдасуға болады, немесе оның шешімін нұсқайтын басқа амалдарды қарастыру керек.

Оқушы бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланудың техникасын және қауымдастық мәселелерін шешу жолдарын зерттеуіне болады.

Оқушылар арнайы топтық жобаға қатысып, мысалы, үкіметтен тыс шағын ұйым құруды қолға алып, оның алдына қойылған мақсатты қоғамдық қолдауды қамтамасыз ету арқылы және қажетті құралдарды қарағанда пайдалану арқылы жүзеге асырумен айналысуына болады.

Оқушылар "модельдік сайлау өткізуді" ұйымдастырып, саяси процесске араласуды үйренуіне болады. Бұл тәрізді жобаларға IFES өз тарапынан қосымша көмек көрсете алады.

## ЖИИ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЯСИ—ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ.

**Авттаркия** — елдің шаруашылық жағынан окшаулану саясаты; тұйық, өзін-өзі камтамасыздандыруға бағытталған экономика құру.

**Автократия** — бір адамның қолында жоғары биліктің шексіз шоғырлануы; соған негізделген саяси билік жүйесі.

**Авторитаризм** — жеке-дара билеп-төстеу; биліктің диктаторлық әдістеріне сүйенетін мемлекеттік құрылым.

**Авторитарлық**— 1) Билеп-төстеуге негізделген; диктаторлық; 2) өз билігін, өктемдігін, беделін орнатуға ұмтылатын.

**Адаптация** — организмнің сыртқы орта жағдайларына бейімделуі;

**Азаматтық қоғам** — азаматтардың партия, кәсіподақ, кооперативтер сияқты әртүрлі бірлестіктері адам мен мемлекет арасында байланыс жүргізіп, мемлекеттің жеке адам құқықтарын аяққа баспауын қадағалайтын қоғам.

**Альтруизм** — риясыз көңілмен өзгенің жағдайын ойлау, жақсылық жасау, кейде тіпті өз мүддесін елемей, өзгенің камын жеу.

**Апартеид** — Оңтүстік Африка Республикасында орын алған, жергілікті Африка халқын (және Индиядан көшіп келгендерді) нәсілдік тұрғыдан *дискриминациялау*; оларды азаматтық құқығынан айырып, арнайы *резервацияларға* көшіру; жүріс-тұрысын шектеу, *геноцид* жасау. Ақ азшылықтың мүддесі үшін жүзеге асырылды.

**Апелляция** — сот шешімінің жоғарғы инстанцияда қайта қаралуын талап етіп, шағымдану.

**Апологет** — әлдебір ілімді, идеяны т.с.с. ымырасыз қолдаушы адам.

**Аскет** — дүние қызықтарынан ерікті түрде бас тартып, ең керектімен қанағат қылатын адам.

**Аспект** — әлдебір зат, құбылыс, түсінікке байланысты қалыптасатын белгілі бір көзқарас аясы.

**Ассамблея** — кейбір халықаралық ұйымдардың басшылық органдарының атауы; кейбір елдердегі парламенттің немесе оның бір палатасының атауының құрамдас бөлігі.

**Ассоциация** — одақ, бірлестік; ортақ шаруашылық, саяси, ғылыми, мәдени немесе басқа да бір мақсатта бірігіп әрекет жасау үшін ұйымдасқан жеке тұлғалар, мекемелер, ұжымдар, өндіріс орындарының бірлестігі, одақтастығы.

**Баға** — тауардың ақшалай белгілен құны.

**Бартер** — төлем ретінде ақшаның орнына басқа тауарды не қызметті ұсыну негізінде іске асырылған нарықтық қарым-қатынас түрі.

**Бизнес** — түсім түсіретін экономикалық қызмет; табыс немесе басқа пайда беретін кез-келген іс.

**Билль** — Ұлыбритания, АҚШ және ағылшынша сөйлейтін басқа да бірқатар елдерде заң шығарушы органдардың қарауына ұсынылатын заң жобасы; сол сияқты бірқатар заңдардың атауы.

**Биржа** — құнды қағаздар немесе валюталар сатылатын және сатып алынатын мекеме.

**Блок** — мемлекеттер, партиялар, қоғамдық ұйымдар немесе басқа топтардың қосыла әрекет жасау мақсатында бірігуі, келісімі.

**Блокада** — соғыс немесе басқадай халықаралық қақтығыс барысында әлдебір елді басқа әлемнен бөліп тастау мақсатында қолданылатын әскери және (немесе) экономикалық шаралар жүйесі.

**Бойкот** — әлдебір жеке тұлғалармен не мемлекетпен қарым-қатынастарды толығымен немесе белгілі бір мөлшерде доғаруға негізделген саяси және экономикалық күрестің бір түрі. Біреуге белгілі бір талапты не міндеттемені орындату мақсатында оған қатысты міндеттен не әрекеттен бас тарту; жазалау немесе қарсылық ретінде әлдекіммен байланысты үзу.

**Бюджет** — 1) мемлекеттің, мекеменің, кәсіпорынның әлдебір мерзім арасындағы кірісі мен шығынын қағазға түсіру; 2) жеке тұлғаның не отбасының белгілі бір уақыт аралығындағы кірісі мен шығыны.

**Бюллетень** — *сайлау б.* — кандидат(тар)дың аты-жөні жазылған сайлауға арналған парақша.

**Ватикан** — римдік-католиктік шіркеудің діни-әкімшілік орталығы; Папаның (католиктік шіркеу басшысы) резиденциясы; Рим қаласы аумағында орналасқан *теократиялық* қала-мемлекет.

**Вердикт** — үкім.

**Волонтёр** — ерікті, әскери қызметке өз еркімен келген адам.

**Волюнтаризм** — адамның еркін тіршіліктің ең жоғарғы приципіне балап, оны ақыл-ойдан жоғары қоятын философиялық, идеалистік бағыт; тарихи дамудың объективтік заңдарын, шынайы жағдайларды және мүмкіндіктерді есепке алмай, жөн-жосықсыз шешім қабылдау принципі.

**Вотум** — көпшілік қабылдаған шешім.

**Гарант** — әлдененің іске асырылуына кепілдік беретін мемлекет, мекеме не жеке тұлға.

**Гарантия** — кепілдік, әлдененің орындалуын, жүзеге асуын қамтамасыз ету шарты.

**Гетерогендік** — құрамы жағынан біркелкі емес, әр тектес.

**Геноцид** — халықтың, тұрғындардың әлдебір тобын нәсілдік, ұлттық немесе діни негіз бойынша жою, құрту.

**Гетто** — қазіргі уақытта: *дискриминацияланған* яғни азаматтық құқықтары кемсітілген ұлттық азшылықтар тұратын қала аудандарын белгілеу үшін пайдаланылады.

**Гоминьдан** — Қытайда 1912 жылы Сунь Ять-Сеннің басшылығымен ұйымдастырылған, ұлттық-демократиялық, прогрессивтік, феодализмге және империализмге қарсы күрескен және елді парламенттік республикаға айналдыруды мақсат тұтқан партия.

**Гомогендік** — құрамы бойынша біркелкі.

**Гуситтер** — Чехия халық бұқарасының католиктік шіркеуге, феодалдық езіп-жаншуға және шетелдік агрессияға қарсы күресіне қатысқандар; чех халқының ұлттық батыры және *Реформацияның* идеологы Ян Густың ізбасарлары.

**Дебат** — пікірталас, белгілі-бір мәселені талқыға салу.

мен теңдігі заңдар жүйесі арқылы орнатылған және іс жүзінде жүзеге асырылатын саяси құрылым; халық билігі.

**Деспотизм** — абсолюттік және заңсыз билік.

**Децентрализация** — орталықсыздандыру; орталықтың ықпалын шектеу, азайту; жергілікті орындарға өз еркімен шешім қабылдап, әрекет ету мүмкіндігін беру.

**Дисбаланс** — тепе-теңдіктің бұзылуы.

**Дискриминация** — азаматтардың белгілі бір топтарын олардың нәсілдік немесе ұлттық нышандарына қарай жеке бас құқықтарынан айыру немесе кемсіту.

**Диссидент** билеуші идеологияға қарсы адам; мемлекет саясатына белсенді түрде қарсылық білдіруші.

**Доктрина** — ілім, көзқарастар, принциптер жүйесі; саяси қызметтің өзегін, басты негіздемесін айқындайтын формула.

**Идентификация** — объектілерді салыстыру, анықтау, тану; әлденелердің теңдігін, біркелкілігін мойындау.

**Идеология** — қоғамның, әлеуметтік топтардың түпкілікті мүддесін білдіретін саяси, құқықтық, әдептік, діни, эстетикалық, рухани идеялар мен көзқарастар жүйесі.

**Иерархия** — төменгі шендер мен лауазымдардың жоғарыларға бағыну тәртібі.

**Имам** — құдайға құлшылық ету барысында алда тұрушы, діни жетекші; мұсылман қауымының басшысы.

**Императив** — адамға жағдаяттар немесе моральдік заңдар тарапынан қойылатын талап.

**Импичмент** — қызметтен аластату және әлдебір құрметті, ресми немесе пайда әкелетін қызмет істеуге тыйым салу.

**Инаугурация** — салтанатты түрде қызметке кірісу рәсімі.

**Инвестиция** — пайда табу мақсатында әлдебір бастамаға, іске, жобаға ұзақ мерзімге капитал (немесе мүліктік яки интеллектуалдық құндылықтардың кез-келген түрін) салу.

**Индикатор** — әлденені өлшеу үшін қолданылатын құрылғының кез-келген түрі.

**Инновация** — жаңашылдық; техника мен технология буындарының алмасуын қамтамасыз ететін экономикаға қаржы құю; ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің нәтижесі болып табылатын жаңа техника мен технология.

**Интеграция** — жақындасу, өзара әрекет жасау, қоян-қолтық ынтымақтастық.

**Интерактивті** — адам мен компьютердің диалог тәртібі; пайдаланушының сұрауына компьютерлік жүйеден бірден жауап түсумен сипатталатын өзара қарым-қатынас әдісі.

**Интерпретация** — әлдененің мағынасын түсіндіру, айқындау; әлдебір мәтінге түсініктеме беру; өнерде — қандай да бір көркем туындыны өз ұғымы, шеберлігіне сай орындау.

**Инфляция** — тауарлардың бағасы өсіп, ұлттық валютаның сатып алушылық құны төмендейтін мерзім (құбылыс) аясы.

**Канон** — сенушілердің бәріне ортақ және міндетті жалпышіркеулік норма.

**Кантон** — Франция мен Швейцариядағы әкімшілік-аумақтық бірлік.

**Квинтэссенция** — бірдеңенің өзегі; мән-мағынасы; ең маңыздысы, бастысы.

**Квота** — әлдененің бөлігі, үлесі, нормасы немесе мөлшері; сан жағынан шектеулер.



**Коалиция** — ортақ мүддеге қол жеткізу мақсатында бірлесе қимыл жасау үшін мемлекеттердің, саяси партиялардың, кәсіби және басқа да ұйымдардың келісімге келуі; одағы, бірлестігі.

**Кодекс** — адам өмірінің не қызметінің белгілі бір саласына қатысты заңдар жиынтығы.

**Кодификация** — елдің заңдарын құқықтың жеке салалары бойынша бір жүйеге біріктіру; әлдебір ережелерді, баптарды, белгілеулерді жүйелеу.

**Кокус** — АҚШ-та заң шығарушы билік аясында партиялардың бірігуі; Ұлыбританияда — бұл парламенттік партиялар.

**Коллаборационистер** — 1939-1945 жылдары гитлерлік Германия басып алған аумақтарда неміс-фашист басқыншыларына қызмет еткен адамдар.

**Коммерциализация** — әлдебір жерде не істе коммерциялық, нарықтық қатынастарды енгізу; сауда-саттық, коммерциялық негізге көшу.

**Компиляция** — өзіндік емес, өзгелердің шығармаларын пайдалану арқылы құрастырылған құрама әдеби еңбек.

**Конвергенция** — қарама-қайшылықтарды бәсеңдету, жақындасу, қосылу процесі.

**Конгломерат** — 1) әр тектес дүниелерді (түсініктерді, заттарды, құбылыстарды) жөн-жосықсыз қоса салу; 2) экон. әр саладағы мекемелердің, өндірістердің бірігу формасы.

**Консенсус** — белгілі бір мәселе бойынша өзара түсіністікке және өзара әрекет жасауға мүмкіндік беретін ортақ не ұқсас бағдарлардың болуы; сол негізде келісімге қол жеткізу.

**Консерватор** — консервативтік яки ескіден тұрақталып қалған, дәстүрлі көзқарастарды ұстанушы; ескі немесе дәстүрлі қалыпты, жағдайды жақтаушы, жанашылдыққа қарсы адам.

**Консолидация** — әлдебір күштердің ортақ мүдде үшін күресті ұлғайту мақсатында бірігуі, топтасып-нығаюы.

**Консьюмеризм** — 1) тұтынушылардың құқығын қорғау мақсатындағы қозғалыс; 2) тұтынушылық тауарларды өмірдегі ең маңызды құндылық деп есептейтін материалистік көзқарас.

**Конфискация** — сот шешімі не әкімшілік акті бойынша жеке адамның мүлкін мемлекет пайдасына ырықсыз және төлеусіз түрде тәркілеу.

**Конфронтация** — қарама-қарсылық; әлеуметтік жүйелердің, таптық мүдделердің, саяси-идеялық принциптердің қарама-қайшылығы, қақтығысы.

**Концепция** — көзқарастар жүйесі; әлдебір құбылысты не процесті белгілі бір көзқарасқа сай түйсіну, қабылдау; әлдебір шығарманың, ғылыми еңбектің өзекті идеясы, біртұтас, келелі ойы.

**Концессия** — мемлекеттің немесе муниципалдық өкіметтің қарамағындағы жер учаскелерін, пайдалы кен орындарын немесе өндірістерді белгілі бір шарт негізінде ірі ұлттық не шетелдік монополияларға пайдалануға беру туралы келісім-шарт.

**Координация** — үйлестіру; құзырына алу; бір сәйкестікке келтіру (ұғымды, әрекетті, организм қызметін).

**Коррупция** — лауазымды адамдардың өздеріне сеніп тапсырылған қызмет бабын, құқықтары мен биліктерін жеке басының пайдасы үшін жұмсауына, пайдалануына саятын қылмыстық әрекет.

**Космополитизм** — "адам - әлем азаматы" деген жалған ұран желеуімен ұлтжандылықты,

... дегенімен, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас жасауға кітабы, т.с.с. дегенімен негізгі ереже-уағыздары жазылған діни кітап.

**Ландтаг** — 16-17 ғғ. кейбір неміс княздықтарындағы жергілікті өкімет органдары; бүгінгі күні кейбір елдерде (Германия, Австрия) жергілікті өкілетті органдар.

**Легитимация** — әлдебір құқықтың не өкілеттіктің заңдылығын мойындау немесе растау.

**Легитимность** — заңдылық, заңды мағынасында.

**Лейбористы** — ағылшынның оңшыл социалистік партиясы; *консерваторлармен* қатар ағылшын империализмінің қос партиясының бірі.

**Либерализация (бағаны либерализациялау)** — бағалардың нарықтық экономиканың заңдарына сай, тауар шығарушылардың өзара бәсекесі және тауарға сұраныс пен ұсыныс негізінде еркін түрде қалыптасуы.

**Либерализм** — "классикалық" либерализм — әр адамның негізгі құқықтары болуын және олар заң жүзінде қорғалуы қажеттігін талап ететін концепцияға негізделген саяси ілім.

**Лидер** — көсем; бастаушы. Саяси партияның, қоғамдық ұйымның басшысы, жетекшісі.

**Лоббизм** — парламент мүшелерінің белгілі бір жобаны қолдап дауыс беруін қамтамасыз ету мақсатында ықпал жасайтын топтарды ұйымдастыруға бағытталған саясат.

**Лояльдық** — өкімет органдарының заңдарын, ережелерін, және талаптарын мүлтіксіз орындау; өнегелілік, бейтараптық, қандай да бір орайсыз, ұнамсыз әрекетке бармаушылық.

**Мәжіліс** — Қазақстан республикасының заң шығарушылық қызмет атқаратын жоғары өкілеттік органы — парламенттің екі палатасының бірі (төменгі).

**Мажоритарлық жүйе** — сайлау нәтижесін анықтайтын жүйелердің бірі; бұл жүйе бойынша кандидаттардың ішінде ең көп (салыстырмалы не абсолют түрде) дауыс алғаны жеңеді.

**Макроэкономика** — экономиканың кең ауқымды және жалпылама, мысалы, елдің барлық табыстары мен инвестицияларының арақатынасы сияқты мәселелерді зерттейтін экономика саласы.

**Манипуляция** — қолмен әлдебір күрделі жұмысты орындау; күйтырқы әрекет; бұқара санасына белгілі бір идеяны сіңіру мақсатында оған бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен идеологиялық және рухани-психологиялық ықпал ету әдістері мен амалдарының жүйесі.

**Маркетинг** — табысты арттыру үшін, тұтынушылардың тауарлар мен

қызметтерге мұқтажы мен талғамын алдын-ала сұрастырып зерттеу арқылы өнеркәсіптің қызметін нарық талабына сай ұйымдастыру және жетекшілік ету жүйесі.

**Метафизика** — 1) диалектикаға қарама-қарсы ойлау, түйсіктеу әдісі: болмыстық көріністерді олардың ішкі байланысы және дамуына орай емес, керісінше, бір-біріне байланыссыз, бөлек, жеке-дара қарастырады. 2) әлдебір жерексіз, ойша жорытылған, сол себепті түсініксіз, күңгірт нәрсе. 3) болмыстың жоғары сезімдік принциптері туралы философиялық ілім (болмыстың рухтық алғы шарттары, т.с.с.)

**Микроэкономика** — экономиканың жеке салаларын, бөліктерін зерттеу; мәселен, нақты бір компанияның ішкі баға саясаты.

**Минимизация** — шығынды азайту мақсатында әлдебір процеске қатысушы элементтер санын азайту не олардың арасындағы байланыстарды жеңілдету, оңайлату.

**Муниципалитет** — жергілікті сайланбалы өзін-өзі басқару органы.

**Нарықтық баға** — сатып алушылар алуға, ал өндірушілер тауарымен нарықты жабықтауға ынталы болатындай баға деңгейі.

**Нарықтық экономика** — тауарлық шаруашылыққа негізделген және әркімнің кіммен де болсын келісім жасау әрі өз тауарына бағаны еркін белгілеу мүмкіндігін ескеретін адамдардың экономика саласындағы бір-бірімен ынтымақтасу, өзара әрекеттесу тәсілі.

**Национализм** — ұлтшылдық, ұлтжандылық; белгілі бір ұлттың мүддесін басқалардың мүддесінен жоғары қою және оны қорғау.

**Новаторлық** — жаңашылдық; әлдебір процеске жаңалық әкелу арқылы алға тарту.

**Номенклатура** — 1) ғылым, өнер, техника және т.с.с. салаларда пайдаланылатын терминдер мен атаулардың тізімі не жиынтығы; 2) тағайындалуы немесе бекітілуі жоғары тұрған органдардың құзыретіне қарасты болатын лауазым иелерінің шеңбері (көбінесе коммунистік режим тұсындағы жоғарғы партия мүшелері мен билік иелеріне қатысты айтылады)

**Олигархия** — азшылықтың билігі; саяси билік қоғамның ең ықпалды бөлігінің, ат төбеліндей аз ғана топтың қолында болатын режим.

**Оппозиция** — көпшіліктің пікіріне қарсы шығу немесе көпшіліктің кеңінен етек алған, үстемдік етуші көзқарасына қарсы келу, сол сияқты заң шығарушы, партиялық әлде басқа құрылымдардағы үстем пікір мен көзқарастарға қарсы шығу; сондай қарсылық көрсетуші адамдар не топтар.

**Оппонент** — баяндамаға не диссертацияға сын айтушы тұлға.

**Ортодокстық** — андай да бір ілімнің принциптерінің бастапқы немесе жалпылай қабылданған тұрпатын бұлтартпай орындаушы, қолдаушы.

**Охлократия** — тобырдың билігі.

**Өкілеттік** — біреуге әлдебір нәрсені істеу үшін берілген құқық. Занды не заңсыз болуы мүмкін; заңсыз өкілеттік жәй ғана билік формасы; заңды өкілеттік заңға сүйенеді.

**Панацея** — кез-келген ауруға қарсы дәру; нендей қиындықтан да құтқаратын құрал.

**Панегирик** — 1) көне гректер мен римдіктерде — ата-бабалардың ерлігі, халықтың айбындылығы мақтан етілетін жалынды, патриоттық сөз; 2) біреуді орынсыз, аузының суы құрығанша мадақтау.

**Парламенттік монархия** — халық өзі сайлаған заң шығарушы орган заң қабылдау мәселесінде бүкіл өкілеттікке ие болып келетін монархия түрі.

**Парламенттік республика** — парламенттің үстемдігімен сипатталады; үкіметті парламенттік сайлауда жеңген партияның көсемі құрайды және өз қызметі үшін парламент алдында жауап береді.

**Партикуляризм** — саяси шашыранқылық, бөлінушілік, даралауға әуестік; мемлекеттің әлдебір бөлігін, жерін бөліп әкетуді көздейтін қозғалыс.

**Партикулярлық** — жекелеген, бөлек, дара.

**Партиципация** — әлденеге қатысу; этникалық партиципация - бұрын тұтас этносты бөлшектеу, нәтижесінде пайда болған жаңа этностардың ешқайсысы өзін бұрынғы тұтас этносқа толық жатқызбайды, яғни мойындамайды.

**Пассаж** — кенет жағдай, тосын уақиға; ғажайып жәйт, істің насырға шабуы.

**Пацифизм** — 20 ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан халықаралық соғысқа қарсы қозғалыс; соғыстың кез-келген түріне қарсы.

**Плебисцит** — жалпыхалықтық дауыс беру, *референдум*.

көзқарастардың қатар өмір сүруі және өзара әрекет етуі; мемлекеттің оларға өз мүдделерін білдіру бостандығын қамтамасыз етуінің негізінде жүзеге асырылады.

**Популизм** — бұқара арасында өз әйгілігін негізсіз, орындалуы екіталай уәделер арқылы ұлғайтуға бағытталған іс-әрекет.

**Праймеризм** — АҚШ-та: бір партияға жататын сайлаушылардың өз кандидатын ұсыну мақсатындағы сайлау алдындағы жиналысы; АҚШ президентінің бастапқы, штаттар бойынша сайлауы.

**Преамбула** — ресми құжаттарда— әлдебір халықаралық құжаттың, заңның, заңдар жинағының кіріспе, түсіндірме бөлігі.

**Президенттік республика** — мемлекет басшысы президент болып табылады және оның үкіметті құру құқығы бар; президентті халық сайлайды және ол халық алдында жауапты.

**Префект**—қазіргі заманда кейбір мемлекеттерде жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктердегі орталық үкіметтің өкілі; Францияда — қала полициясының бастығы; Ватиканда — *конгрегация* басшысы.

**Преференция** — жеңілдік, артықшылық; мәселен, халықаралық келісім бойынша елдер арасындағы сауда-саттықты ұлғайту мақсатында берілетін сауда жеңілдіктері.

**Прецеденттік құқық**— сот тәжірибесіндегі құқық, ол бұрынғы шығарылған соттық үкімдерге сүйену арқылы қалыптасады.

**Приватизация** — мемлекеттік мүлікті еңбек ұжымдарына, акционерлік қоғамдарға немесе жеке азаматтар меншігіне сату, беру.

**Приоритет** — әлденеге көбірек құқықты болу; артықшылық.

**Провайдер** — жабдықтаушы, жеткізіп беруші.

**Протекционизм** — *саяси*: ұлттық экономиканы шетелдік бәсекелестерінен қорғау мақсатында мемлекет тарапынан қолданылатын шаралар жүйесі; негізінен шетелдік тауарларға шектеу қойылу арқылы жүзеге асырылады.

**Радикал** — түбірлі, батыл, кесімді шараларды қолдайтын немесе сондай көзқарастарды ұстанатын адам; түпкілікті өзгерістерді талап ететін радикалдық партияның мүшесі.

**Радикализм** — саясатта батыл шаралар мен әрекеттерге талпыну.

**Ратификация** — жоғарғы биліктің үкімет не оның өкілдері қол қойған халықаралық келісімді бекітуі.

**Репатриация** — түрлі себептермен өз елін тастап кетуге мәжбүр болған соғыс тұтқындарының және азаматтардың қайтып оралуы; эмигранттардың қайтып келуі және олардың азаматтық құқықтарын қалпына келтіру.

**Респондент** — қоғамдық пікірді зерттеу қызметтерінің ұйымдастыруымен жүргізілетін тандап сұрастыру барысында сауал қойылатын адам.

**Реституция** — соғыс барысында соғысушы мемлекет қарсыласының территориясынан заңсыз басып алып, алып кеткен мүліктерді қайтару; қалпына келтіру.

**Референдум** — әлдебір маңызды мемлекеттік яки қоғамдық мәселе бойынша баршаның ерік білдіруі (дауыс беру немесе сұрастыру арқылы).

**Рецессия** — экономикалық гүлдену кезеңдерінде орын алатын іскерлік белсенділіктің біршама төмендеуі; әсіресе, *депрессиядан* кейін кеңінен етек жаяды.

**Регионализм** — әлдебір аймақтағы (региондағы) бір-бірмен экономикалық, саяси және әскери байланыстағы бірнеше мемлекеттің бірігу саясаты.

**Саға** — кең мағынада — аңыз.

**Сайлауға түсу** — өз кандидатурасын сайлауға ұсыну; әлдебір сайланатын қызметтен, лауазымнан үміткер ретінде сайлауға түсу.

**Санкция** — жоғары *инстанцияның* әлденені бекітуі, шешімі, рұқсаты; ресми келісімді бұзуға қарсы қолданылатын шара.

**Сателлит** — формасы бойынша тәуелсіз, бірақ іс жүзінде өзге, өзінен зорырақ мемлекетке тәуелді мемлекет; біреудің айтқанынан шықпайтын адам.

**Саяси элита** — мемлекетті басқару тізгінін қолында ұстайтын, қоғамға саяси билік ету ісін тікелей атқаратын топ (қоғамның белгілі бір бөлігі).

**Саясаттану (Политология)** — саяси ғылым; саяси қарым-қатынас салаларын (қоғамның саяси жүйесін, әлеуметтік жүйелер, таптық мүдде мәселелерін, идеялық-саяси принциптерді) зерттейтін қоғамдық ғылым.

**Сегментация** — бірденені бөлшектеу.

**Секуляризация** — зайырлық жағдайға көшіру, (мәселен, мектепті шіркеуден бөліп алу).

**Сертификация** — өнімнің белгілі бір талаптарға, нақты стандартқа немесе техникалық шарттарға сай екенін құжат арқылы растау.

**Силлогизм** — *дедукция* тәсілімен пайымдау; алғыр, күйтұрқы, адамды жаңылдыратын дәлелдемелер.

**Спонсор** — демеуші — әлдебір шараға қаржы бөлетін фирма, мекеме, ұйым немесе жеке тұлға.

**Сұраныс** — тұтынушының белгілі бір орында және уақытта әлдебір тауарды не қызметті сатып алуға ниеті немесе мүмкіндігі.

**Стагнация** — экономиканың тұралауы және өндірістің құлдырауы жұмыссыздықтың және инфляцияның ұдайы жоғарылауымен қабаттасатын экономикалық құбылыс, жағдай.

**Статус** — құқықтық қалып, жай-күй, жағдай.

**Статус-кво** — белгілі бір мезетте орын алып отырған, қалыптасқан саяси, құқықтық немесе басқа жағдай; термин көбінесе сондай бір жағдайды сақтап қалу немесе қалпына келтіру қажеттігі туралы әңгіме болғанда қолданылады.

**Стратегия** — *саяси*: қоғамдық, саяси күреске басшылық ету өнері.

**Стратификация** — қоғамның және оның жеке қабаттарының әлеуметтік құрылымы; әлеуметтік жіктелудің, теңсіздіктің белгілер жүйесі.

**Субсидия** — мемлекет тарапынан жергілікті өкімет органдарына, фирмалар мен жеке азаматтарға көрсетілетін қаржылай көмек.

**Соттық прецедент** — белгілі бір соттық іс бойынша бұрынырақта қабылданған және кейіннен сол тәріздес істерді қарастырғанда басқа соттарға үлгі боларлық соттық шешім.

**Теология** — діни ілімнің жүйелене берілуі, баяндалуы.

**Технократия** — 20-ғасырда пайда болған, қоғам ғалымдар, инженерлер, техниктер (технократтар) ойлап тапқан рационалдық принциптер негізінде реттелуге тиіс және билік саясаткерлерден технократтар мен басқарушыларға (менеджерлерге) көшу керек деп есептейтін қоғамдық ой бағыты.

**Тауар** — айырбас (акшалай не заттай) үшін өндірілген өнім.

**Толеранттық** — өзгелердің пікіріне және сенімдеріне шыдамдылықпен қарау.

**Тоталитаризм** – өмірдің бүкіл салаларына абсолюттік бақылау жүргізетін мемлекеттік құрылым.

**Трансценденттік** – оймен, ақылмен пайымдауға мүмкін емес, әлдебір аядан тыс жатқан.

**Ұлттық табыс** – елдің бүкіл халқының еңбекақы, рента, пайыз және табыс ретінде алған табыстарының түгелдей сомасы, жаппай қосындысы; қайта құрылған құн (тауарлар мен қызметтер).

**Униаттар** – Римдік католиктік шіркеудің құрамына кіретін шығыс шіркеуінің мүшесі, Рим Папасын дін мәселелерінде жоғарғы тұлға ретінде мойындайды, бірақ өз салт-ғұрпын, тәртібін сақтайды.

**Ұсыныс** – өндірушінің нарыққа ұсынатын тауар не қызмет мөлшері, көлемі; белгілі бір баға дәрежесінде өзіне тиімді болуы үшін қандай мөлшерде шығару керек екенін өндіруші өзі шешеді.

**Факсимиле** – қолжазбаны не құжаттың тура көшірмесін қандай да бір жолмен дайындау; дәлме-дәл көшірме.

**Фальсификация** – әлденені қолдан жасау, шынайы затты жалған, жасандысымен ауыстыру.

**Фетиш** – соқыр наным бойынша табыну объектісі.

**Филантропия** – қайырымдылық іс, мұқтаждарға болысу, жәрдем көрсетушілік.

**Флуктуация** – бөлшектердің көп санынан тұратын жүйені сипаттайтын шаманың оның орта көрсеткішінен кездейсоқ ауытқуы.

**Хунта** – ұйым, жиын; әскери төңкерістер кезінде – уақытша үкімет ролін атқаратын басшылар бірлестігі; әскери *реакциялық террористік* топ.

**Централизм** – жергілікті мекемелердің (органдардың) жоғары тұрған органдарға бағыныштылығына негізделген, басқару (немесе ұйымдастыру) принципі; және жүйе бұл тұста орталықтан басқарылады.

**Цивилизация - өркениет** – қоғамдық дамудың және материалдық мәдениеттің сатысы, деңгейі, дәрежесі.

**Іскерлік белсенділік циклі** – экономикадағы өрлеу және құлдырау кезеңдері; іскерлікке ыңғайлы және керісінше, ыңғайсыз, тұстар, кезеңдер.

**Шариғат** – Құранға негізделген мұсылмандық ережелер жинағы.

**Эвфемизм** – тұрпайы немесе әдепсіз мағынаны жұмсарту беру.

**Эгалитарлық** – жаппай теңдікке негізделген; теңгермешілдік.

**Экспансия** – әлденені өзінің бастапқы шегінен асыру, ұлғайту; қандай да бір мемлекеттің өзінің басқа елдерге ықпал ету аясын ұлғайту саясаты және сол мақсатта бөтен территорияларды басып алуға дейін баруы.

**Экспроприация** – мемлекет билігімен жүргізілетін мүлікті, меншікті еріксіз түрде тәркілеу; ақысыз не ақылы түрде болуы мүмкін.

**Экстремизм** – саясатта немесе әлдебір идеяда шектен шығатын көзқарастар мен іс-әрекетке әуестік.

**Электорат** – сайлаушылар, таңдаушылар (дауыс берушілер).

**Эмансипация** – құқық теңестіру, тәуелділіктен, ескішіл нанымдардан арылу.

**Эскалация** – бірдеңені кеңейту, ұлғайту, күшейту.

Эссе – философиялық әдеби- сыни, публицистік көркем шығарма жанры; әдетте еркін, кең, өзіндік ерекшелігі айқын байқалатын авторлық мәнермен баяндалады.

Этатизация – қоғам өмірінің барлық салаларына мемлекет ықпалының тарауы, молаюы.

Юрисдикция – азаматтық, қылмыстық және басқа істерді қараудағы сот органдарының құзыреті; мемлекеттің немесе мемлекеттік мекеменің құзырына қарайтын сұрақтар аясы.

Юриспруденция – заңдық тәжірибе мен заңдық шешімдер теориясы.

Юстиция – әділет жүйесі, сот; соттық мекемелер жүйесі.

*Басылымға дайындаған:*



Халықаралық сайлау  
жүйесінің қоры  
Международный фонд  
избирательных систем

Қазақстан Республикасы 335863,  
Алматы, Гоголь көшесі. 87 үй, 34 пәтер.

*Жәнеде:*

Халықаралық Даму жөніндегі  
Американдық Агетстваның,  
қолдауымен баспадан шығарылды.

Қазақстан Республикасы, 480091,  
Алматы, Фурманов көшесі, 99/97 «А» үй.